

Панорама КҚК



«Каспий Құбыр
Консорциумы-Р» АҚ



«Каспий Құбыр
Консорциумы-Қ» АҚ

Каспий Құбыр Консорциумының корпоративті басылымы

№ 4 (15) желтоқсан 2016 жыл



*Жаңа
жылмен!*

Осы нөмірде:

Ұжым мен әріптестерді Жаңа жылмен құттықтау • 1 бет / Күзгі марафон-2016 • 5 бет / КҚК Акционерлерінің келісіміне – 20 жыл • 6 бет / Техникалық аспект: СМРА жобасы: жаңғыртудан – инновацияға! • 10 бет / Мұнайшылар әулеті • 28 бет / Спорт пен сұлулық мерекесі • 34 бет / Біз КҚК жобасы аясында кездестік • 48 бет

КҚК: сенімді өрлеу мен даму

Жаңа жетістіктер жолында

Ерен еңбектеріңіздің арқасында мүмкін болған жетістіктер

Даму консорциумы

Күзгі марафон – 2016

КҚК Акционерлерінің келісіміне – 20 жыл

КҚК-ның тұңғыш президенті

СМРА жобасы: жаңғыртудан – инновацияға!

Рокки Кинг: «Менің тәжірибем КҚК-ға керек»

Мұнайшы болу – бақыт

Тарихы терең білім ордасы

Мұнайлы Грозный еді білім берген...

ГМУ: кеше мен бүгін

Мұнайшылар әулеті

Ең мықты ЖОО

Бала денсаулығы – басты назарда

Спорт пен сұлулық мерекесі

Аққыстаудағы қоныстой

Біздің компания – игі істер бойынша көшбасшы

Ерекше есімдерді ести жүрейік

Көзіңмен көргенге не жетсін

Үндістанның алтын үшбұрышы

Біз КҚК жобасы аясында кездестік

Таңдау еркі

1

2

3

4

5

6

8

10

18

20

23

24

26

28

31

32

34

36

38

40

43

44

48

49



КҚК: сенімді өрлеу мен даму



Құрметті әріптестер мен достар!

Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын. Біз өтіп бара жатқан жыл ішінде КҚК-ның Кеңейту жобасын жүзеге асыра, Теңіз-Новороссийск құбырмен мұнай тасымалдай, оларды Теңіз терминалында танкерлерге тиеп, табысты еңбек еттік.

Консорциум құбыры арқылы мұнай тасымалдау көлемі 45 миллион тоннаға артса, келер жылы, акционерлеріміздің тапсырысына сай, бұл көрсеткішті 60 миллион тоннаға жеткізуді көздеп отырмыз. Бүгінгі таңда біздің жүк жөнелтушілеріміз Ресейдегі Филановский атындағы және Қазақстандағы Қашаған кен орындарын нәтижелі игеріп жатыр. Құбырдың өткізу мүмкіндігін арттыру арқылы Консорциум Каспийдегі мұнай өндірілетін маңызды

орталықтардың дамуына белсенді ат салысып отыр.

Қазірдің өзінде Консорциумның құбыр жүйесі жылына 52 миллион тонна мұнайды айдай алады. Теңіз терминалының барлық нысандары, ББО мен Резервуарлы паркті қосқанда, толықтай дайын. Күзде А-МАС-4 іске қосылды. Ал МАС-8, А-МАС-4А, А-МАС-3А, МАС-5-ті мұнаймен толтыру мәресіне жетті. Сондай-ақ, А-МАС-3А-ны техникалық жабдықтау монтажы да аяқталса, МАС-2-де құрылыс жұмыстары қарқынды жүруде. 2017 жылдың үшінші тоқсанының аяғы мен төртінші тоқсанының басында құбыржелісін кеңейту жұмыстарының бәрі тәмамдалады.

КҚК-ның алты елдің 11 акционерінің басын біріктіруі – халықаралық

табысты ынтымақтастықтың жарқын үлгісі. Компаниямыз Жобаның барлық қатысушылары үшін заманауи технология және тәжірибе алмасудың бірден бір мектебі болды десек қателеспейміз. КҚК заңның барлық талаптарын мұлтіксіз орындай отырып, қауіпті өндіріс нысандарын салу мен пайдалануда әлемнің ең озық тәжірибелерін еңгізіп қана қоймай, еңбекті қорғау, өндірістегі қауіпсіздікті сақтау, қоршаған ортаны қорғау аясында жақсы нәтижелерге қол жеткізді.

Жаңа жылда ойлаған мақсаттарыңызға жетіп, бастаған істеріңіз берекелі болсын! Шын жүректен Сіздерге зор денсаулық пен бақыт тілеймін! ■

Николай Горбань,
КҚК-ның Бас директоры

Жаңа жетістіктер жолында



Құрметті әріптестер!

«Транснефть» ЖАҚ басшылығы мен ұжымының атынан Сіздерді Жаңа жылдарыңызбен құттықтаймын! Өткен жылдың аясында Кеңейту жобасының маңызды міндеттері өз шешімін тапты. Консорциумның құбыр желісі жүйесінің жаңа Басқару орталығы іске қосылды. КҚК Теңіз терминалындағы резервуарлы паркін құрылысы толықтай аяқталды. А-МАС-4 іске қосылды және бірнеше сорғы станцияларының құрылысы аяқталуға жақын қалды.

Жаңа нысандардың іске қосылуының арқасында, Консорциум Теңіз – Новороссийск құбыр жүйесін пайдалану тарихында шикізатты тұңғыш рет рекордты көлемде тасымалдап, акционерлерінің барлық талаптарын орындап, көңілдерінен шықты. 2016 жылдың күзінде Консорциум қуат күшінің

арқасында Қашаған кен орны мен ресейлік Филановский атындағы кен орнынан мұнай қабылдауға ертерек кірісіп кетті. 2017 жылы Кеңейту жобасын аяқтаған соң Консорциумның құбыр жүргізу жүйесінің жобалық қуаты жылына 67 миллион тонна мұнайға шығады. Бұл Ресей және Қазақстандағы мұнай өндірушілердің экспорттау мүмкіндіктерін айтарлықтай көбейтеді. Ал Каспий болса континенттегі маңызды өндіріс ошағына айналады.

Мұнай тасымалдау саласындағы Сіздердің әріптестеріңіз ретінде Каспий мұнай құбыры желісі Консорциумының әлемдік аренадағы маңызды рөлін мақтанышпен айтып жүреміз. Бүгінде КҚК Мұнай тасымалдаушылар халықаралық ассоциациясы жұмысына белсене кірісуде, әрі халықаралық тәжірибе алмасу


бағдарламалары мен кәсіби байқаларға тұрақты түрде қатысады.

Консорциумның әрі қарай жоспарлы дамуы - қызметкерлердің жұмысқа жаңа күш-жігермен кірісіп, қызметке жан-тәнімен берілгендерін талап етеді. Әсіресе осы ретте КҚК акционерлері мен басшылығының, қатардағы қызметкерлерінің талай жылғы іскерлік қабілеттері мен жинақталған еңбек тәжірибелерін тиімді пайдаланып, өз міндеттерін мүлтіксіз орындағандарын көру – біз үшін де қуаныш.

КҚК-ның барша ұжымына Жаңа жылда жаңа табыс тілеймін! Жанұяларыңыз бен жақындарыңызға денсаулық, бақыт, амандық тілеймін! ■

Николай Токарев,
«Транснефть» ЖАҚ Президенті,
Басқарма төрағасы

Ерен еңбектеріңіздің арқасында мүмкін болған жетістіктер



Қымбатты әріптестер!

Сіздерді КҚК-ның негізгі қызметі мен Кеңейту жобасының аясында нәтижелі әрі үздік кезеңдердің бірі болған биылғы жылды табысты аяқтауларыңызбен құттықтаймын! Біз бірқатар объектілер құрылысының аяқталуы мен іске қосу шараларын мақтанышпен айтып келеміз. Атап айтқанда, А-МАС-4, А-МАС-4А, Теңіз терминалындағы 7,9-10 резервуарлары және «Атырау» мұнай айдау стансасындағы екі мұнай есептеу торабы сынды объектілер.

Тамыз айындағы қысқа мерзімді үзіліс кезінде түрлі нысандарда жүйенің қызметін ең жоғары деңгейге жеткізуде үлкен көлемдегі жұмыстар атқарылды. Қашаған және Филановский атындағы кен орындарының игерілуі басталған кезде, қараша айында, мұнайды

Новороссийск қаласына тасымалдаудың күнделікті мөлшері рекордтық көрсеткіш - 1145 баррельге жетті. КҚК жүйесі барлық жүк жөнелтушілердің көрсеткен көлемдерін, яғни мұнай мөлшерін еш кедергісіз тасымалдауды камтамасыз етті.

Бірінші кезекте әлемдегі ең жоғары деңгейдегі көрсеткіштерге сай келетін өндірістегі қауіпсіздік шараларына баса назар аударатындарыңызды мақтан тұтамын. Бұл жетістіктерде Сіздердің әрқайсыларыңыздың зор үлестеріңіз бар. Сол үшін де Сіздерге деген ризашылығым шексіз. Осы ретте күнделікті кездесетін көптеген күрделі мәселелердің оңтайлы шешімін тиімді таба алатын Бас жетекші ретінде Николай Горбань мырза мен барша КҚК басшылығына алғысымды білдіремін.

КҚК-Р Директорлар Кеңесінің төрағасы міндетін атқару мен үшін үлкен мәртебе. КҚК-ның дамуына үлес қосып, өңірдегі көшбасшы компаниялар ретінде танылуына атсалысып жүрген Консорциумның директорлар кеңесінің мүшелеріне және акционерлеріне бірлесіп атқарған қызметтері үшін алғысымды айта, компанияның барлық өкілдерін Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын.

Жаңа жылда баршаңызға бар жақсылықты тілеймін.

Рождество мерекесі құтты болсын! Аман болыңыздар! ■

Эндрю МакГран,
«Шеврон Нефтегаз Инк»
Президенті, КҚК-Р Директорлар
Кеңесінің төрағасы

Даму консорциумы



маңызды көрсеткіштер бірден бір дәлел. Халықаралық байқаулардағы сіздердің жеңістеріңіз - біздің құбыр жүргізуші қазақстандық мамандардың саланың әлемдік көшбасшылары деңгейіне көтерілді деп мақтануымызға мүмкіндік береді.

Қазақстан сіздердің аймақтық әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға қосқан үлестеріңіз бен көрсеткен қайтарымсыз қайырымдылық көмектеріңізді, сонымен қатар 2017 жылғы еліміздің басты оқиғасы – ЭКСПО-2017 көрмесінің жұмыстарына демеуші ретінде қатысып жатқандарыңызды жоғары бағалайды.

Жаңа жылда КҚК-ның барлық қызметкерлеріне мықты денсаулық, бақыт және шаңырақ шаттығын тілеймін. Сіздердің жеткен кәсіби шыңдарыңызға қарап, келе жатқан 2017 жылы КҚК қазіргі жүйесіне жаңа нысандардың қосылуын аяқтап, толық жобалық қуаттылыққа шығады деп сенеміз. Жаңа жылдарыңызбен! ■

Қанат Бозымбаев,
Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі



КҚК басшылығының Қазақстан Республикасының Энергетика министрімен кездесуі

Ардақты әріптестер!

Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы кезінде Консорциум құру идеясы туындап, бүгінде сәтті жүзеге асқан Каспий құбыр консорциумы үшін 2016 жыл өте маңызды кезеңдердің бірі болды.

КҚК-ның қазіргі құрылымының негізі осыдан 20 жыл бұрын, 1996 жылы 6 желтоқсанда қаланған болатын. Сол тарихи сәттің арқасында әлемнің жетекші энергетикалық компаниялары мен үш мемлекеттің өзара түсіністік пен теңдік қағидаларына негізделген ынтымақтастық туралы келісімінің нәтижесінде айтулы жетістіктерге қол жеткізіп, Каспий мұнайын әлемдік нарыққа шығару мүмкін болды.

Алдымыздағы 2017 жылды сіздер әдеттегідей жоғарғы көрсеткіштермен бастағалы отырсыздар. Отандық көмірсутекті экспортқа шығару әлеуетін арттырып, болашаққа деген сенімін одан әрі нығайта түсетін, көптен күткен кеңейту жобасын аяқтап қалдыңыздар.

Биыл 17 қазанда Қашаған мұнайын қабылдап, осылайша өз аттарыңызды мұнай өндірісі тарихында қалдырдыңыздар. Бұл жерде NSOC мұнай өндіруші компаниясымен қатар сіздердің де үлестеріңіз зор. Өйткені, Консорциум

көмірсутегінің қосымша көлемін қабылдауға арналған кеңейту жобаларына қажетті нысандардың барлығын дер кезінде дайындап үлгірді.

Сіздер жеткен жетістіктердің барлығы да жоғары кәсіби біліктіліктің көрсеткіші. Бұған тікелей операциялық қызметтердің есептік көрсеткіштерінен бөлек, қауіпсіздік техниканың деңгейі, құбыр желісі жүйелерінің пайдалану коэффициенті және өндіріс көлеміне байланысты экологиялық төлемдердің салыстырмалы арасалмағы сияқты

Күзгі марафон-2016

ҚАРАШАНЫҢ БАСЫНДА ҚАШАҒАНДА МҰНАЙ ӨНДІРУДІ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ДЕҢГЕЙГЕ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚҰБЫР ЖЕЛІСІ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЖЕТТІ ҚУАТ ПРОФИЦИТІН ДАЙЫНДАУ ШАРАЛАРЫ ЖҮРІП ЖАТТЫ.



Қазақстандағы А-МАС-4-тегі қызметтік кеңес

КҚК Бас директоры Николай Горбань 15 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Қанат Бозымбаевпен және «ҚазМұнайГаз» Басқарма төрағасы Сауат Мыңбаевпен кездесу барысында Консорциумның Қашаған мұнайын айдауға толық дайын екендігін мәлімдеді.

Николай Горбань 2016 жылғы 17 қыркүйекте Қазақстанға іс сапарымен келген кезде, құрылыс жұмыстары жүріп жатқан станцияларды аралап көрді. А-МАС-4 станциясында барлық ҚМЖ аяқталғаны және технологиялық құбыр желілерін толтыруды бастауға әзірлігі туралы баяндалды. Мердігерлер болса МАЖ жүйелерінің барлығын кешенді сынақтан өткізу жұмыстарын 15 қазанға дейін аяқтаймыз деп уәде беріп, сөздерінде тұрды.

Қашаған кен орнынан мұнай КҚК жүйесіне қазанның орта шенінде келіп жетті. «Құбыр желісі жүйесінде қажетті қуат профициті уақытылы жасалды. Біз Акционерлердің барлық тапсырыстарын орындауға дайынбыз», – деді Консорциумның Бас директоры.

2016 жылғы 31 қазанда Теңіз терминалында қайта жөндеуден кейін

КҚК мұнай құбыры жүйесінің бас басқару орталығы ашылды. Енді барлық технологиялық үрдістерді бір уақытта 3 маман тәулік бойы жаңа диспетчерлік консольдарда бақылап отырады. ББО ғимараты заманауи құрылғылармен, соның ішінде SCADA жедел бақылау және мәліметтер жинау жүйесімен жабдықталған.

8 қарашада «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов пен «Каспий құбыр Консорциумы-Қ» АҚ Бас директорының Қазақстан Республикасы Үкіметімен байланыс жөніндегі орынбасары Қайыргелді Қабылдин ынтымақ-



ХМТА қатысушылары «Сазхаломбатта» МӨЗ-да

тастық туралы меморандумға қол қойды. Астана ЭКСПО-2017 ұлттық компаниясының басшысы Ахметжан Есімов аталмыш компанияның алда өтетін көрмеге қатысуының аса маңыздылығын атап өтті.

15-16 қарашада Николай Горбань Будапештте өткен Халықаралық мұнай тасымалдаушылар ассоциациясы басқармасының (ХМТА) VI отырысына қатысты. ХМТА қатысушылары энерготімділік, құқықтық мәселелер мен жеткізу мәселелері бойынша тұрақты сарапшылар топтарының жұмыс

қорытындыларын және алдағы екі жылға жоспарларды талқылады.

ХМТА қатысушылары тәжірибе алмасу аясында «Сазхаломбатта» МӨЗ-да болды.

– Біз мұнай және мұнай химиясын қайта өңдеу бойынша ауқымды шаруашылық, мұнай мен мұнай өнімдерін айдайтын екі үлкен диспетчерлік орталықты көрдік. Мұндай сапарлар қажет әрі пайдалы деп санаймын. Біз тәжірибе алмастық, кейін өзімізде де қолдануға болатын мәліметтерді алдық, – деді Николай Горбань.

2016 жылғы 19 қарашаға қарағанда КҚК құбыр желісі арқылы 350 мың тоннадан астам Қашаған мұнайы айдалды. Мәжілістегі «Үкімет сағаты» кезінде кен орнынан 400 мың тонна шикізат өндірілгендігі туралы айтылды. Бұл шараға орай КҚК өкілдерінің қатысуымен «Қазақстанның мұнай-газ секторының дамуы» атты көрме ұйымдастырылды. Қайыргелді Қабылдин атап өткендей, Консорциум бүгінгі таңда кеңейту жобасын аяқтауда. Бұл үшін Қазақстан аумағында А-МАС-4 салынды, А-МАС-3А болса 2017 жылдың екінші жартысында іске қосылады деп жоспарлануда. ■

Павел Кретов



ББО қайта жөндеуден кейінгі ашылуы

КҚК Акционерлерінің келісіміне – 20 жыл

1996 жылы 6 ЖЕЛТОҚСАНДА МӘСКЕУДЕ КҚК АКЦИОНЕРЛЕРІ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ. КОНСОРЦИУМ ТАРИХЫНДАҒЫ ОСЫНАУ МАҢЫЗДЫ КҮН ТУРАЛЫ «КҚК-Қ» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ ҚР ҮКІМЕТІМЕН БАЙЛАНЫС ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ, ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ ҚАЙЫРГЕЛДІ ҚАБЫЛДИН ӘҢГІМЕЛЕП БЕРДІ.



Қайыргелді Қабылдин

Маңызды оқиғаларға тоқтала кетейін. КҚК жобасының құрылу тарихы 1979 жылы ашылып, Қазақстандағы мұнай өнеркәсібінің дамуына жаңа серпін берген Теңіз кен орнының дамуымен тығыз байланысты. 1991 жылы қабылданған заң аясында ел аумағындағы барлық табиғи қорлар Қазақстан құзырына өтті. 1991 жылы мамырда Нұрсұлтан Назарбаев Михаил Горбачевпен Шеврон және Теңіз жобасы бойынша келіссөзге тек бірыңғай Қазақстан өкілдері қатысатыны туралы сөз байласты.

Аздап алға жылжысақ, 1993 жылы екі жылдық келіссөздердің нәтижесінде «Теңіз-Шевройл» ЖШС құру туралы шешім қабылданды. Күн тәртібінде солтүстік-батыс Қазақстанда арнайы экспорттық мұнай құбырының құрылысын салу мәселесі тұрды. Теңіз мұнайы сапасы жоғары болғандықтан бөлек тасымалдауды қажет ететін.

Мұнай құбыры құрылысын салудың бірнеше нұсқасы қарастырылды. Қазақстан мұнайын тасымалдаудың оннан аса бағыты ұсынылды. Оның ішінде – Ресей арқылы Қара теңізге, Иран арқылы Парсы шығанағына, Баку арқылы Джейханға, Түркия арқылы Жерорта теңізіне тасымалдау бағыттары бар. Соңында сарапшылар біз үшін ең қысқа экспорттық жол саналатын Теңіз-Атырау-Новороссийск порты бағытын тиімді деп таныды.

Теңізден шығатын экспорттық мұнай құбырының құрылысын қаржыландыруды ұйымдастыру үшін 1992 жылы Қазақстан мен Оман сұлтандығы КҚК Ltd консорциумын құрды. Шілде айында бұған Ресей қосылды.

1996 жылы сәуір айында Алматы қаласында КҚК қайта құру туралы хаттамаға қол қойылды. Құжатта жобаға шетелдік мұнай өндіруші компаниялардың кіруі мен солардың табысынан тиісті үлесті алып отыру мәселесі қарастырылды.

1996 жылдың мамырынан желтоқсанға дейін Мәскеудегі «Метрополь» қонақ үйінде КҚК акционерлерінің жоба жөніндегі келіссөздері үздіксіз өтіп жатты. Біз мұндай аса ауқымды жобаға алғаш рет қатыстық. Қазақстан үшін халықаралық компаниялармен келіссөздер жүргізу жаңа тәжірибе болды. Таңертеңгі сағат 9-да басталатын талқылаулар түн ортасына дейін созылатын. Келіссөздерге Қазақстан тарапынан мен, Қазақстан Республикасының Мұнай-газ вице-министрі К. Кешубаев, «Южнефтепровод» өндірістік бірлестігінің бас директоры

Т.М. Қасымов, оның орынбасары И.Д. Каспер қатыстық. Біздің халықаралық құқықтан, несиелік қаржыландырудан хабардар жеке кеңесшілеріміз, халықаралық



1996 ж. 6 желтоқсан. ҚР мұнай министрі Н.Ө. Балғымбаев Президент Н.Ә. Назарбаевқа КҚК акционерлерінің келісімшартына қол қойылғандығын баяндауда.

стандарттар бойынша техникалық сарапшыларымыз болған жоқ. Министрлік заңгер-кеңесшілер ретінде Sherman&Sterling компаниясын жалдады.

КҚК келісімшарты бойынша жүргізілген келіссөздерден алған тәжірибеміз кәдеге асты. Біз осы тәрізді мәмілелерде халықаралық



Акционерлердің келісімшартқа қол қою сәті. 1996 ж. 6 желтоқсан.

мұнай компанияларымен қалай қарым-қатынас жасау керектігін түсіндік.

Жобаға Қазақстан мен Ресейдің мемлекеттік деңгейде ұдайы қолдау көрсетіп отыруы, КҚК-ның тағдырына ел президенттері Нұрсұлтан Назарбаев пен Борис Ельциннің тікелей қатысуы бұл жобаның іске асуына ықпал етті. Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынысымен серіктестіктің он қағидасы жасалды. Оған мұнай компанияларының жобаға қатысу шарты кірді. Онда кепілдіктің орнына КҚК тіршілігінің негізі болған жобаны бастапқы қаржымен қамтамасыз ету ұсынысы жөнінде айтылды. КҚК жобасының Қазақстан үшін маңызы зор. Нұрсұлтан Назарбаевтың аталмыш жобаға ерекше назар бөлгені оған бірден бір дәлел. Ол Ресей Федерациясы басшылығымен Ресей жері арқылы ұзақмерзімді, қауіпсіз әрі сенімді мұнай тасымалдау мақсатында қаржылық және нормативтік-құқықтық саладағы уағдаластық бойынша оннан астам кездесу өткізген.



КҚК мұнай құбыры желісінің алғашқы кірпішін қалау салтанатты рәсімінде. 1999 ж. 12 мамыр.

Тарихи сәт 1996 жылдың 6 желтоқсанда пайда болды. Мәскеуде КҚК акционерлерінің келісімшартына қол қойылды. Дәлірек айтсақ, бұл «Каспий Құбыр Консорциумы – Ресей» ЖАҚ мен «Каспий Құбыр Консорциумы – Қазақстан» ЖАҚ-ын құру, «Каспий құбыр консорциумы LTD» қайта құру туралы келісімшарттары еді. Құжаттарға «Оман Ойл компани лимитед», «Шеврон Оверсиз Петролеум ИНК», «Лукойл» мұнай компаниясы», «Мобил



ҚР Президенті Н. Назарбаев пен РФ Үкіметінің төрағасы В. Черномырдин халықаралық консорциумға қатысты мәселені талқылауда.

Корпорейшн», «Роснефть» мұнай компаниясы», «Аджип СПА», «Бритиш Газ Эксплорейшн энд Продакшн ЛТД», «Мұнай-газ» мемлекеттік холдингтік компаниясы, «Орикс Энерджи Компани» және «Каспий Құбыр Консорциумы лимитед» өкілдері қол қойды.

Ресей мен Қазақстан жобаға қосқан үлесі ретінде өз активтері – Теңіз-Грозный магистральды мұнай құбырының жер телімдерін берді. Активтерді бағалауды E&Y компаниясы жүргізді. Осылайша Қазақстандағы бөлігі – 232 млн. долларға, Ресей жағы – 292 млн. долларға бағаланды. Нәтижесінде Қазақстанның үлесі – 19%, Ресейдікі – 24% құрады, Оман сұлтандығы болса 7% пайыз үлеске ие болды. Ал акциялардың 50 пайызы құрылыс жүргізуге және құбырларды іске қосу жұмыстарын қаржыландыратын шетелдік жеке меншік мұнай өндіруші компанияларға берілді.

КҚК жобасына Теңіз бен Қарашығанақ кен орындары тіркелді. Қазақстаннан Қаратеңізге 28 млн. тоннаға дейін мұнай тасымалдай алатын (оның 22 млн. тоннасы Қазақстаннан) мұнай құбырының бастапқы құрылысын жүзеге асырып, өндірілген мұнайды экспортқа шығару мәселесін шешу ғана қалған.

Жобаға инвестиция тарту мақсатында Нұрсұлтан Назарбаев 1997 жылы 19 сәуірде КҚК валюталық қаражатты реттеу туралы қаулыға қол

қойды. 24 сәуірде осындай қаулыға Борис Ельцин де қол қойды.

1999 жылы 12 мамырда Оңтүстік Озереевка кенті ауданында Қара теңізге 28 млн. тонна мұнай тасымалдайтын (оның 22 млн. тоннасы Қазақстаннан) мұнай құбырының бастапқы құрылысының жүзеге асыруының салтанатты рәсімі өтті. 2001 жылғы қазанда Теңіз терминалында бірінші танкерге Теңіз мұнайы құйылып жөнелтілді.

Бүгінгі таңда Консорциум Қазақстанның барлық экспорттық мұнайының үштен екі бөлігін өндіреді. КҚК бағыты - мұнай тасымалдаудың басқа жолдарынан сенімді, әрі экономикалық тиімді екенін уақыт көрсетті. КҚК-да бұрынғы КСРО аумағында жүк жөнелтушілер өз мұнайы сапасының толық құнын алуға көмектесетін Мұнай сапасы банкі құрылды.

Осы сәтті пайдалана отырып, КҚК жобасының тарихына қатысқан барлық азаматтарды, көпұлтты бірегей компанияның барша қызметкерлерін Жаңа жылмен құттықтаймын. Зор денсаулық, мол табыс тілеймін. Ортақ күш-жігеріміздің арқасында біз Каспий құбыр консорциумының тарихына әлі талай жетістіктерімізді енгізетінімізге сенімдіміз! ■

Қайыргелді Қабылдин, «КҚК-Қ» АҚ Бас директорының ҚР Үкіметімен байланыс жөніндегі орынбасары

КҚК-ның тұңғыш президенті

2017 ЖЫЛЫ КАСПИЙ ҚҰБЫР ЖЕЛІСІ КОНСОРЦИУМЫНА РЕСЕЙДІҢ ҚОСЫЛҒАНЫНА 25 ЖЫЛ ТОЛАДЫ. 1992 ЖЫЛЫ 23 ШІЛДЕДЕ РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ОМАН СҰЛТАНДЫҒЫ «КҚК ЛИМИТЕД» КОМПАНИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАДЫ. РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ЖАНАРМАЙ ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ МҰНАЙ ӨНЕРКӘСІБІ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ ВИКТОР ОТТ КОНСОРЦИУМ ПРЕЗИДЕНТІ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.



Виктор Отт

Бұл тағайындау кездейсоқ емес. Таңдау мұнай саласындағы тәжірибелі маманға түсті. 80-жылдары Виктор Иоганесович КСРО-да өндірілген мұнайдың әрбір үшінші тоннасын беріп отырған, ірі өндірістік бірлестік болып саналған «Нижневартовскнефтегазды» басқарды. Куба еліндегі, және өзге елдерде жинаған тәжірибесі мол. Қазақстан мұнайын өндіру мен тасымалдау мәселелерін жете біледі.

– Кубадан оралғаннан кейін мен «Тенгизнефтегаз» өндірістік бірлестігінде бас инженер болып қызмет еттім. Өз кәсібімді жақсы білетін едім. Сол кездің өзінде Теңіз кен орнының мұнайын экспортқа шығару үшін біз құбыр желісі құрылысын Қазақстанның Құлсары ауылынан Қара теңіз жағасына дейін салудың түрлі нұсқаларын қарастырғанбыз, – деп еске алады ол.

Алғашында «КҚК Лимитед» компаниясы Бермуд аралдарында тіркелді. Аралдардың оффшорлы құзыреті Консорциум мүшелері – үш елдің

де талап-тілегін, қызығушылығын ескеруге мүмкіндік берді.

– Бәрінен бұрын бізге нақты заңды статусы бар бейтарап алаң керек болды. Өйткені сол кезде, яғни Консорциум құрылар шағында Ресейдегі саяси ахуал тұрақты емес еді, Қазақстанда да егемендігін енді ғана алған аласапыран кез болды, – деп түсіндіреді Отт.

1994 жылы РФ Үкіметі «Каспий Құбыр Консорциумы жүйесінің Теңіз-Астрахань-Новороссийск экспортты құбыржелісін салу туралы» Қаулы қабылдады.

Ресми құжат қабылданғанымен әлі де қордаланған мәселелер болды. Жобаның бастапқы қаржыландыруын өз мойнына алған Оман сұлтандығы қажетті инвестицияны құя алмады. Басты мәселе келісімшарттың Каспийден мұнай өндіретін жетекші негізгі компаниялардың жекешелендіре алатыны ескерілмей мемлекетаралық деңгейде бекітілгенінде болды.

– Бұл түйінді шешу мен қайшылықтарды реттеу үшін Қазақстан мен Ресей Президенттері Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев және Борис Николаевич Ельциннің араласуы керек еді. Келіссөз жүргізу мен Консорциумды қайта құру дайындығында екі елдің премьер-министрлері Нұрлан Өтепұлы Балғымбаев пен Виктор Степанович Черномырдин, РФ Жанармай және энергетика министрі Юрий Константинович Шафраник, оның бірінші орынбасары Анатолий Тихонович Шатапов, Қазақстан Республикасының Энергетика және жанармай ресурстары министрі Қадыр Қарқабатұлы Байкенов, «Транснефть» АҚ» ААҚ Президенті Валерий Давидович Черняев, «Лукойл» ААҚ Президенті Вагит Юсуфович Алекперов, «Шеврон Оверсиз Петролеум Инк.» америкалық компаниясының басшысы Ричард Мацке, кәсіпкер Джон Дойс және басқалардың қатысуы шешуші рөл атқарды, – дейді Виктор Отт.

1996 жылы желтоқсан айында ұзақ уақыт ақылдасып-кеңесіп,



Каспий Құбыр Консорциумы басшылығының тобы. 2001 жыл



Каспий құбыр желісі консорциумы Қазақстан Республикасы мен Оман Сұлтандығы арасындағы КҚК құру туралы келісімге Ресей Федерациясының қосылуы туралы хаттамаға қол қою сәті – 1992 жыл. Солдан оңға қарай: Дж. Дойс, Оман Сұлтандығының Мұнай министрі, В.С. Черномырдин (Ресей), Қ.Қ. Байкенов (Қазақстан), В.И. Отт (Ресей).



Каспий құбыр желісі консорциумы КҚК-ға «Шеврон» компаниясының қосылуы туралы хаттамаға қол қою сәті. Солдан оңға қарай: Ричард Матцке – «Шеврон-Оверсиз» компаниясының президенті; Қадыр Қарқабатұлы Байкенов – Қазақстан Республикасының Энергетика және жанармай ресурстары министрі; Виктор Отт «Роснефть» МК» АҚ бірінші вице-президенті; Виктор Степанович Черномырдин – Ресей Федерациясының Үкіметінің төрағасы; Гамильтон мырза (Бермуд аралдары) – 1993 жыл.

келіссөздер өткізген соң Консорциумның негізін қалаушы мемлекеттер КҚК-нің 50% акциясын мұнай құбыры жүйесін салып, пайдалануға беру құрылысын толықтай қаржыландыра алатын жекеменшік мұнай өндіретін компанияларға беру туралы шешім қабылдады. Тағы бір маңызды қадам Консорциумның тіркеу орнын өзгерту еді. Бұрынғы оффшорлы компания «КҚК Лимитед»-тің орнына жаңа екі заңды тұлға – «КҚК-Қ» ЖАҚ пен «КҚК-Р» ЖАҚ пайда болды. Оның бірі Ресейде, бірі Қазақстанда тіркелген. Осы сәттен бастап барлық салықтар Консорциумның негізін қалаушы мемлекеттер бюджетіне түсетін болды.

Жобаны қаржыландыруды бастауға соңғы кедергілердің бірі валюталық қаражаттың еркін айналымы мәселесі еді. Өйткені бұл кезде аталған мәселе Қазақстанда да, Ресейде де құқықтық тұрғыда реттелмеген. 1997 жылы сәуір айында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ҚҚК қаражаттарын валюталық реттеу туралы Қаулыға қол қойды. Бірнеше күннен кейін осы сияқты Қаулыға Ресей Президенті Борис Ельцин де қол қойды.

КҚК құрылуының барлық сатыларына қатысқан «Роснефть» МК» АҚ бірінші вице-президенті, Ресей

Федерациясының Жанармай және энергетика министрінің бірінші орынбасары, «Транснефть» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Виктор Отт өз сөзінде – Осыдан соң құрылыс басталып кетті. Бұл өзара тіл табысқан тату тараптардың біріккен жұмысы болды, – деп әңгімесін жалғады. – Бар-жоғы екі жылда осындай құбыр жүйесін салу оңай шаруа емес, – деді.

Жұмыс шынымен ауқымды. КҚК мұнай құбыры желісінің құрылысы 1999 жылғы 17 қарашада басталды. Дәл осы күні Ставропольск пен Краснодар аймағында алғашқы құбыр төселді. Бір жылдың ішінде 748 шақырым жаңа құбыр желісі салынып бітті. Жұмыстың 90 пайызын жергілікті құрылыс компаниялары іске асырды.

Волга мен Кубань сияқты ірі өзендерді қоса алғанда су бөгеттері арқылы өтетін көлденең бұрғылауға арналған 12 өткел жоғары экологиялық әдіспен тұрғызылды.

Құрылыста сол тұстағы ең жаңа деген ТМД-да теңдесі жоқ техникалар қолданылды. Оларға газ-турбиналы генераторларды, сорғыларды, құбыр желісінің шар тәрізді краданы, талшықты-оптикалы кабельді кешенді СКАД жүйесін жатқызуға болады.

2000 жылғы 22 қарашада КҚК теңіз терминалының резервуарлы паркінде Консорциумның мұнай құбырлары жүйесінің желілік бөлігін төсеу жұмыстарының аяқталуына орай құбырлардың «алтын түйісуін» дәнекерлеу шарасы салтанатты түрде өтті. Ал сол жылдың 28 қарашасында теңіз терминалында шығаруға арналған айлақ құрылғысын орнату жұмыстары аяқталды.

Он бес жылда КҚК мұнай құбырларының еш апатсыз, экологиялық қауіп-қатерсіз, сенімді пайдаланылып келе жатқандығы біздің сол кезде дұрыс шешім қабылдағанымызды көрсетті. Бүгінде осы жобаның тарихында менің де қолтаңбам барын, оның қалыптасуына белсене қатысқанымды мақтанышпен еске аламын. Әлі күнге дейін БАҚ-тан Консорциумның дамуы жайындағы жаңалықтарды жібермей қарап отырамын. Мені КҚК акционерлерінің Кеңейту жобасын қолға алып, оны сәтті жүзеге асырғаны қатты қуантады. Консорциумның алда әлі талай асуларды алып, дамудың жаңа белестерін бағындыратынына сенімдімін. Осы қалыптартыңыздан таймаңыздар!, – деп Виктор Отт КҚК ұжымына өз лебізін білдірді. ■

Павел Кретов

СМРА жобасы: жаңғыртудан – инновацияға!

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ МҰНАЙ АЙДАУ СТАНЦИЯЛАРЫН ЖАҢҒЫРТУ - КЕҢЕЙТУ ЖОБАСЫНЫҢ ЖАҢА НЫСАНДАР САЛУ СЫНДЫ САТЫСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫНАН ЕШ КЕМ ТҮСПЕЙДІ.



Дэннис Фэйи

– Ағымдағы жылы біз КҚК операциялық қызметінің басталуына 15 жыл толу секілді мерейтойды мақтанышпен атап өттік, – дейді Бас директордың пайдалану жөніндегі бірінші орынбасары Дэннис Фэйи. – Бұл жолды Консорциум «Атырау», «Комсомольская» мұнай айдау станцияларының сенімді жұмыстарының арқасында кідіріссіз жүріп өтті деуге әбден болады. Ал, бұлардың шын «мәніндегі» жүрегі болып газ-турбиналық жетекті магистральдық сорғы агрегаттары (МСА) табылады. Мұнай айдау көлемін арттыру мәселесін шешу мақсатында Кеңейту жобасы аясында аталмыш станцияларда қуат күші 5,7 МВт болатын өте күшті жеті жаңа МСА іске қосылды. Жаңа МСА-лар технологиялық жағынан бастапқыда орнатылған агрегаттармен сәйкес келмегендіктен, техникалық жағынан қайта жарақтандыру қажеттілігі туындады. Бұл үшін ең алдымен сорғыларды модернизациялау мен роторларды

ауыстыру (СМРА) жобасын жүзеге асыру міндеті туындады. Биыл бұл жоба сәтті түрде іске асып, КҚК-ның құбырлар жүйесін пайдалану сенімділігін арттырды.

КҚК-ның СМРА жобасы қолданыстағы аса қауіпті нысандарда мұнай айдауды тоқтатпастан, өзінің көлемі мен түрі бойынша өте сәтті жүзеге асырылған тұңғыш шара, – деп атап өтті Дэннис Фэйи.

БАСҚАРУ МОДЕЛІ

СМРА жобасын іске асыру барысында Компанияда Жобаны матрицалық басқару құрылымы тұңғыш рет пайдаланылды. Бас директордың бұйрықтарымен бекітілген құрылымның жобалық тобына Пайдалану департаменті мен Кеңейту жобасының мамандары енген болатын. СМРА жобасына тұрақты негізде бекітілген КҚК-ның жалғыз қызметкері Максим Сонин басқаратын жедел және кәсіби команда 2013 жылдың аяғына таман толығымен құрылған еді. Топтың



Қолданыстағы турбинаны ауыстырып, жаңасын қоюға дайындық



Максим Сонин

қызметі үшін жалпы жауапкершілік Дэннис Фэйиге жүктелді.

СМРА жобасы мамандарының жұмысы негізінен КҚК жүйесінің шалғайдағы станцияларында іссапарда бірнеше апта жүріп, күн-түн демей қызмет атқаруға саятын. Осынау ұжымдық қызметтің нәтижесі мен барысы туралы «КҚК Панорамасына» модернизациялау жобасының жетекшісі Максим Сонин әңгімелеп берді:

– Таңдап алынған ұйымдастыру моделі Компанияда жұмыс жасап жүрген қызметкерлерді пайдаланып, жұмыстары аяқталған соң СМРА жобасына тартылғандарды босатып жіберуден сақтап қалды. Бұл дегеніміз, қосымша кәсіби тәжірибе жинақтап алған құнды кадрларды сақтап қана қоймай, Компанияның одан әрі даму және қуаттылықты арттыру жөніндегі жоспарларын жүзеге асыру үшін пайдалануға тағы бір мүмкіндік туғызды.

ТЕХНОЛОГИЯ МЕН ЭКОЛОГИЯ

– Жобалық топқа қатысушылардың біріккен әрекеті арқылы қандай нәтижеге қол жеткізілді? – деп сұрақ қойды Максим Сонинге.

– Станциялардағы қолданыста бар магистральдық сорғы агрегаттарының қуатын арттыру, сосын 2000 жылдардың басынан бері пайдаланылып келе жатқан ескі жабдықтар мен Кеңейту жобасы аясында жаңадан құрылған қондырғаларды синхронизациялаудың арқасында жоспарланған технологиялық жетістікке қол жеткіздік, – дейді Максим Сонин. – Сонымен қатар, СМРА жобасын жүзеге асыру барысында газ-турбиналық циклдың жеке үдерістерін жетілдіру сынды қосамақшы мәселелерді шешуге мүмкіндік туды. Мысалы, оның қатарында MPI өртеу жүйесін DLE жүйесіне, ауа тазарту жүйелерін (НЕРА сүзгілері орнатылды) ауыстыру, қыс жағдайында МАС үздіксіз жұмыс жасауы үшін май салқындатқыштарды ауыстыру және тағы басқалары.

– Жаңа DLE өртеу жүйесі туралы нақтырақ айтып берсеңіз. Оны енгізудегі негізгі көздеген мақсат қандай?

– Қазіргі жағдайда өнеркәсіптік объектілерді пайдалануға олардың экологиялық санаттылығына қарай жоғары талаптар қойылады. Компаниямыз өз қызметкерлері мен мердігер компаниялардың еңбек қауіпсіздігін ойластырып қана қоймай, жоспарлы түрде өз қызметінің экологиялық көрсеткіштерін жақсартып отырып, қоршаған ортаны қорғауға аса жоғары мән береді. Осы бағыттағы маңызды шаралардың бірі болып газ-турбиналық қондырғылардағы (ГТК) MPI өртеу жүйелерін DLE жүйелерімен ауыстыру табылады.

Атмосфераға тасталған шығарындылар деңгейі әлемдегі жетекші конструкторлық орталықтар әзірлейтін ГТК-лардың жетік болуына аса маңызды көрсеткіші болады. Атмосфераға қалдықтарды ▶

Тиімді іскерлік байланыс

FLOWSERVE CORPORATION ҮШІН КҚК-НЫҢ СМРА ЖОБАСЫ 2012 ЖЫЛЫ БАСТАЛЫП, НЫСАНДАРДЫ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ БОЙЫНША БІЗДІҢ КОМПАНИЯДАҒЫ ЕҢ ІРІ ЖОБАЛАРДЫҢ БІРІНЕ АЙНАЛДЫ.



Әрине, мүлдем қиындық тумады деуге болмайды, алайда, осындай ауқымды жобаларды олардың орын алуы әбден заңды құбылыс. Дегенменде, мол тәжірибе мен нәтижеге талпыныс пен жігер Жобаны жоспарға сай жүзеге асыруға мүмкіндік бергенін айтуымыз ләзім.

Flowserve Corporation компаниясы Консорциум үшін де, жабдықтар жеткізуші мердігерлер үшін де СМРА Жобасы сәтті жүзеге асуы үшін өзге серіктестермен бірлесе КҚК-ы басшылығымен бірге жұмыс жасау мүмкіндігіне ие болғандығымызды мақтан тұтамыз.

Әрбір мұнай айдау стансаларында жұмыс жасай жүріп, мол тәжірибе жинақтадық. Әсіресе, МАС пайдалану кезіндегі процесстер бойынша, шалғайдағы стансаларда жедел және сапалы жұмыс жасау жағынан да мол кеңес алдық. Осынау тәжірибемен КҚК болашақтағы жобаларында да пайдалана алады, өйткені, біз бұл компанияны негізгі тапсырыс беруші деп есептейміз. Сондықтан, бізде қазірдің өзінде екі жақты тиімді іскерлік байланысты ұйымдастыруды арттыра түсетін тәжірибелі мамандар жеткілікті. Бұл екі жақты жинақтаған мол тәжірибе Каспий Құбыр Консорциумының нәтижелі жұмыстарды болашақта да тиімді атқаруына мол септігін тигізеді деген үміттеміз. ■

Кор Кристианен,
Солтүстік Еуропа, Ресей, Қазақстан
бойынша бас директор, Сатудан
кейінгі қызмет көрсету

Жұмыла көтерген жүк жеңіл



Siemens компаниясы атынан модернизациялау жобасына қатысқан компаниялардың барлығына алғысымды білдіргім келеді. Атап айтқанда: тапсырыс беруші КҚК, мердігерлер Flowserve, Schneider Electric, «СТАРСТРОЙ», Siemens Lincoln және жобаның сәтті жүзеге асуына атсалысқан басқа да қатысушыларға. ауызбіршілік пен түсіністіктің арқасында ғана біз жоғары көрсеткіштерге қол жеткіздік. Агрегаттарды пайдалануға берген әрбір жаңа тәжірибеміз алда туындаған мәселелерді жедел әрі тиімді шешуге мүмкіндік беріп отырды. Бұл жағдай болашақта біріккен жобалардың сәтті жүзеге асуына да себепші болады деген сенімдеміз.


КҚК компаниясы осымен ұзақ жылдар бойы біздің басты серіктесіміз болып табылады. Біз болашаққа сеніммен қарап, алдағы уақытта да бірлесе жұмыс жасаймыз деп үміттенеміз. ■

Александр Таничев,
«Энергия өндіру саласындағы
қызмет көрсету» департаментінің
директоры, «Сибнефть» ЖШБ


тастаудың қатаң нормативтерін сақтау, оның ішінде, көміртегі диоксидін азайту- қондырғылардағы өртеу камераларында жаңа технологияларды пайдаланғанда ғана мүмкін болады. Осындай технологиялар қатарына Модернизациялау жобасы аясында қолданылған DLE (Dry Low Emissions- төмен құрғақ қалдықтар) жүйесі жатады. Бұл жүйе аз қуатты гомогенді қоспаны белгілі бір дәрежедегі от температурасын (1700-1800 К) ұстап, өртеуге мүмкіндік береді. Осы жол арқылы ауаға шығарылатын улы қалдықтардың көлемі азаяды.

– Қазір енгізіліп отырған жаңа жүйе бұрынғысынан немен ерекшеленеді?

– MPI (Multi Point Injection-отын майын шашудың көпнүктелі жүйесі) деп аталатын бұрынғы жүйені қолданғанда отынның қоспасы өртеу камерасына тікелей түседі. Осы қоспа құрамы бойынша байытылған болатындықтан, атмосфераға тасталатын жану қалдықтарының да көлемі тиісінше мол болмақ. DLE деп аталатын жаңа жүйеде қоспаның құрамын оны өртеу мүкін болатын шекке дейін «кедейлендіретін» өтпелі кезең бар. Тиісінше, мұндай қоспа өртелгенде құрылғының ПӘК сол күйінде қалып, ауаға тасталатын зиян газдардың көлемі азаяды.



Турбинаның шолу схемасы (ескі және жаңа)



Магистральдық сорғының жалпылама түрі (ескі және жаңа)

Салыстырмалы түрде айтар болсақ, бұларды экологиялық қауіпсіздік деңгейі түрлі болып келетін автокөлік қозғалтқыштарымен теңеуге негіз бар. Технологиялық ерекшеліктеріне қарай бірі карбюраторлы, екіншісі инжекторлы. Бірі арзанқол, пайдалану кезінде қарабайыр, бірақ, экологиялық жағынан тиімсіз, екіншісі, күрделі, қосымша электронды тетіктері бар, пайдалану кезінде қосымша шығындарды қажетсінеді, бірақ, экологиялық жағынан өте тиімді және экономикалық жағынан шығыны аз.

Айта кетуіміз керек, модернизация тек қана темір қондырғылардың емес, бағдарламалық қамтуға да қатысты болып шықты. Мүмкіндіктері мол және СКАДА жүйесі арқылы қашықтықтан МСА-лардың пайдалану кезіндегі қосымша параметрлерін бақылауға мүмкіндік беретін жаңа бағдарламалар жобаланып, орнатылды.

БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҮЙЛЕСТІРУ

– Ресей мен Қазақстан аумағында кешенді жобаны басқару мен реттеу бас мердігерді және басқару компанияларын тартпай-ақ, КҚК-ның өз күшімен ұйымдастырылды, – деп әңгімесін жалғастырды Максим Сонин. – Авторлық және техникалық

қадағалау, жобалау қызметтерінен бөлек, мердігерліктің құрылымына ресейлік және батыстық компаниялармен жасалған 9 негізгі келісімшарттар және түзетулер енген еді. Кейін, 2016 жылдың наурыз айында Жобаға Ресейде «ЧТН» АҚ қосылды. Бұл кәсіпорын «Транснефть» жүйесінде жинақтаған құрылыс-монтаж жұмыстарын үйлестірудегі көпжылғы тәжірибесімен Пайдалану департаменті мамандарымен бөліскен-ді.

Жұмыс барысының кез келген сатысында ақаулықтарды өткізіп алмау мақсатында атқарылатын жұмыстардың көлемі мен оларды орындау талаптарын, сондай-ақ, Жобаға әрбір қатысушының жауапкершілік нысандарын белгілеп алу мен сараптамадан өткізіп алу мәселелеріне аса зор мән берілді. Оның ерекшелігіне байланысты және Пайдалану департаменті мен Кеңейту жобасы мамандарының енгізілгені себепті, Компанияның қолданыстағы рәсімдемелері жеткіліксіз болып, Компанияның қос бөлімшесі өкілдерінің тиімді жұмысын жүргізуге мүмкіндік беретін арнаулы қосымша ережелер шығаруға тура келді.

– Қорытындысында қол жеткізілген нәтиже астарында не бар?

– Бұл ең алдымен кәсібилік, үйлесімді топтық жұмыс және барлық қатысушылардың жауапкершілік жүгін лайықты түсіне білуі, – деді Максим Сонин сенімді түрде. – Объектілердегі мердігерлердің қызметін Консорциумның аймақтық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері үйлестіріп отырды. Олар: «Кропоткинская» МАС-ында - Сергей Потрясов, Алексей Фоменко, Андрей Молодиченко, Иван Нестеров және т.б.; «Комсомольская» МАС-ында – Иван Шпай, Владимир Грошев, Мурад Агаджанян, Андрей Рядовой және т.б.; «Атырау» МАС-ында: Сәрсембай Мұрынов, Виктор Сулягин, Александр Еремин, Габиден Ербөлекер және басқалар.

Жобамыздың барлық қатысушылары үшін мақтанар жайттар баршылық. Сорғылардың қысымдық-шығындық сипаттамалары ►

Модернизациялау үлгілері

Модернизациялауға дейінгі және кейінгі технологиялық қондырғылардың ерекшеліктеріне толығырақ тоқталайық.

Жаңа ауа сүзгілері



Бұрын



Қазір


СМРА Жобасы аясында жаңа ауа сүзгілері орнатылды. Олар бұрынғы бір сатылы тазарту жүйесінің орнына екінші тазарту сүзгісі бар тиімділігі жоғары НЕРА сүзгілерімен жабдықталған. Бүгінде НЕРА ең тиімді заманауи технологиялардың бірі болып табылады. Ол көлемі 0,1 мкм немесе 0,0001 мм болатын шаң мен қалдықтарын өткізбейді. Осылайша, ол газгенераторының осы тік қалқаншаларының ластануына жол бермей, газтурбиналық қозғалтқыш жұмысының тиімділігін арттырады. Осы құрылғы өмірдің өзге салаларында да кеңінен қолданылады. Айта кетерлігі, аталған жүйе өндіріс орындарымен қатар, тазалықты өте қатты талап ететін медициналық мекемелерде пайдаланылады.

Егер, сыртқы пішіндеріне қараса, бұрынғы және қазіргі құрылғылар өте ұқсас келіп, бір бірінен еш айырмашылығы жоқтай көрінер. Әрине, бұл мүлдем олай емес. Жаңа май салқындатқыш КҚК объектілеріне тән табиғи жағдай болатын төменгі температураларда жұмыс жасай алатындай етіп шығарылған. «Қысқы» жағдайда пайдалану ерекшелігі - оның корпусы ашылып-жабылатын қызметке ие. Жаңа конструктивті шешімнің арқасында магистральды сорғы қосылған кезде май салқындатқыштың ішінде жылы ауаның айналуына, есесіне қыс уақытында қолданысқа кері тигізетін әсер деңгейін азайтуға мүмкіндік береді.

Иван Нестеровтың тыныстау клапаны



Бұрын



Қазір

Тыныстау сүзгілері атмосферамен байланыста болатын құтқа орнатылып, микробиологиялық ластағыштар мен ауаның механикалық қалдықтарының ішкі көлемге түсуінен қорғап, қоршаған ортаға аэрозольді ластағыштардың шығуына кедергі келтіреді.

РЕДАКЦИЯДАН:

«Панорама КҚК» редакциясы КҚК нысандарында пайдалануға берілген бұл Жобаның мақсаты, міндеті мен тиімділігі туралы толыққанды түсініктеме бергені үшін СМРА Жобасының жетекшісі, техника ғылымдарының кандидаты Максим Сонинге алғыс білдіреді.

модернизацияланған бұрынғы қондырғылардың жаңаларымен үйлесімділік тапқанын нық сеніммен айтуға болады. Біріктіре отырып, қауіпсіз пайдалану бірнеше сынама-ның кезінде дәлелденді.

Бір қызық жайтты атап өткеніміз абзал. СМРА жобасын жүзеге асырған соң, модернизацияланған сорғылардан нақты алынған шығын көрсеткішінің болжалды теориялық шығын көлемімен салыстырғанда, нақтылығы әлдеқайда төмен болып шықты. Бұл зауыт ішінде емес, далалық жағдайда өңделген технологиялық жағынан аса күрделі жабдықтар үшін өте жоғарғы көрсеткіш.

КОМАНДАЛЫҚ ЖҰМЫС

Жобаға қатысушы әр ұлт өкілдерінен барлық мәселелерді шешу үшін жүйелі және командалық әдіспен әрекет ететін топ қалыптастыруға мүмкіндік туғанын Максим Сонин мақтанышпен айтады:

Жұмыстардың бірінші, пилоттық көлемі, сәйкесінше ең күрделі бөлігі «Комсомольская» МАС-ында жүзеге асырылды. Бұл жерде алаңда керемет ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен газ-турбиналық қондырғыларды жөндеу және орнату жөніндегі жетекші инженер Мурад Агаджанянды атап өтуіміз керек. Құрылыс-монтаж жұмыстары мен қосу-баптау жағынан ауқымды болып «Комсомольская» МАС-дағы



Бұрын



Қазір

«Кропоткинская» МАС: НМРА жобасы жүзеге асырылғанға дейінгі және кейінгі магистральдық сорғыны бекіту

жұмыстар көлемін атауға болады, бұл жердегі іскерлік қабілетімен ГТҚ пайдалануды ұйымдастыру және жөндеу жөніндегі аға инженер Иван Нестеровты атап өткен жөн. Ал, ГТҚ пайдалануды ұйымдастыру, техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету және жөндеу жөніндегі жетекші инженер Александр Еремин бастаған топ «Атырау» МАС модернизациялау жұмыстарын өте сапалы атқара білді.

Барлық нысандардағы қосу-баптау жұмыстарын ұйымдастырып, іске қосу жұмыстарын қадағалаған өте тәжірибелі турбинашы, газ-турбиналық қондырғыларды пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі бас механиктің орынбасары Виталий Романов модернизацияланған сорғы агрегаттарының барлығының қосу жұмыстарына қатысып, көптеген тәжірибесімен бөлісіп, зор көмегін тигізді. Пайдалану жөніндегі кеңесшілік қызметті ТҚК жүйелері жөніндегі менеджер Стюарт Кевин Шарп атқарып, өте күрделі жағдайларда тиімді жол тауып кетуге ықпал етті. Механика жөніндегі мәселелер бойынша ПжТҚК жөніндегі бөлімнің бас механигі Марат Ибрагимов, Жобалау тобының бас технологі Александр Степанов пен жобалау жөніндегі менеджер орынбасары Ессен Кокушевтер жобалық құжаттамаларды дайындап, келісім алу жұмыстарын басқарды.

Біздің қызметіміздің барысында сырт бақылаушы болып ешкім тұрған жоқ. Жеткізу және техникалық қадағалау мәселесін Жобаны

кеңейту және Негізгі қызмет департаменттері бірігіп, атқарды. Сонымен қатар, Жобаны іске асыру барысындағы түрлі сатыларда жобалау, мұнай тасымалдау мен коммерция, баға қадағалау, келісімшарттар бөлімшелері, жобаны бақылау тобы, ҚБЖЖПЕ, БЖ, ДҚ ҚТЖҚОҚ мамандары жұмылдырылған болатын.

Жобаны жүзеге асырудың бірінші сатысында басшылық жасаған Кайл МакМиллианның және жұмыстарды қалыптастыру сатысында белсенді еңбек еткен Эдвард Эшбридждің қосқан ерекше үлестерін атап өткім келеді.

Консорциумда қызмет атқарып жүрген әрбір қызметкер мен жұмысшының өмірі мен денсаулығы біз үшін аса маңызды. Сондықтан болар, КҚК-ның барлық аймақтық бөлімдерінде өткізілген кеңестер мен мәжілістерде Дэннис Фэйидің баяндамаларында қауіпсіздік техникасы басты тақырыпқа айналды. Нарядтар-руқсатнамаларды ресімдеу талаптарын сақтауға ерекше назар аударылды. Осының барлығы және жергілікті жердегі жауапты мамандар мен үйлестірушілердің жауапкершілігі «Апатсыз және жарақатсыз» еңбек ете жүріп, Жобаны сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік берді, - дейді Максим Сонин ерекше мақтанышпен.

ТӘЖІРИБЕ ТАРАТУ

Максим Сониннің айтуынша, барлық кешенді сынақтар аяқталған соң, Краснодар мен Атырауда алынған тәжірибелер бойынша

сараптамалар жасалынған мамандар мәжілісі өткізіліпті. Екі шара да Кирстен Брикстон тобына кіретін әрекеттесу жөніндегі үйлестіруші Татьяна Короткова және СМРА Жобасына мүше болатын барлық негізгі қатысушылардың бірлесіп ұйымдастыруымен өткен еді.

Жобаның барлық түйіткілді мәселелері, оның ішінде жобалау, шарт жасасу, жеткізілім, ҚМЖ, ҚБЖЖПЕ т.б., талқыланып, қарастырылды, - дейді Максим Сонин. - Әрбір қатысушыға аты-жөнін көрсетпей толтыратын сауалнама парақшалары таратылып, жиналған қорытындылар бойынша ұсыныстарын беру сұралды. Ақырында ұсыныстар саны 100-ден асты. Олардың көбі жобалау мен МТҚ тарауларына қатысты болып шықты. Нәтижесінде негізгі тәжірибелер жиынтығы жасақталып, Компания рәсімдемелеріне өзгеріс енгізу үшін КҚК-ның Негізгі қызметіне тапсырылды. Осылайша, Компания бөлімшелері арасында жүйелілік қалыптастыру, құнды тәжірибе жинақтап, тарату сынды маңызды нәтижеге қол жеткізілді. Бұл тәжірибе сөз жоқ, болашақтағы жобаларда да маңызды рөл атқаратыны даусыз.

Ал, Модернизациялау жобасын іске асыру сынды ауқымды да күрделі шараларды жүзеге асырған кезде туындайтын тосын жағдайлар туралы не айтуға болады?

Тосын жағдайлар – жаңаша инженерлік шешімдер табуға керемет ынталандырғыш жайт, оның үстіне, бұл жағдайда мамандарға өздерін шығармашылық жағынан да көрсету үшін керемет жол бере алады, - деп жауап қатты сенімді түрде Максим Сонин. – СМРА жобасын іске асыру көрсеткендей, мұнай мен газ саласындағы әлемдік тәжірибелерді пайдалану Консорциум үшін мол тәжірибе жинақтап, өте күрделі жағдайларда дұрыс шешім қабылдай алатын кәсіби мамандар дамуына жағдай туғызды деп айтуға толық мүмкіндік бар.

Айталық, модернизацияланған МСА кешенді сынау барысында «Lufkin» зауыттық тыныстау клапандарының »

Серіктестіктің жоғары деңгейі

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАЙТА ЖАРАҚТАНДЫРУ ЖОБАСЫНЫҢ АЯСЫНДА (СМРА) БІЗДІҢ КОМПАНИЯ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛҚАНШАЛАРЫН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУЫН СӘТТІ ТҮРДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫ.



Ескірген қалқандарды Schneider Electric компаниясының өндірісінен шыққан заманауи Masterblock MB 400 құрылғысына ауыстыру «Кропоткинская» және «Комсомольская» мұнай айдау стансаларында француздық әріптестермен жүзеге асырылған еді.

Айта кетуіміз керек, КҚК мен жоғарыда аталған компания арасында Жобаны дайындау жұмыстарының барысында ауқымды жұмыстар атқарылып, тиісті келісім-шарттарға қол қойылды. Нәтижесінде барлық тараптардың да мүдделері тең дәрежеде қарастырылған, түбегейлі түрде жіберу- реттеу жұмыстары жоспарланған жобаны алып, қайта жаратқандырудың оңтайлы жетістіктеріне қол жеткізгенбіз.

Жобаның ерекшелігі оның ауқымды болуы, яғни Ресей мен Қазақстан аумағында жұмыс жасау қажеттілігінде болды. Басқару тиімділігін арттыру мақсатында біздің компания интернационалды команданы жасақтады. Барлық қатысушылардың да ұжымдаса

қызмет атқаруы жобалаудан бастап, қондырғыларды тасымалдауды жоспарлау және өндіріске қосуға дейін нәтижелі жұмыс жасауға мүмкіндік берді. Алайда, команда кедергілерге де тап болды. Айталық, бұл заңдылықтар аясында туындады. Сондықтан, ұлттық мүдделерге қайшы келмейтін мәселелерді түбегейлі зерттеп барып, шешімдер қабылдауға тура келді.

КҚК-Р қызметкерлері мен мамандарын бөлек- жара атап өткеніміз жөн, олар өздерін кәсіби шебер, өз істеріне берілген маман ретінде көрсете білді. Schneider Electric компаниясы Модернизациялау жобасының жетекшісі Максим Сонинге, МТО топ жетекшісі Денис Сидельниковке, келісім- шарттар бойынша жетекші маман Марина Пруськинаға алғысын білдіреді.

Компаниямыз электрлі қондырғыларды зерттеп, тексеру, пайдалану бағытында мамандарға кеңес беру мәселесінде мол тәжірибе жинақтаған айтулы мекемелердің бірі. КҚК мен Schneider Electric арасындағы серіктестік бұдан былай да жалғасын тауып, басқа да қызықты жобаларды жүзеге асырамыз деп сенеміз.

Барлық әріптестер мен серіктестерді келе жатқан Жаңа жыл және Рождество мерекесімен құттықтаймын! ■

Владимир Шатунин, Ресей мен ТМД елдерінде қызмет көрсету жөніндегі Schneider Electric компаниясы бас директорының орынбасары



Майсуытқыш корпусын монтаждау

тиімділігі нашар екендігі анықталды. Мәселені жедел түрде шешу үшін Батыс аймақтың пайдалану және жөндеу ұйымдастыру жөніндегі аға инженері Иван Нестеров зауыттық құрылғыдан әлдеқайда

сапалы болып шыққан баламалы қондырғының конструкциясын ұсынды.

Жаңалығы мен өнеркәсіпте қолдану мүмкіндігі, сенімділігі мен қауіпсіздігі, қарапайым жасалуы мен бағасының тиімділігі – жаңадан құрылатын техникалық немесе технологиялық шешімдер осы басты критерийлерге сай болуға тиіс. Осыған негізделіп, КҚК-ның сорғы жабдықтарын жеткізушісі болып табылатын голландтық «Флоусерв Б.В.» шығарушы-зауытының (Эттен-Лер, Голландия) технологтары Иван Нестеров ұсынған құрылғыға жоғары баға беріп, Консорциумның барлық объектілерінде қолдануға ұсыныс жасады. Қазіргі уақытта тыныстау клапаны Батыс,

Шығыс, Орталық аймақтардағы модернизациядан өткен МСА редукторларында кеңінен қолданылуда. Айта кетуіміз керек, КҚК инженері ұсынған құрылғыны беделді батыстық компания мойындап, кеңінен қолдануға ұсыныс жасаған тұңғыш және бірегей жағдай, Ресейдің жергілікті «Ростехнадзор» бөлімшесінде өнеркәсіптік сараптаудан өткізіліп, оң қорытынды алынуы бұл жеңісті куәландырды.

Тағы бір айта кетер жайт, жаңа технологияларды, оның ішінде тиімділігі жоғары әрі өте қауіпсіз инженерлік шешімдерді батыл түрде қолдануға бағытталған КҚК-ның әрекетін де атап өту керек. Егер біздің елде немесе шет елдегі мұнай айдау компанияларының

тәжірибелерін алар болсақ, мұндай қадамға барған ұжымдар өте сирек. Біздің серіктестеріміз түрлі жиындарда КҚК-ның осынау қадамы туралы мақтана айтып, үлгі етуге тырысады.

Жағдайды пайдалана отырып, қымбатты әріптестер мен құрметті серіктестерді келе жатқан Жаңа жыл және Рождество мерекесімен құттықтауға рұқсат етіңіздер! Отбасыларыңызға құт-береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін, алдағы жоспарларыңыз сәтті орындалуымен қуантсын! Қолдау мен түсіністік танытқандарыңызға бек алғысымды білдерімен! ■

Жазып алған
Екатерина Суворова



Магистральды сорғы қақпағын орнатып көру



Алынып тасталған FLENDER редукторы мен жаңа LUFKIN редукторы

Кәсіби шеберлік, жеделділік және сапа

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ ҚАЗАН АЙЫНДА «СТАРСТРОЙ» ЖШҚ SIMENS, FLOWERVE, SCHNEIDER ELECTRIC ЖӘНЕ КҚК МАМАНДАРЫМЕН БІРЛЕСІП, «КОМСОМОЛЬСКАЯ», «КРОПОТКИНСКАЯ» ЖӘНЕ «АТЫРАУ» МҰНАЙ АЙДАУ СТАНСАЛАРЫНДА МАГИСТРАЛЬДЫ СОРҒЫ АГРЕГАТТАРЫН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ (СМРА) ЖОБАСЫН СӘТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫ.



Пайдалану департаментінің түрлі бағыттар бойынша мамандарымен бірлесе мердігер компаниялар өкілдерінің қатысуымен жиналыстар өткізілді. Ұйымдастыру жұмыстары түбегейлі талқыланып, барлық қатысушылардың байланысы пен нысандардағы жұмыстарды реттеу шаралары нақтылана түсті. Жоба басшылығы, КҚК аймақтық басшылығы және мердігер мекемелер өкілдерімен бірге селекторлық және жылжымалы мәжілістер ұйымдастырылды. Осының барлығы техникалық жағынан өте күрделі жұмыстарды атқару кезінде түсіністікпен жұмыс жасауға мүмкіндік берді.

Аталмыш жобаны іске асыру кезінде нақты магистралды тұрбақұбырларындағы роторларды және қамтамасыз етудің қосымша жүйелерін ауыстыру орын алды. Сонымен қатар, сорғылар мен турбиналарды жалғайтын редукторларды да ауыстыру жұмыстары атқарылды. Аталған жұмыстарды атқару КҚК-ның мұнай өткізу қуат күшінің өсуімен тікелей байланысты. Өйткені, Теңіз-Новороссийск мұнай құбырының мұнай айдау стансаларының өткізу қабілетін арттыруға тікелей ықпал етеді.

Біздің мекеменің штатында түрлі құрылыс бағыттары бойынша және

қауіпті нысандарда құрылыс жүргізуге тәжірибесі жеткілікті мамандар баршылық. «Старстрой» мекемесінің жұмысшы-қызметкерлері Жоба бойынша сеніп тапсырылған жұмыстарды тиімді әрі қауіпсіз атқару мүмкіндіктерін көрсете білді. Бұл істе жауапкершілік жүгін арттыра түскен тағы бір жәйт - жұмысшылар қызметтерін мұнайқұбырларының тоқтаусыз қызмет атқарып жатқан кезінде жүзеге асырды.

Іске қосу үрдісіне дайындық барысында «КҚК» АҚ-ның басшылары атынан СМРА Жобасының жетекшісі Максим Сонин мен

Осынау жобаны жүзеге асыру кезінде жобалық құжаттаманы жедел түрде өзгерту қажеттілігі туындады. Бұл үшін КҚК-ның Пайдалану департаментінің, Simens, Flowserve, Старстрой және Гипровостокнефть компаниялары мамандарынан техникалық комитет құрылды. Осының арқасында, құрылыс жұмыстарын тоқтатпастан құжаттамаларға өзгерістер енгізіп, Жобаға қатысты мекемелердің сапалы жұмыс жасауына мүмкіндік берді. КҚК эксплуатация мамандарының және «Гипровостокнефть» мекемесі қызметкерлерінің құрылыс алаңдарында жедел шешім қабылдауы барлық мердігер компаниялардың жұмысының тоқтаусыз жүргізілуіне, сапаның артуына жол ашты.

«Старстрой» кәсіпорнының басшылығы Жобаны жүзеге асырудың маңыздылығын түсіне отырып, оның уақтылы пайдалануға берілуіне аса зор мән берді. Жоба басшылары ретінде Ресей Федерациясы бойынша жөндеу – құрылыс басқармасының басшысы Ф. Рыков, Қазақстан Республикасы бойынша – «Старстрой» ЖШҚ Атырау қаласындағы филиалы директорының орынбасары Е. Кустадинчев

тағайындалды. Осы мамандар Жобаға қатысты жұмыстардың уақтылы әрі сапалы орындалуына ерекше еңбек сіңірді.

«Старстрой» ЖШБ өз күштерімен іргетас салу, жабдықтармен темірқондырғыларды монтаждау, түрлі диаметрлі құбырларды монтаждау, электр-кабель желілерін салу, тексеру жабдықтары мен автоматты (КИПиА) кабелді желісін тарту, реттеуіш қораптар мен жабдықтарды орналастыру мен іске қосу жұмыстарын жүзеге асырды.

Бұдан бөлек, «Старстрой» ЖШБ Simens, Flowserve компанияларының жұмыстары барысында өз қызметкерлері мен жабдықтарын пайдалануға рұқсат берді. Компания қызметкерлері алдын ала машықтанған, импортты құралдарды жеткізуші мердігерлердің талаптарына сай болды.

Модернизация жобасының басшылығы атқарылып жатқан жұмыстардың сапасына баса назар аударды. Тиісті қадағалау жұмыстары пайдалану және техникалық қадағалау қызметтерімен жүзеге асты. «Старстрой» кәсіпорнында электротехникалық, метрологиялық

зертханасы бар құрылыс сапасын бақылау қызметтерінің болуы сапаның тұрақты қадағалануына жағдай туғызған еді.

КҚК-ның нысандарындағы жұмыстарды жүргізу барысында еңбектің қорғалуы мен өндірістік қауіпсіздікке аса зор мән берілді. «Старстрой» ЖШБ және Жоба басшылығының бұйрығымен техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженерлер бекітіліп, олар жасалынып жатқан жұмыстардың қауіпсіздігі, жеке қорғану құралдармен қамтулы сынды көптеген шараларды жүзеге асырды. Жоба барысында айтарлықтай тосын жағдайлар мен қайғылы оқиғалар орын алған жоқ.

«Старстрой» ЖШБ-нің басшылығы, инженерлер мен мамандар - барлығымыз да сорғы агрегаттарын модернизациялау жобасында жинаған тәжірибеміз болашақта да бірігіп жұмыс атқаратынымызға кепіл болады деп сенеміз.

Баршаңызды Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын! ■

Борис Забулдин,
«Старстрой» ЖШБ-нің
бас директоры

Рокки Кинг:

«Менің тәжірибем КҚК-ға керек»

ЕКІ БАҒЫТТА ЖҰМЫС ЖАСАЙТЫН МАМАНДАРДАН ҚҰРАЛҒАН ҰЙЫМШЫЛ ҰЖЫМ ЖҰМЫЛА ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ.



– Қолданысқа беру тобы Кеңейту жобасы аясында 2010 жылдың мамыр айында құрылған. Оның өзі қолданысқа беру тобы мен іске қосу, реттеу (ІҚР) тобынан тұрады, - деп түсіндірді құрылым басшысы, қолданысқа беру жөніндегі менеджер Василий Рошин. – Біздің топтың негізгі міндеті - кешенді сынамалау бағдарламаларын, сонымен қатар жаңа МАС мен резервуар паркі үшін қауіпсіз өндіріс талаптарын ескере отырып, Максимо жүйесін техникалық қамтамасыз ету бойынша жұмыс жоспарларын жасау және қолданысқа беру кезіндегі рәсімдерді әзірлеу болып табылады. Біздің мамандар МАС-ын кешенді сынамалау кезінде техникалық шешімдерді жүзеге асырады. Қолданысқа беру департаментімен бірлесе отырып мұнай айдауды тоқтату немесе оның жұмыс тәртібін өзгерту сынды шараларды жоспарлауға қатысады.

ІҚР тобының мамандары негізінен салынып жатқан МАС-нда жұмыс істейді. Олар станция, резервуарлардың құрылысы біткеннен кейін олардың жабдықтарын сынау жұмыстарына, нысандардың мұнаймен толтыруға дайындығын тексеруге, мұнай құйылған МАС жабдықтарын кешенді сынамалау және т.б. жұмыстарға тікелей қатысады. Олар турбиналар мен электр жетекті сорғыларды реттеу жұмыстарына қатысу үшін МАС-на барып тұрады. ІҚР тобы магистральды сорғы агрегаттары, үлкен диаметрлі ілмекті арматура, қысым толқындарын тегістеу жүйесі, вентиляция және кондициялау

жүйелері секілді басты жабдықтарды жеткізушілермен оларды қадағалау бойынша келісімдер жүргізеді. Біздің бас инженерлеріміз құрылыс мердігеріне техникалық күрделі жабдықтарды монтаждау, іске қосу және сынау жұмыстарын дұрыс жүргізуге көмектеседі. Топ сондай-ақ салынып біткен барлық нысандар бойынша қабылдау-тапсыру туралы атқарушы құжаттамаларын тексеру, қабылдау және Қолданысқа беру департаментіне тапсыру жұмыстарына қатысады, - деп түйіндеді Василий Рошин.

Шетелдік маман – қолданысқа беру және ІҚР жөніндегі кеңесші Роквелл Алан Кинг топ қызметкерлерінің арасында үлкен құрметке ие. Әріптестері оны ілтипатпен Рокки деп атайды. Біз одан өзі туралы, алған білімі мен жұмыс тәжірибесі туралы айтып беруді өтіндік.

– Мен 1995 жылы Техас университетінде «Химия технологиялары» бағыты бойынша бакалавр дәрежесін, 2003 жылы бизнес-басқару магистрі дәрежесін алдым. АҚШ-тағы ең ірі білім ордаларының бірі болып саналатын бұл университет білім берудің көптеген бағыттарын ұсынады. Соның ішінде мұнай-газ ісі, бухгалтерлік есеп, Латын Америкасы елдерін тану бойынша магистрлік бағдарламалар бар. Аталған білім беру бағдарламалары АҚШ-тағы ең үздік болып саналады. Менің ойымша бизнес-басқару бағдарламасы бойынша – «Қиындықты басқару» және «Білім басқару» пәндері ең тиімді. Бұл курстар

адамдар мен ұйымдар арасындағы өзгеше әрекеттестікке, сонымен қатар адам табиғатын басқару әдістеріне ерекше көңіл бөледі.

Осы курстарда алған білімім маған АҚШ-тан тыс жерлерде жұмыс істегенімде жаңа мәдениет пен басшылық әдістеріне жылдам бейімделуге көмектеседі.

Университетте ең тиімді техникалық білімді статикалық күштер және динамика (энергияны сақтау және қозғалыс инерциясы заңдары) жөніндегі курстардан алдым. Бұл маған әлемнің «физикалық» құрылымын түсінуге көмектесті. Инженер ретіндегі білімім толыққанды болғанымен, тәжірибем болған жоқ. Сондықтан менің ойымша, мұнай өнеркәсібі саласының болашақ мамандарының барлығы бір немесе екі семестр өндірісте тәжірибеден өткен жөн.

– Сіздің ойыңызша мұнай өнеркәсібі саласының мамандары арасында қандай оқу орындары танымал?

– АҚШ-тағы мұнай өнеркәсібі саласы мамандарының көпшілігі және оларды жұмысқа алатын компаниялардың басым бөлігі ең әуелі түлектің аккредитациядан өткен университетті тәмамдағаны маңызды. Кеңейту жобасында Омск мемлекеттік техникалық университетін, Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университеті мен Губкин университетін бітірген көптеген білікті мамандар еңбек етеді. Тюмень индустриалдық университеті жоғары халықаралық беделге ие. Жалпы, Ресейде әлемдік

деңгейдегі мұнай техникалық университеттер өте көп.

– Сіз еңбек жолын қайда бастадыңыз?

– Мұнай кәсібіндегі алғашқы қадамдарымды ерте бастадым. Алдымен өнеркәсіптің мұнай-химия саласында тәжірибе жинадым. Кейін бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика (БӨАЖА) монтажи, байланыстыру бойынша сызбалар жобалаушы және құрастырушы болдым.

1991-1992 жылдары мен Сирияда БӨАЖА және мұнай өндіру нысандарын басқару жүйесінің монтажын аяқтау жобасына қатыстым. Маған жобалық қателіктерді жою, жабдықты жеткізуші компания мамандарының көмегінсіз жабдықтардың ақаулары мәселелерін шешу талап етілді. Сондықтан ол жақта өзімнің кәсіби біліктілігімді шыңдадым десем болады. Осылайша мен басқалардың көмегін күтпей-ақ мәселелерді өз еркіммен шешуді үйрендім.

Менің халықаралық жобаларда және нысандарды пайдалануға беру бойынша жиған 25 жылдық тәжірибем КҚК-ға керек болды. Кеңейту жобасында мен халықаралық алдыңғы қатарлы тәжірибелерді біріктірудің әлдеқайда жетілдірілген әдістерімен танысып шықтым.



Кеңейту жобасының пайдалану тобы тобы КҚК Мәскеулік кеңсесінде

Мұнда қазіргі күрделі шешімдердің қарапайым шешімдерге қарағанда әрқашан тиімді бола бермейтініне көзім әбден жетті. Менде енді осындай ресейлік тәжірибем барына әрі Консорциумның көпұлтты командасының мүшесі болғаныма қуанамын. Ол менің болашақта басқа да халықаралық жобаларға тез бейімделуіме көмектеседі.

ІҚР тобы мен кеңейту жобасының қолданысқа беру жөніндегі кеңесшісі ретінде әріптестеріме техникалық және тактикалық тұрғыдағы ұсыныстарымды беремін. КҚК-ға қажетті қолдау көрсету үшін нормативті талаптарға сәйкес жобаларды орындаудың ресейлік әдістемесіне менің халықаралық тәжірибемді енгізу нұсқаларын дайындау барысында менің жетекшім Василий Рошин және топ мамандарымен қарым-қатынасым өте жақсы болды.

–Қай елде жұмыс істеп, қай елде өмір сүрген ұнады?

– Бұрын-соңды жұмыс істеген елдердің ішінде мен үшін Ресейде тұрған қолайлы болды. Сирияда, Алжирде, Иракта, Анголада және Қытайдың шалғай елді мекен қарапайым трейлерлерде тұрдым. Алайда ІҚЖ бойынша шаруаларды атқарғандықтан күнде қолымнан сайман түспейтін. Жабдықтардың дұрыс жұмыс істеуі мен өндірістік

үрдістерді жолға қою жұмыстары маған міндеттелген еді. Бұл мен үшін қызықты болды.

Экспат ретінде тұрған жерлеріммен салыстырғанда Мәскеу – өте таза қала. Сондай-ақ, Ресейдің бір ерекшелігі – ол өз жобаларын жергілікті мамандармен-ақ қамтамасыз ете алады. КҚК кеңейту жобасына қосылмай тұрып осыны өз көзіммен көрем деп ойлағанмын. Өйткені бұған дейінгі жобада (Қытайда) біздің ІҚЖ тобының шамамен 25% ресейліктер болатын.

– Мұнай саласында жұмыс істеу үшін адам ең әуелі шыдамды болуы керек. Сіз әскер қатарында болдыңыз ба? Болсаңыз бұл тәжірибеңіздің сізге қаншалықты пайдасы тиді?

– Мен 1977-1981 жылдар аралығында АҚШ ӘТК теңізшісі болдым. Түрлі мәдениеттің адамдарымен қарым-қатынас орнату тәжірибесі мен үшін өте пайдалы болды. Менің кемем Тынық және Үнді мұхиттарында қалқып, Мексика, Жапония, Филиппин, Фиджи, Самоа, Сингапур және Австралия сияқты елдерде аялдады.

2005 жылы солтүстік Иракта АҚШ әскерінің инженерлік күштерінің мердігері ретінде жұмыс істеген кезімде жиған тәжірибем одан да қызық болды. Біз ирак әскері мен полициясына арналған инфракұрылым салдық. Мен қауіпті әрі ауыр жағдайда жұмыс істейтін АҚШ сарбаздары мен жергілікті тұрғындардың, еркек болсын, әйел болсын, әрекеттерін бақылап жүрдім. Бұл әрекеттер даналық, қайсарлық және аяушылыққа негізделген болатын.

Сұхбат соңында “ сіз немен әуестенесіз?”, –деп сұрадық.

– Мен әуесқой гольфистпін! – деп күледі Рокки Кинг. – Соңғы 20 жылда қайырымдылық велшерулерінде жүздеген шақырымдарды артқа тастадым. ■

Жазып алған
Екатерина Суворова

Мұнайшы болу – бақыт

МҰНАЙ САЛАСЫНА АДАМДАР ӘРТҮРЛІ ЖОЛДАРМЕН КЕЛЕДІ. АЛАЙДА ОНЫҢ БӘРІ ТҮБЕГЕЙЛІ МҰНАЙШЫ БОЛЫП ҚАЛМАЙДЫ. ЖУРНАЛ ОҚЫРМАНДАРЫ МҰНАЙ САЛАСЫНА КЕЛУІМЕ ЖҰБАЙЫМ СЕБЕПШІ БОЛҒАНЫН ОҚЫҒАНДА КҮЛЕТІН ШЫҒАР...



Кененсары Қабдолдин

САЛАМЕН БІРГЕ

Жұбайым Үміт Мәскеудегі И.М. Губкин атындағы мұнай-газ институтының химия-технология факультетінде оқыған. Мамандығымыз ұқсас болсын деген мақсатпен Мәскеу мұнай-химия және газ өндірісі институтының мұнай зауыттары жабдықтары факультетіне оқуға түстім.

Дипломымызды алған соң 1973 жылы әйеліміз екеуміз жолдамамен Қазақстанға, Маңғышлақ өңіріне жаңа құрылған ҚазГӨЗ-на келдік. Компрессорлық цехта 5-ші разрядты машинист болып бастап, жастар комсомол бригадасының бастығы, компрессорлық цех басшысы, 95% этан қондырғысының басшысы болдым. Француздық Крезолуар фирмасының қатысуымен жүзеге асырылған сығу компрессорлық станциясын қайта жөндеу кезінде жиынтықтау, монтаждау, іске қосу, қайта жөндеу, қолданысқа беру жұмыстарымен айналыстым.

1986 жылы Мұнай өнеркәсібі министрлігі мені Теңіз кешенінің

құрылысына, ЖТБ-1,2 өндірісінің басшысы қызметіне ауыстым. Ол жерде Лурги (ГФР), Литвин (Франция), Лавалин (Канада) секілді шетелдік мамандармен жұмыс істеп, тәжірибе алдым. Құрылыстың бас мердігері – Кеңестік Интергазстрой болатын. Ал қосалқы мердігер – венгрлік Ведепсер фирмасы еді. Ал сапасын бақылау жұмыстарын швейцариялық СЖС-энергосараптама жүргізетін.

1994 жылы Қазақгазға ауысу арқылы менің мұнай саласындағы өмірбаянымның жаңа кезеңі басталды. Қарашығанақ кен орнында көмірсутек шикізатын қайта өңдеу жұмыстары бойынша бас маман болып тағайындалдым. Бұл КСРО-ның ыдырап, жаңа тәуелсіз мемлекеттер құрылған қиын-қыстау шағы еді. Сала құлдырап көптеген мамандар кен орындарынан кетті. Маман тапшылығы басталды. Ал кен орындарында қалған жандардың мойындарына үлкен жауапкершіліктер артылды, тіпті әмбебап болуға

тура келді. Мен жөндеу жұмыстарымен, техникалық жабдықтардың олқылықтарын жөндеумен айналыстым. Қарашығанақ кен орнынан Орынбор зауытына, Башқұртстандағы Салават оргсинтез зауытына мұнай мен газ тасымалдау технологияларын еңгіздім. Осы жолда күкіртті сутек пен жоғары молекулалық қосындылардан мұнайды тазарту, мұнай конденсатын қайта өңдеу мәселелері де шешілді...

Бағыма орай маған көмірсутегін шығарудан бастап оны қайта өңдеуге дейінгі технологиялық тізбек бойынша мұнай саласының барлық сатыларында жұмыс істеу бұйырыпты. 1998-2000 жылдар аралығында қазақ-канада бірлескен Дала барсы фирмасында күкірткөмірсутегінен көмірсутек шикізатын бөліп алу жұмысы бойынша блокты-модульды қондырғының дайындығына менеджер ретінде қатыстым. Токаревское, Теплово-Токаревское, Гремячинское, Каменское кен орындарынан



Францияның Солигент Вентек фирмасының технологиялық қондырғысын қабылдау сәті. Оңнан солға қарай – Лурги (ГФР) фирмасының менеджері Горек мырза, К. Қабдолдин, аудармашы Петр және Солигент Вентек фирмасының менеджерлері. 1988 жыл.



1991 жылдың бшы сәуірінде алғаш мұнай алынған №8 ұңғыма. Солдан оңға қарай – К. Қабдолдин, КСРО Мұнай өнеркәсібі министрінің орынбасары В. Надин, КСРО Мұнай өнеркәсібі министрі Л. Чурилов және басқалары. Сурет 2003 жылы түсірілген.

мұнай көзін табу мәселелері және мұнай-газ тасымалдау жұмыстарымен айналыстым.

КҚК: ЭКСПЛУАТАЦИЯ

КҚК-ға 2000шы жылы келдім. Мұнай саласындағы 27 жыл еңбек өтілім мен шетелдік мамандармен бірлесіп жұмыс істеуде жиған тәжірибем «Теңіз» МАС және «Атырау» МАС қайта жөндеу кезінде көптеме жарады. Шеф-монтаждаушы, бас мердігерлермен қарым-қатынас орнаттым. Олармен техникалық мәселелерді шешуде ортақ келісімдерге қол жеткізіп отырдық.

Алғашқы күннен бастап бүгінгі күнге дейін маған демеу болып қол ұшын созған КҚК механигі Марат Ибрагимов болды. Ол басқаратын механиктер командасы жоғары кәсіби біліктілігімен ерекшеленеді. Олег Колесников (Орталық өңір), Алексей Фоменко, Виталий Романов және Владимир Гушин (Батыс өңірі), Алексей Асташкин және Василий Горькин (Теңіз терминалы) ерекше атауға болады. Барлық мәселелерді ұжым болып, бір-біріне көмектесіп шешеді. Бұл КҚК механиктер командасының ауызбіршілігінің арқасы.

Осы өңірдің механигі ретіндегі менің міндетім МАС-ны еш кідіріссіз

механикалық-технологиялық жабдықталуын және мұнай айдау желісі бойынша магистралды әрі тіреуіш сорғылармен, ілмекті арматуралармен, көмекші сорғылармен, мұнай есебіндегі коммерциялық түйіндер жасап, желдету жүйесімен қамтамасыз ету болды.

Алғашында магистралды және тіреуіш сорғылар жұмысында көптеген мәселелер кездесті. Біздің техникалық қызмет көрсетуге арналған құрал-жабдықтарымыз Кеңес үкіметі кезінде шыққандықтан соған сай әрекет етуімізге тура келді. Біраз жұмыс істеген соң олар шағын және күрделі жөндеу жұмыстарын қажет етіп, ұзақ уақыт жұмыс істемей тұратын. Бұл бізге мүлде ұнамағандықтан техникалық жабдықтарды құрастырушылармен және жеткізушілермен ақылдаса бастадық. Шетелдік компаниялардың тәжірибесіне сүйене отырып жабдықтарды оның қалыптағы жағдайына қарай жөндеп, үнемі сараптамадан өткізіп, соның нәтижесіне сай жөндеу түрін жүргізу керектігін түсіндік. Бұл жабдықтау жұмысын үйлесімді жүргізуге мүмкіндік берді.

2009 жылы Теңіз МАС-ндағы тіреуіш сорғылардың мәселесін де оңтайлы шештік. Ол жердегі сорғылар МПВ 2500/80 еді. Ал бірі МПВ 1250/60 сорғысы өнімділігі төмен болғандықтан мүлде жұмыс істемеді. Өңірлік менеджер Сәрсенбай Мұрыновпен кездесе отырып, біз дайындайтын зауыт пен оның бас құрастырушысына МПВ 1250/60-ты шығару көлемін арттыруды сұрадық. Бізбен кездесіп тіреуіш сорғының роторын қуаттылығы жоғарырағына ауыстыруға кеңес берді. Біз қарқынды іске кірісіп кеттік. Нәтижесінде сорғының өнімділігі сағатына 1250 м³-қа артты, станцияда толыққанды сорғы қоры пайда болды.

2010 жылы Сәрсенбай Мұрынов Теңіз МАС-ндегі магистралды сорғылардың өнімділігін арттыру туралы тапсырма берді. Мен кезінде біздің магистралды сорғыларымызды жобалауға қатысқан Сум зауытының бас құрастырушысына байланысқа



Зауыт директоры Ю.А. Махошвили және К. Қабдолдин ТШО операторлық бөлмесінде, ЖҒЗЖИ-ның Макушенко жобасының ЖБИ. Газды қайта өңдеу. 2003 жыл, ТШО қосылғанына 12 жыл.

шықтым. Ол КҚК-ның жетекші инженер-технологы Олег Кожевниковпен бірлесіп есеп жүргізіп, олардың өнімділігін едәуір арттыруға болатынын айтты. Бұл есепке сәйкес зауытта жұмыс өнімділігі жоғары дөңгелекті роторлар шығарылды. Біз оны магистралды сорғыларға орнатқаннан кейін олардың әрқайсысының өнімділігі сағатына 650 м³-қа дейін артты. Бұрын сағатына 2500 м³ мұнай айдаған А, В, С сорғылары енді сағатына 3150 м³ айдайтын болды.

ЛАЗЕРДЕН ДЕ ДӘЛІРЕК

Бір қызық оқиға айтып берейін. 2012 жылдың желтоқсанында «Теңіз» МАС магистралды сорғыларын сынақтан өткізу үшін Фловсёрв Этен Лёрге келдім. Олардың орталығы тексеру кезінде осы жауапты операцияны жүргізуге көмектесетін, 1/100 мм-ге дейінгі дәлдікпен анықтайтын лазерлік құрылғыны көрсетті. Мен сол жердегі әріптестеріме бізде де бекетте сорғылардың ортасын анықтайтынмызды, сондай-ақ 1/100 мм-ге дейінгі ортасын дәлдікпен көрсете алатынымызды айттым. Бірақ сорғы жүктемесінің жұмысын және ортасын анықтау үшін біз олар естіп көрмеген «құрылғы» пайдаланатымызды жеткіздім. Фловсёрдегі мамандар қызығушылық танытқан соң мен магистралды сорғыларды сынақтан өткізер кезде »



жасауына, демалуына жасалған жағдай шынымен халықаралық деңгейде болды. Жайлы баспана, дәмді тамақ, вахтасыларға арналған бірнеше спорт залы болды. А-МАС-ЗА-да вахталық қалашық екі бөлмеден тұратын 40 футтық жайлы контейнерлерден салынған болатын. Жағдай Теңіздегідей бол-маса да өмір сүру үшін өте қолайлы болатын.

Кеңейту жобасы өз басым үшін несімен қызықты? Бәрінен бұрын алдыңғы қатарлы технологияларын, заман талабына сай жабдықтауын атар едім. Теңізден Новороссийскіге дейінгі мұнай тасымалдау үрдісін барлығы автоматты жаңа жүйе арқылы бір орталықтан басқарылатыны мақтауға тұрарлық.

Тағы айта кеткім келетіні, кез келген адам сияқты мұнайшы үшін де оның басты байлығы – оның отбасы. Ал менің отбасым өте тату, шаңырақта ауызбіршілік пен түсіністік орнаған. Біздің отбасымызда да мұнайшылар әулетіне айналды. Себебі менің екі ұлым да мұнайшы, келіндерім де осы салада еңбек етуде. Бұған дейін айтқанымдай бұл жолдың бағыт-бағдарын жұбайым Үміт Оразқызы салған болатын. Ал немерелерім таңдауын өздері жасар. ■

*Кененсары Қабдолдин,
«Теңіз» МАС пайдалану бойынша
жетекші маман*

олардың ортасын табу үшін менің құрылымды пайдаланып көруді ұсындым.

Келесі күні сынақ текшесінде электрлік қозғалтқышты МН-ді іске қосты. Сорғы 100% жүктемеге шыққанда қалтаманнан 10 тиынды суырып алып электрлік қозғалтқыштың жиегіне қырымен қойдым. Тиын құлаған жоқ және жұмыс істеп тұрған сорғы да тұра берді. Осыдан кейін мен тиынды сорғының мойынтірек түйініне қойдым. Тиын қырымен тұрды, айналды, бірақ құламады. Сол кезде мен «сорғының ортасы шынымен жақсы табылыпты, оны менің құрылым көрсетті. Ол лазерден де дәл көрсетеді!» дедім. Мұны көріп тұрғандар менеджерден бастап механикке дейінгілер, слесарьлар бәрі таңғалды. Олар дереу тиын тұрған агрегатты суретке түсіре бастады.

КЕҢЕЙТУ ЖОБАСЫНДА

Кеңейту жобасына келгенде мен қолданысқа беру жұмысы бойынша менеджер Василий Рощиннің, іске қосу жұмыстары бойынша менеджер Александр Дорошенко, қолданысқа беру тәртібі бойынша жетекші маман Владимир Гушин, іске қосу жұмыстары (ІҚЖ) үйлестірушісінің орынбасары Крис Вэбстердің іс жүзінде асқан кәсіби шеберлік танытатындарын жоғары бағаладым. Олардың көмегі мен кеңестері менің мұнай саласындағы өмірбаянымның жаңа сатысында аса маңызды болды.

ІҚЖ тобы вахталық әдіспен жұмыс істейді. «Теңіз» МАС қайта жөндеу жұмыстары жүргізілген кезде, А-МАС-ЗА станциясында да солай болды. Нақты айтсақ, Теңізде қызметкерлердің өмір сүруі мен жұмыс



Теңіздегі вахталық кент



Бәріміз де бала болдық. Ал маман ретінде біз өз Альма-Матерімізге, яғни білім алған оқу орнына борыштармыз. Латын тілінен аударғанда «Alma mater» – «асыраушы ана» деген ұғымды білдіреді. Ежелде «рухани азық» беретін университетті студенттер осылай атаса керек. Студенттік жылдарда алған білім мен білік адамның алдағы кәсіби даңғылына жол ашады, тіпті тағдырына айналады.

«Панорама КҚК» редакциясы мына сауалдарға жауап іздеді: КҚК мамандары өз кәсібиліктері үшін қандай жоғарғы оқу орнына қарыздар? Алған білімдерінің қандай пайдасы болды? Кешегі студенттер үшін өмірде кәдеге аспаған «артық» білім болды ма? Тәжірибелі мұнайшылар ретінде осы саладағы кәсіби мамандарды даярлауды жақсарту үшін білім жүйесінде мақсатты түрде нені өзгерту керек? Оқу жылдары несімен есте қалды? Әсіресе қай жоғары оқу орындарының түлектерін өндірісте жоғары бағалайды? Міне, осы сияқты қызықты сауалдарға КҚК мамандары жауап берді.

Тарихы терең білім ордасы

МЕН ӨЗІМНІҢ АЛҒАШҚЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМІМДІ 2004 ЖЫЛЫ АСТРАХАНЬ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНЕН АЛДЫМ. ОЛ БІЛІМ ОРДАСЫНДА МЕН «ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ» КАФЕДРАСЫНДА ОҚЫДЫМ.

Профильді мұнайға қатысты білімім үшін мен Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университетіне борыштармын. 2014 жылы мен «ГЖБ және ММХ пайдалану, салу, жобалау» кафедрасынан инженер-механик дипломын алып шықтым.

УММТУ – тарихы терең білім ордасы. 1948 жылы негізі қаланған бұл университет Ресейдегі мұнайшыларды даярлайтын беткеуштар білім ошақтарының бірі. Оның қабырғасында көптеген танымал мұнай саласының жетекші басшылары, саяси қайраткерлер оқыған. Мысалы, Башқұртстан Республикасының тұңғыш президенті Мұртаза Рахимов, «ГазПром» ААҚ басшысының орынбасары Александр Ананенков, «Лукойл» ААҚ вице-президенті Ралиф Сафин, Ямал-Ненецк автономды округінің губернаторы Дмитрий Кобылкин – УММТУ-дың бұрынғы студенттері.

Университетте жоғары білікті кәсіби оқытушылар құрамы бар. Олардың біразы талай жылдар өндірісте жұмыс істеген. Сол себепті де мұнай саласын жетік біледі. Сонымен қатар, оқу ордасының сапалы маман даярлауда маңызды



фактор ретінде білім үдерісін материалды-техникалық жағынан қамтамасыз еткенін, тәжірибелік сабақтарға арналған зертханасы, т.б. бар екенін атап айту керек.

Бұл білім ордасы менің білікті маман боп қалыптасуыма әсер етті. УММТУ-де алған білімім тәжірибеде кәдеге асты, көп көмегін тигізді. Өйткені тек құрал-жабдықтар мен үдеріс өзгерді, ал негізгі қағидалар мен амал-тәсілдер өзгерген емес. Ішінара ЖОО-да кеңес дәуірінің оқыту әдісі қолданылды. Бір қарағанда инженерге өндірісте

мүлде қажеті болмайтын пәндер де болды. Алайда олардың өзі дүниетанымыңды кеңейтіп, ойлау қабілетіңді күшейтеді. Іс жүзінде, мансап баспалдағына көтерілген сайын терминология мен механизм туралы білім ғана емес, техника тілін біле бермейтін сұхбаттасушыңа ақпаратты ұғынықты тілде жеткізе білу, әңгімелесе алу өнері де керек екенін түсіне бастайсың.

Мұнай саласының мамандарын даярлауды жақсарту үшін, менің ойымша, ЖОО-дағы әдебиеттер мен оқыту әдістемесіне өндірістегі жабдықтар мен үрдістердің енгізілуін жүйелі түрде соңына дейін жеткізу маңызды. Сонда бұл жас маманның өндіріске бейімделу уақытын барынша қысқартар еді.

Қазіргі уақытта мұнай саласында қызмет ететін мамандарды даярлап отырған Ресейдегі алдыңғы қатарлы әрі атақты оқу орындары И.М. Губкин атындағы мұнай және газ РМУ мен УММТУ деп айта аламын. ■

*Александр Антонов,
МӨҚ және мұнай құбырлары
үйлестірушісінің м.а., ҚР*

Мұнайлы Грозный еді білім берген...

1992 ЖЫЛЫ АКАДЕМИК М. Д. МИЛЛИОНЩИКОВ АТЫНДАҒЫ ГРОЗНЫЙ МҰНАЙ ИНСТИТУТЫН ТӘМӘМДАҒАН СОҢ, «ХИМИЯ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ КЕШЕНДІ МЕХАНИКАЛАНДЫРУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ДИПЛОМ АЛДЫМ.



Евгений Шинкарь

... ЖӘНЕ ӨМІР

Сонымен қатар институтымыз қоғамдық өмір жағынан да өте тартымды еді. Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп тұратын «Студенттер көктемі» атты көркемөнерпаздар байқауы өте маңызды шара болатын. Түрлі факультет студенттері ән салу, би билеу, әзіл-оспақ бойынша сайысқа түсетін. Осы концерттерге билет табу қиынға соғатын. Әдетте мамыр айында өткізілетін қорытынды концерттердің маңыздылығы қала үшін Алла Пугачеваның келуінен де кем болған жоқ. 1000 адамға есептелген Грозный мұнай институтының концерт залында ине шаншар орын болмайтын. Институтымызда көптеген үйірмелер мен секциялар жұмыс жасады. Ресейдің оңтүстігінде сол кезде «Грозный мұнай институтының джаз студиясы» кеңінен танымал еді, мұнай механикасы факультетінің студенттері Одесса қаласында өткізілетін әзіл фестивальдерінде жүлделі орындарға ие болатын.

Грозный институтында білім алған кезең мен үшін өз мүмкіндіктеріңді сынап көретін, ұнаған саланы анықтап, сол сала бойынша жетістікке жетуге ұмтылуға бағдар алатын керемет кезең еді. Институт маған біраз нәрсені үйретті. Кәсіби тұрғыда ең алдымен алынған ақпаратты салыстыруға, тәуелсіз қорытындылар шығаруға, өндірістік үдерістер туралы кең мағлұматты алуға үйретті.

МЕНИҢ ҰСТАЗДАРЫМ

Көптеген мұғалімдер өз сабақтарын әзіл араластыра, жекімей-ақ жүргізіп, студенттердің сүйіспеншілігіне бөленді.

Мысалы, Г. Д. Тагесовтың реттеу жүйелерін құру мен салу жөніндегі лабораториялық жұмыстары өте күрделі сабақтар жеңіл түрде беріліп, лезде санаға құйып алуға болатын ерекше мүмкіндігімен есте қалды.

Мамандыққа кіріспені жүргізген профессор К. Донцовтың сабақтарын мүлде ұмытуға болмайды. Егде жасқа келіп қалғанына қарамастан, бұл ғалым өзінің өндірістік тәжірибе алу кезінде алған әсерлерін қызықты айта отырып, сабақты тамаша өткізетін. Оның жастардың әзілі мен көңіл-күйін түсіне білу деңгейі кәсіби психолог немесе әртістің шеберлігінен кем түспейтін.

«АРТЫҚ» ЕШТЕҢЕ ЖОҚ

Тәжірибе кезінде автоматты реттеу, бақылау-өлшеу аспаптарымен жұмыс жасау және буль алгебрасы жөніндегі білімдеріміз пайдаға асты. Алайда автоматтандыру жөніндегі инженер өз мамандығына ғана қатысты жайттарды емес, басқарып отырған үдерістерге қатысты барлық аспектілер туралы да хабардар болуы тиіс. Сондықтан гидравлика, термодинамика, көмірсутегі шикізатын өңдеу технологиясы, қолданбалы және теориялық механика секілді пәндер автоматтандыру жөніндегі инженерге мұнай, газ және ішінара химия саласындағы өзге үдерістер туралы хабардар болуға септігін тигізетін.

Әрине, өндіріске еш қатысы жоқ сабақтар да болды. Мысалы, «КСРО тарихы» немесе философия пәндерін айтуға болады. Алайда уақыт өте келе әрбір адам философқа айналып шыға келеді. Рас, Гегель диалектикасы мен Фейербахтың материализмі каскадты реттеудің

тиімділігін арттыру мәселесін жіті түсінуге жол ашпас, бірақ өмірде кейбір жағдайларда өзгеше көзқараспен де ойлануға тура келетін кезеңдер болады. Бұл тұрғыдан алғанда осынау «артық» пәндер қазірде де орын алып жатқан оқиғаларға философиялық тұрғыдан қарауға мүмкіндік береді.

ОСЫ ИНСТИТУТТЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Институтты бітіргеннен кейін мамандардың білімінің жетіспеушілігімен кездесетін жағдайлар болатыны рас. Осыған орай айтарым, біздің сала бойынша аппаратық немесе бағдарламалық ғылым өте тез дамып келе жатқандықтан, институтта алған негізгі білім аздық етеді. Алайда автоматтандыру жөніндегі инженер үшін ең маңыздысы – жаңа ақпаратты қабылдай алуы. Яғни, қауіпсіз жұмыс жүргізудің жаңа әдістемесіне, автоматтандырудың сан қырлы бағдарламаларын жаңадан игеруге, тағы басқа көптеген жаңашылдыққа бейімделуге дайын болуы керек. Бұл тұрғыдан қарағанда, алған білімнің аздық ететіні бар, әрине. Бірақ Грозный мұнай институтында алған білімнің мол қоры қазіргі өндірістің кез келген талабына лезде бейімделіп кетуге септігін тигізеді деп айта аламын. Өндірісте бұның өзі кәсіби біліктілігіңді арттыруға көмегі мол.

ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жоғары оқу орнында мамандарды дайындау сапасын қалай арттыруға болады? Соңғы 20-30 жылда ғылым мен қолданбалы бағыттар әлдеқайда ілгері кетіп қалғанын ескерер болсақ, менің ойымша, автоматтандыру инженері сынды мамандыққа дайындау бағытын екі тарауға бөлу керек секілді. Біріншісі, автоматтандырылған жүйелерді басқаруды жоспарлау инженері. Екіншісі, автоматтандырылған басқару жүйесін пайдалану инженері. Бір тамыры болғанымен, бұл екеуі екі бөлек салаға айналған бағыттар. Егер жобалау жөніндегі инженерге ресейлік немесе халықаралық жобалау жөніндегі стандарттарды білу керек

болса, пайдалану инженері қолданбалы бағыттарды жақсы білуі керек, бағдарламаларды жасақтауды, аппаратты қамтамасыз етуді, үдерістің өзін, технологияны етене жақсы білгені дұрыс. Ондаған жылдар ішінде бұл бағыттағы ғылым тереңдеп кетті, сондықтан жоғарыдағы мамандықтар бойынша мамандарды бөлек дайындаған абзал, бірақ үдерісті білу шарты ортақ болуы керек.

КӘСІБИЛЕР

Болашақ мұнайшыларды дайындайтын жоғары оқу орындарының қайсысын ең үздік деп атар едім? Әрине, бұл жерде объективті түрде баға беру қиындау, мен үшін, мысалы, Грозный мұнай институты үздік болатыны түсінікті. Менімен бірге жұмыс жасаған мамандарға қарағанда, автоматика жөнінен Татарстан, Уфа, Саратовтың жоғары оқу орындары да тым-тәуір дайындайды. Менің білуімше, бұлардың барлығы да жергілікті оқу орындарын тәмәмдағандар. Олардың кәсіби біліктілігінің жоғары екендігін атап өте аламын. Бұдан бұрын Газпромда жұмыс жасағанымда Тюмень, Сургутта жұмыс жасағандар құрметтелетін, өйткені мұнда жұмыс жасау өте күрделі ғой, тәжірибені мол жинақтайды. Кез-келген тосын

жағдайдан шыға алатын шешімдер қабылдай білетін мамандар құрметтелетіні сондықтан. Көптеген мамандар Уфа мен Тюмень институттарын бітірген жандар, әрине, солтүстікте жұмыс жасағандардың көпшілігі Грозный мұнай институтын тәмәмдағаны мен үшін ерекше мақтаныш сезімін тудырады.

КҚК -да жұмыс жасаған өзге елдер мамандарына келер болсақ, АҚШ пен Германия инженерлерін атап өтуге болады. Әрине, субъективті түрде бағалаймын ғой, бірақ, немістердің жұмысқа берілгендігі, шынайылығы, кәсіби біліктілігі жоғары болатын. АҚШ инженерлері болса, ашықтығымен, риясыздығымен баурайтын. Бұның барлығы қорыта келгенде, оңды нәтижеге қол жеткізуге көмегін молынан тигізеді. ■

Евгений Шинкарь,
КҚК -ның Астрахань
қаласындағы кеңсесі,
Басқару жүйелерінің
жетекші инженері



ГМИ-дегі
студенттік өмір

Студенттік көктем сәтінен

ГМУ: кеше мен бүгін

КҚК-ДАҒЫ ҚЫЗМЕТІМДІ МЕН 2001 ЖЫЛЫ 8 НАУРЫЗДА «КОМСОМОЛЬСКАЯ» МАС-НЫҢ АУЫСЫМ БАСШЫСЫ БОЛУДАН БАСТАДЫМ. АЛҒАН БІЛІМІМЕ КЕЛЕР БОЛСАҚ, 1979 ЖЫЛЫ АКАДЕМИК МИЛЛИОНЩИКОВ АТЫНДАҒЫ ГРОЗНЕНСК МҰНАЙ ИНСТИТУТЫНЫҢ МҰНАЙ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТІН «ОРГАНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МҰНАЙ ХИМИЯСЫ СИНТЕЗІНІҢ НЕГІЗГІ ТЕХНОЛОГИЯСЫ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІТІРДІМ.



Ганур Кужуев

Институтта оқыған жылдарымды еске алғанда, шындығын айтсам, екіұдай күйге түсемін. Бірге оқыған жора-жолдастарым, олармен бірге өткізген демалыстарымыз, спортпен шұғылданғанымыз, қойған концерттеріміз, бәрі-бәрі әлі күнге дейін маған тым ыстық...

Біздің ГМУ-да әсіресе спорт жағы қатты дамыған еді. Студенттер арасында ел чемпиондары, халықаралық турнирлердің жүлдегерлері, КСРО спорт шеберлері, спорттан халықаралық класс шеберлері жетерлік еді. Бокстан «Буревестик» ОК құрамасына біздің университеттен 8 бірдей спортшы кіргенін айтса да жетіп жатыр. Ол үшін студенттерге барлық жағдай жасалған еді. Студенттердің арнайы спорт сарайы, спорт алаңдары, тіпті Қара теңіз жағасында орын тепкен Агой ауылында арнайы спорттық-сауықтыру лагері, сондай-ақ Шешен-Ингушетия мен Солтүстік Осетияның аумағында арнайы демалыс орны болды.

Бірақ комбайнның сызбасын сызып, курстық жобаларды жазып, күнделікті коллоквиумға дайындалып отыратын түндерді еске алсам, бүгінде соның бәрі артта қалғанына қуанамын. Теледидардан сол жылдары жастардың сүйікті ермегі болған хоккей мен бокстан әлем біріншілігін көрсетіп жатады, ал сен теледидар алдына жайғасып отырып тамашалай алмайсың. Дәл сол шақта біз «қашан оқуды бітіріп, өндірісте жұмыс істейді екенбіз? Ертеңгі сабаққа немесе емтиханға дайындалып қиналмайтын едік» деп армандаушы едік. Бірақ бүгінгі әңгіме ол туралы емес. Сіздерді даңқты әрі біздің сүйікті ГМУ-бен жақынырақ таныстырғымыз келеді.

мәселе боп күн тәртібінде тұрды. Халық комиссарлары Кеңесінің қаулысына сәйкес 1920 жылы 1-тамызда Грозненск жоғарғы мұнай техникумы құрылды. Оқу орнында алғашқы жылдары - тау-кен мұнайы, мұнай химиясы, электрлі техникалық, есеп жүргізу экономикалық бөлімдері және төмен (жұмысшылар үшін) – өндірістегі тау-кен мұнайы, зауыттардағы мұнай химиясы, қаладағы механикалық және құрылыс бөлімдері болды. 1929 жылы Грозненск мұнай техникумы Грозненск мұнай институты атанды. Білім ордасы мұнай өнеркәсібінің мамандарын даярлайтын нағыз ұстаханаға айналды.

Сызба комбайны, курстық жобаларға, күнделікті коллоквиумдарға күн демей, түн демей дайындалатынбыз

Жоғары оқу орнының құрылу тарихынан аздап сыр шертелік. Мұнай саласы ұлттандырылғаннан кейін елде осы саладағы өз мамандарын даярлау керектігі өткір

ГМУ туралы таң атқаннан, күн батқанға дейін тоқтамай айтуға болады. Қаншама жақсы ұстаздар мен дарынды түлектер болды десеңізші! ГМУ түлектерінің арасында Кеңес



Одағының Батыры, бес бірдей Социалистік Еңбек ері, Сталин, Ленин сыйлықтарының лауреаттары мен КСРО Министрлер Кеңесі Мемлекеттік сыйлығының, басқа да халықаралық сыйлықтардың иегерлері баршылық. Грозненск мұнай институты барлау, бұрғылау мен мұнай-газ кен орындарын зерттеу геологиясы ғылымының, мұнай өңдеу мен мұнай-химия ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Жоғарғы оқу орны өндіріс, кәсіпорын басшылары мен ірі ғалымдарды даярлап шығарды. Олардың қатарында КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлері – Н.А.Мальцев пен Л.Д.Чурилов, КСРО Мұнай-химия мен мұнай өңдеу өнеркәсібі министрлері В.С.Федоров пен С.Н.Хаджиев, РФ Геология министрі Д.Л.Федоров, КСРО Басгаз басшысы А.Т.Шмарев, КСРО-дағы ірі «ГлавТюменьнефтегаз»-дың басшысы В.И.Муравленко, КСРО ҒА академиктері М.Д.Миллионщиков пен А.А.Дородницын бар.

ГМУ-да танымал ұстаздар мен ғалымдар дәріс берді. Н.П.Буторин, М.Д.Тиличев, А.Н.Саханов, С.Н.Обрядчиков, Н.Т.Линдтроп, И.С.Голомшток, В.Н.Щелкачев, Б.К.Америк, Б.П.Жищенко, И.О.Брод, В.С.Федоров, А.М.Багаев, Ф.Д.Зенков, С.С.Итенберг, П.П.Забаринский, А.И.Гужов, С.М.Кагерманов, Я.В.Мирский, Б.К.Лотиев,

Г.Б.Пыхачев, М.Н.Смирнова, Л.Е.Симонянц, Б.Н.Башилов, А.В.А.Саидов, С.А.Благодаров, Ш.С.Абрамов, М.М.Александров, А.П.Гришин, Н.И.Лейбман, К.М.Донцов, В.Г.Беликов, Т.Д.Дахкильгов, А.И.Божедомов, П.И.Юсупов, О.А.Мамаев, Ю.А.Стерленко, А.С.Керамиди, А.К.Мановян, В.Х.Межидов, И.Е.Катрышев, М.М.Магомадов, Г.А.Айрапетов, Н.Г.Махуков, Р.Л.Зомбе, В.С.Тверцын, И.А.Баширов, А.И.Втюрин, Н.А.Колесников, Н.А.В.Тепсаев және басқаларды ерекше атап айтуға болады.



Мен ГМУ-да оқыған жылдары институт құрамында 8 факультет, 35 кафедра, 4 өндірістік зертхана, есептеу орталығы, аспирантура мен ғылыми-техникалық, көркем әдеби қорында жарты миллионға жуық кітабы бар үлкен кітапханасы бар болған. Ол кезде ГМУ-да 6000-нан астам студент білім алатын. Кәсіби тұрғыда институт маған көп дүние үйретті.

Оқып жүрген кезде кей пәндер студентке басы артық күш түсіруге арналғандай көрінетін. Бүгінде, арада біраз жылдар өткен кезде әр маманға өз кәсіби білімінен бөлек жалпы дүниетанымы үшін кез келген ғылымның еш артықтығы жоқ екенін түсінгендейміз. Жоғары оқу орнының түлегі барлық саладан хабардар болып, кез келген тақырыпта әңгіме өрбіте алатындай деңгейде болуы қажет екен.

Көңілге кірбің түсіретін жайттар да жоқ емес. XX ғасырдың соңында Шешен Республикасындағы екі әскери компания ГМИ-ге (бүгінгі Грозненск мемлекеттік мұнай техникасы университеті – ГММТУ) айтуға ауыз бармайтын зиян келтірді. Әсіресе оқытушылар құрамын айтсаңызшы... Көп жылдар бойы қалыптасқан ГМУ-дың мақтаныштары жоғары білікті ұстаздар ұжымы еді ғой... Ғимаратты жөндеуге, қайта тұрғызуға болар, материалдық база құру да қиын емес. Алайда ГМУ-да салтанат құрған сол ұстаздар рухын қайтадан көтеру қолдан келе ме?!.. Енді білім ордасының қабырғасында профессор оқытушылар, бір мүддеге қызмет ететін ұлы ұстаздар қауымын даярлауға қаншама жылдар қажет... Ал біз жақсылықтан үміт үзбейік. ■

Ганур Кужуев,
«Комсомольская» МАС-ң бастығы



Мұнайшылар әулеті

И.М.ГУБКИН АТЫНДАҒЫ РЕСЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІН ТӘМAMДАДЫМ. БҰРЫНДАРЫ ОЛ И.М.ГУБКИН АТЫНДАҒЫ МӘСКЕУ МҰНАЙ-ХИМИЯ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНЕРКӘСІБІ ИНСТИТУТЫ РЕТІНДЕ ТАНЫЛҒАН. АТА-АНАМДА, БАЛАЛАРЫМ ДА ОСЫ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДА БІЛІМ АЛДЫ.



Айжарық пен Айтбай Кенжалиевтер

ЖОО ЭКОЛОГТАР ДАЯРЛАДЫ

Мен ММХ және ГӨИ-на сонау Кеңес одағы кезінде түстім. Ол кезде жоғары оқу орындарына жұмысшы жастарды кәсіпорындар жіберетін. Олардың кәсіби білікті маман ретінде оралып, кәсіпорынның дамуына үлес қосқанын қалайтын. Бұл жастар үшін жоғары білім арудың бірден бір мүмкіндігі еді.

ММХ және ГӨИ КСРО кезінде ең беделді жоғары оқу орны саналды. РМУ Қазір де әлемге танымал, әрі жоғары бағаланады. Шетелде білім алған студентке Қазақстандағы мұнай компаниясына жұмысқа тұруы үшін қосымша білім алуға мәжбүр болғанын білем. Нәтижесінде ол өз елімізде оқып, екінші дипломын алды.

Кеңес үкіметі кезінде өндірістегі экология мәселесіне қазіргідей назар бөлінбеген еді. Соған қарамастан ММХ және ГӨИ экологияға

бағытталған мамандарды дайындады. Олар бірақ инженер-жылу энергетика мамандығы бойынша даярланды. Ал іс жүзінде бізді болашақ эколог ретінде оқытты. №0308 мамандығымыз «Газ бен мазут алу, қоршаған ортаны қорғау» деп аталатын.

Біздің институтымыз дәстүрлі түрде түлектердің кәсіби біліктілігі жоғары маман болуына лайық деңгейде білім береді. ММХ және ГӨИ-н тәмамдаған мамандардың басым бөлігі «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясында, Мұнай өнеркәсібі министрлігінде, Қазақстанның ірі мұнай өндіріс ошақтарында қызмет етеді. Мысалы, ҚР тұңғыш Мұнай өнеркәсібі министрі Р.Т.Чердабаев, МАС-ның Кеңейту жобасының алғашқы үйлестірушісі А.К.Сәрсенбаев, «КҚК-Қ» АҚ аймақтық

менеджері С.И. Мұрынов, «КҚК-Қ» АҚ Атқарушы директоры М.С.Қарабалин.

Жеке өз басымды алсам, маған институттың бергені мол. Жоғары оқу орнын тәмамдап, бұрынғы ұжымым – «Ембімұнай» өндірістік бірлестігіне қайта оралып, мұнай өндірісіндегі экологиялық бағыттың қалыптасуына қатыстым. Қоршаған орта компоненттерін зерттеп, мұнайды өндіру, дайындау және тасымалдау және тағы да басқа жағдайда пайда болатын экологиялық мәселелерін басқардық.

ММХ және ГӨИ-да алған, талай жылғы жұмыс тәжірибеммен бірге шындалған кәсіби біліктілігімді бүгінде КҚК Кеңейту жобасының жұмысында пайдаланамын. Салынған нысандар мен оны пайдалануға



«Теңіз» кен орнында ұңғымаларды сынақтан өткізіп, мұнай бөлінуін қамтамасыз ететін алғашқы қондырғының құрған «Ембімұнай» бірлестігінің ИТЖ құрамы. 1981 жыл, шілде.

беру ісі ҚОҚ мемлекеттік органдары тарапынан еш сөгіссіз, ескертусіз өтуде. Мердігерлер мен қосалқы мердігерлердің ҚОҚ мемлекеттік органдарының талаптарына сай жоспарлы тексеру Актлерінде «Еш тәртіп бұзылмаған!» деп белгіленеді.

БІЛІМ – ЗОР КҮШ!

Өзім оқыған оқу орынын алғыс айта отырып, еске аламын. ММХ және ГӨИ ұстаздарының жұмыс тәжірибесі де, ғылыми білімі де, сондай-ақ педогогикалық таланты да жоғары еді. Газ бен мазутты пайдалану кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының докторы, профессор Марк Борисович Равич лекциясын «Құрметті әріптестер!» деген сөзден бастайтын. Осы кезде біз өзімізді кәдімгідей қатардағы маман, инженер сезініп арқаланып қалатынбыз. Бұл бізді лайықты білім алуға ынталандыратын. Марк Борисович кафедраның барлық ұстаздарының тәлімгері, ақылгөй адам еді. Ол бізге көп нәрсе үйретті.

Оқып жүргенде студенттерге кей пәндердің еш қажеті жоқ секілді көрінетіні бар. Сол пәндердің бірі материалтану деп білетінбіз. Ал тәжірибеде менің өзіме осы пән аса қажет болды. Кеңейту жобасының аясында 88 шақырымдық мұнайқұбырын салу құрылысында, дәлірек айтсақ, құбыр жүргізу құрылысының консервациясында мен соны байқадым. Ойланyp қарасақ, жоғары оқу орнында басы артық пәндер болмайды екен.

Ресей мемлекеттік Университетінде, оқуды бітіргеннен кейін екі рет болдым. Бірінші рет - 17 жылдан кейін, үлкен қызым РМУ-не түскенде, екінші рет – кіші ұлым студент атанғанда. Білім ордасы қатты өзгерген. Кафедралар жетілдірілген,

жаңа пәндер пайда болған, оқыту үрдісі өзгерген. Оқу сапасын жақсарту мақсатында топтар өзара ішінен бөлінген. Біз оқыған кезде осы өзгерістерді армандаушы едік. Өйткені біздің кезімізде бір топта студенттер саны көп болғандықтан зертханалық, курстық, бақылау жұмыстарын қорғауға және сынақ тапсыруға көп уақыт кететін.



Ортасындағы – Доссормұнай МГӨБ бас механигі Руслан Сүлейменов. 60-жылдардың басы.

Ғалия Сүлейменова – И.М.Губкин атындағы Мәскеу мұнай институтының студенті. 1952 жыл.

Тайсойған шатқалында қарапайым шаруаның отбасында дүниеге келген. 20 жасына дейін байдың бақташысы болған. 1918 жылы мектепке барып, сауат ашқан.

1927 жылы Орынборда жұмысшы факультетін, ал 1936 жылы Бакин өнеркәсіп академиясын бітірген. Талай жыл Мақат бұрғылау кеңсесінде бұрғылаушы боп еңбек етті. 1932-1934 жылдары Гурьев мұнайшылар кәсіподағының облыстық комитетінде төраға болған. 1936-1944 жылдары Сағыз бен Байшунаста мұнай кәсіпорнының директоры болды. Ұлы Отан соғысы жылдары Мақат ауданында «Жолдыбай» барлау жұмысында бастық болып, ал соғыстан кейінгі жылдары Мақат мұнай кәсіпорны цехында басшы, қауіпсіздік техникасы бойынша инженер, «Қазмұнай-барлау» бұрғылау тресі басшысының орынбасары болып қызмет етті. 1953 жылдың жазында бұрғылау мұнарасынан 20 метр биіктікке фонтан боп мұнай атқылаған кезде Тереңөзек мұнай барлау ісінде бастық болған.

Атамыз құрметті зейнет демалысына 1957 жылы шықты. Ол «Еңбек Қызыл ту» орденімен, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде ерлік еңбегі үшін» медалімен, «Ерен еңбегі үшін», «В.И.Лениннің 100 жылдығы мерекесіндегі еңбегі»

МҰНАЙШЫ ӘУЛЕТТІН НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Мен әулетіміздің үшінші буын мұнайшысымын. Бұл жолды балаларым да таңдады. Олар - атамыз Әбіш Сүлейменұлы Сүлейменовтен бастау алған мұнайшы әулетіміздің төртінші буыны. Әбіш Сүлейменов 1897 жылы Гурьев облысының

Руслан Сүлейменов анасы Нұрсұлмен. 1951 жыл



Кенжалиевтердің үлкен ұлы Аслан

үшін» медальдарымен, екі дүркін Қазақ КСР Жоғары кеңесінің мақтау қағазымен марапатталған.

БІЗ – ГУБКИНДІКТЕРМІЗ

Менің әкем Атырау облысының тұмасы Сүлейменов Руслан Әбішұлы отбасымыздағы алғашқы губкиндік десек болады. 1956 жылы инженер-механик дипломын алып, елге оралған ол, еңбек жолын құрастыру цехында темір ұстасы болып бастаған. Кейін Петровский атындағы машина құрастыру зауытының (қазіргі «Атыраумұнаймаш» зауыты) механикалық цехында шебер болған. оның мұнай саласындағы өмірбаяны 1957 жылдан бастау алады. Әкем көп жылдар бойы Доссор, Мақат, Сағыз, Қошқар, Комсомольск секілді бес өнеркәсіп кіретін, мұнай өндірумен айналысатын «Доссор» басқармасында қайта құрылған мұнай кәсіпорында бас механик боп еңбек етті. Қалтқысыз қызметі үшін ол «Еңбек Қызыл ту» орденімен және «КСРО мұнай өнеркәсібі құрмет грамотасымен» марапатталған. Мұнай өнеркәсібіне қосқан үлесі үшін әкем ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қолынан Құрмет грамотасын алған.

Әкем өз тәлімгерлерін жиі есіне алып отыратын. Ол Доссор ауылына жас маман болып алғаш келгенінде Арон Қаплан және Бөлекбай Сағынғалиев сынды мықты жетекшілермен, МГӨБ шеберлері

Қайырғали Жылқышиев, Жетпіс Ботабаев, Августа Квашенкина, Геннадий Соловьевтердің қасында жұмыс істеу бақытына ие болады. Осы уақытта алған тәжірибесі өте мол. Мысалы, Николай Шайхудинов түйіндердің дыбысынан-ақ трактордың қай жері бұзылғанын анықтай алады екен... Әкем өз істеріне қалтқысыз берілген жандардың ортасында еңбек етті. «Біз ешқашан уақытпен санасқан емеспіз. Қоңырау түссе болды, түнгі сағат 3 болса да жұмысқа шықтық. Ұңғыма іске қосылғанда тәулік бойы үзіліссіз еңбек еттік. Жұмысты аяқтамай үйге қайтпайтынбыз. Отанға керек мұнай үшін күрес, өндіріс ырғағы осылай жүретін» деп айтып отыратын әкем.

АНАЛАР ІЗІМЕН

Менің анам Ғалия Сахиқызы Сүйейменованың отбасы 30-шы жылдары қуғын-сүргінге ұшырап, туған мекендерін тастап кетуге мәжбүр болады. Мордовия АКСР-да қуғынға ұшырап, Ұлы Отан соғысының соңына дейін жасырынып жүріп, туған елдеріне тек 1946 жылы оралған.

Анамды Доссордағы В.Г.Белинский атындағы мектеп-интернатқа берген. Оны бітірген соң академик И.М.Губкин атындағы Мәскеу мұнай институтына түскен. 1956 жылы «Мұнай өнеркәсібін жоспарлау ұйымы» мамандығы бойынша




Әйгерім, «Антикор-С» ЖШС-ның ОТБ басшысы

диплом алып, Доссор мұнай кәсіпорнына келеді. «Қазмұнайбарлау» тресінде ЖЭБ бастығы, инженер-экономист боп жұмыс істеді. 1969 жылы оны Мақат аудандық халықтық бақылау комитетінің төрайымы етіп сайлаған. 1974 жылға дейін анам халық депутаттары Мақат аудандық кеңесі төрағасының орынбасары болды. 1980 жылы анам Мақат аудандық атқару комитетінің төрайымы, 1983 жылы «Доссормұнай» МГӨБ-нде партком хатшысы боп қызмет етті. Анамның мұнай саласына сіңірген еңбегі Ленин ордені, Құрмет белгісі ордені секілді үкіметтік марапаттармен еленді.

Ал әжем Сүлейменова Нұрсұлу Меңешқызы бар мейірімін немелеріне төкті (біз отбасында үш баламыз), қажыр-қайратын бізді тәрбиелеуге жұмсады. Отбасының ұйытқысы болды, атамызға қолдау білдіріп қана қоймай, ұлының шаңырағын қамқорлыққа бөледі. Ұлы Отан соғысы жылдары БКП-на кіріп, партия қатарында жарты ғасырдай болғаны үшін арнайы төсбелгімен марапатталған.

КЕНЖАЛИЕВТЕР

Жұбайым Айтбай Кенжалиев мектеп бітіргеннен кейін бірден институтқа түсе алмады. Өйткені қартайған әкесін жалғыз қалдырғысы келмеген. Бауырының



Асылхан, И.М.Губкин атындағы РМУ-нің 2 курс студенті

институт бітіргенін күтіп, кейін И.М.Губкин атындағы Мәскеу ММХ және ГӨИ-не «Металл кесетін құрал-саймандар» мамандығы бойынша білім алған. Жоғары оқу орнын аяқтаған соң 1985 жылы өз еңбек жолын Гурьев қаласындағы Петровский атындағы зауытта темір ұстасы боп бастап, кейін кәсіпорынның бас механигінің бөліміне ауысты. 1990 жылы оны «Ембімұнай» өндіріс бірлестігінің жүйесіне жұмысқа шақырды. Сол жерде 2003 жылға дейін ӨҚКӨБ өндірістік техникалық бөлімінде орынбасар, «Доссормұнайгаз» мұнай өндіру кәсіпорнында бас механик болды. Қазіргі уақытта жұбайым - Атырау МӨЗ-нда металлқұрастыру ісінің маманы.

Қыздарымыз Айгүл мен Әйгерім де біздің жолымызды қуып, И.М.Губкин атындағы РМУ-ін 2002, 2003 жылдары бітіріп, мұнайшы атанды. Айгүл – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясында менеджер, ал Әйгерім – құрылыс компаниясының өндірістік техникалық бөлімінде инженер. Ұлымыз Асылхан сол РМУ-нің «құбыр жүргізу көлік жүйесін жобалау, салу және пайдалану» факультетінде екінші курста оқиды. Үлкен ұлымыз Аслан әкесінің жолын қуып, «Атыраумұнаймаш» зауытында темір ұстасы боп еңбек етеді. ■

Айжарық Кенжалиева,
КҚК-Қ Кеңейту жобасы ҚОҚ
тобының маманы



Айгүл, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ техникалық даму және жаңа технологиялар департаментінің менеджері

Ең мықты ЖОО

МЕН 1980-1985 ЖЫЛДАРЫ «МАГИСТРАЛДЫ ГАЗ-МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫ, ГАЗ ҚОЙМАЛАРЫ МЕН МҰНАЙ БАЗАЛАРЫН САЛУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША И.М. ГУБКИН АТЫНДАҒЫ МӘСKEУ МҰНАЙ ХИМИЯСЫ МЕН ГАЗ ӨНЕРКӘСІБІ ИНСТИТУТЫН БІТІРДІМ.

Бұл жоғары оқу орнын 1955 жылы менің әкем Сақтапберген Бекмұрзиев үздік бітірген. Білім ордасы осы үшін де маған ыстық. Дәл осы жерде 1976-1981 жылдары менің жұбайым Вера Александровна да білім алды. 1981 жылы ММУ-нің Бутлеров көшесі, 3-тегі жатақхана-сында Вера екеуміздің комсомол жастарына лайық көңілді тойымыз өтті.

Жоғары оқу орнында терең әрі жүйелі білім алғанымыздың арқасында құбыр жүргізу құрылысында, оны пайдалану жобасында талай жыл табысты қызмет еттім. Осы күні де өзіміздің сүйікті институтымызды алғыс айта отырып, мақтанышпен еске аламыз. Физика (доцент И.Н. Володина), химия (доцент С.Я. Шалыт), термодинамика (проректор, профессор Поршаков), грунт механикасы (декан, профессор П.П. Бородавкин),



газ-мұнай құбырын салу (студенттер «МС анасы» атап кеткен доцент Л.П. Скугорева), гидравлика (профессор Ротенберг) пәндерінен жақсы әсер алдық.

Институт студенттерге өмірде аса қажет болмаған білім берді ме? Қазір қарап отырсақ, КПСС тарихы, ғылыми коммунизм бойынша Лениннің, Маркстың, Энгельстің еңбектерін сол қатарға жатқызуға болады. Бірақ кез-келген адамның дамуы үшін, ой-өрісінің кеңеюі үшін философия артықтық етпейді. Өндірістегі өз жұмыс тәжірибеме сүйене отырып айтсам, мұнай саласындағы ең беделді әрі талапқа сай оқу орындары деп посткеңестік кеңістіктегі И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік университетін, Уфа мемлекеттік мұнай технологиясы университеті мен Иван Франковский атындағы мұнай және газ ұлттық университетін атар едім. ■

Самат Бекмұрзиев,
КҚК-Қ кеңейту жобасының
құжат қабылдау-тапсыру ісі
жөніндегі аға маманы

Бала денсаулығы – басты назарда

КҚК Н.Н. СИЛИЩЕВА АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ КЛИНИКАЛЫҚ БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫНА МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАР СЫЙҒА ТАРТТЫ.



Аурухана дәрігерлері құрметті қонақтарға жаңа жабдықтар туралы әсерлерімен бөлісті

2016 жылдың 1-ші қарашасында Каспий Құбыр Консорциумы Н.Н. Силищева атындағы облыстық клиникалық балалар ауруханасына медициналық жабдықтарды салтанатты түрде тарту етті. Компанияның қайырымдылық қызметі мен Астрахань облысының Денсаулық сақтау министрлігімен арадағы ынтымақтастық аясында аурухананың кабинеттеріне жалпы құны 20 млн. рубль болатын 112 техника (он сегіз аталым) берілді.

КҚК Бас директоры Николай Горбань аурухана басшылығына медициналық техникалардың құжатын салтанатты түрде табыстап «бұл жабдықтар балалардың сауығуына ұзақ уақыт қызмет етіп, ата-аналардың қуанышына айналуға жазсын», – деп тілегін білдірді.

Салтанатты шараға Астрахань облысының губернаторы Александр Жилкин, КҚК-ның Бас директорының Ресей Федерациясы Үкіметімен байланыс жөніндегі орынбасары Михаил Гришанков, Астрахань облысы Үкіметі төрағасының

орынбасары – өнеркәсіп, көлік және табиғи ресурстар министрі Радик Харисов, облыстың денсаулық сақтау министрі Павел Джуваляков қатысты.

Николай Горбань өз сөзінде – КҚК – әлеуметтік жауапкершілігі зор компания. Біз бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыра береміз, – деді. – Сіздер біздің балабақшалар салып, емдеу мекемелерін медициналық жабдықтармен қамтамасыз етіп тұратынымызды білесіздер. Алдағы уақытта әлі талай әлеуметтік жобаларды қолға алатын боламыз.

Өз кезегінде Н.Н. Силищева атындағы облыстық клиникалық балалар ауруханасының бас дәрігері Арташес Симонян балаларға медициналық көмек көрсетудің тиімділігін арттыратын осындай жабдықтарды сыйға тартқан Консорциум басшылығына зор алғысын білдірді. Жыл сайын бұл ауруханада Астрахань облысы мен іргелес аймақтардан 110 мыңнан астам бала ем қабылдайды.

БІРЕГЕЙ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

Арташес Симонян құрметті қонақтарға жаңа медициналық жабдықтар жиынтығын жан-жақты таныстырып, арнайы кабинеттерге шағын экскурсия жүргізді. Мекемеге ультрадыбысты диагностикалық жүйелер, in vitro зертханалық диагностикасына арналған иммунно-ферментті талдағыш, тәуліктік талдауға арналған электрокардиокешен, реанимациялық және анестезиологиялық монитор, қолмен де, автоматты түрде де басқарылатын ЭКГ тіркейтін он екі арналы электрокардиограф, зарарсыздандырылған аспаптар мен бактерицидті ультракүлгін сәулелендіргіш ауа рециркуляторын сақтауға арналған ультракүлгін камералар берілді. Сонымен қатар Консорциум қаржысына отоларинголог пен офтальмологтың автоматтандырылған жұмыс орындары жабдықталды. Сондай-ақ, бас дәрігер «бірегей әлеуметтік жоба» деп атаған арнайы стоматологиялық қондырғы сатып алды. Оның басты ерекшелігі – ол психикасы бұзылған, яғни қарапайым стоматологиялық емханаларда емделе алмайтын балаларға көмек көрсетуге арналған. Балалар емдеу кезінде ақ халаттылардан қорықпас үшін жеңілдетілген жалпы наркозды қажет етеді.

Мен үшін бұл тек медициналық жабдықтар емес, бұл – аурухананың қуанышы, нағыз балалар мерекесі! Өйткені бұл жабдықтардың әрқайсысы балалардың сырқатын жеңілдетіп, ауруын жазып қана қоймай, өмірлерін сақтап қалуға қызмет етеді. Мысалы, аурухананың жансақтау бөліміне жол-көлік апатына түскен немесе басқа да қайғылы жағдайларға тап болған балаларға санаулы минуттарда қан құюды

тездететін қан сұйылтқыштар алынды. Ал өмірді сақтап қалу үшін, бізге әр секунд қымбат.

Медициналық жиынтықта балаларға үйде, балалар үйлерінде немесе ауруханаға әкелер жолда диагностика жүргізуге болатын жоғары технологиялық ультрадыбысты шағын сканер бар.

112 аппарат біз үшін баға жетпес сый дегеніме сеніңіз. Өйткені бұл өмірдің мәні – балалардың өмірі мен денсаулығы емес пе!

НАҒЫЗ РЕВОЛЮЦИЯ ЖАСАУ

Астрахань облысының губернаторы Александр Жилкин жаңа құралдармен жабдықталған кабинеттерді аралап, бүгінде компанияның идеологиялық басым бағыттарының біріне айналған көп жылғы әлеуметтік жауапкершілігі үшін КҚК-ға өз алғысын білдірді.

Мен Консорциумға және Сізге, Николай Николаевич, осындай сый-сияпаттарыңыз үшін алғыс айтамын. Алдағы уақытта Астрахань облысындағы жобалар аясымен сізбен біздің ынтымақтастығымыз кеңейе түседі деген сенімдемін, – деді ол.

Н.Н. Силищева атындағы облыстық клиникалық балалар ауруханасының бас дәрігері жылдың соңында Консорциумның қаржылай қолдауымен ауруханаға алынатын 64 кесікті заманауи мультиспиральды компьютерлік томограф туралы мақтанышпен



Қайырымдылық саясаты

27 қазанда КҚК-нің Мәскеудегі кеңсесінде КҚК-Р мен КҚК-Қ-ның қайырымдылық қызметтеріне жаңа саясат еңгізуге арналған жұмыс кеңесі өтті. Құжат РФ Үкіметімен байланыс жөніндегі департаментімен қазақстандық әріптестер мен ішкі бақылау тобының қатысуымен дайындалып, 2016 жылғы 1 қарашадан бастап күшіне еңгізілді.

Бас директордың Ресей Федерациясы Үкіметімен байланыс жөніндегі орынбасары Михаил Гришанковтың айтуынша, бұндай бірегей құжат ірі компаниялардың кез-келгенінде бар деп айтуға келмейді. – Құжат бизнес-қауымдастық тарапынан шынайы қызығушылық туғызуда. Жаңа саясат Компанияның Қазақстан мен Ресей аумақтарындағы қайырымдылық жобаларын келісу және жүзеге асыру үрдістерін жіті реттеп, бағаны бақылау, белгілі бір жобаның қажеттілігін анықтау сияқты мәселелерді шешіп, жобалардың ашықтығын арттырып, жалпы алғанда КҚК-ның әлеуметтік жауапкершілігі мол компания ретінде мансабының өсуіне қолайлы жағдай жасайды.

айтып берді. Бұл томографтың құны – 40 млн. рубльді құрайды.

– Бұл аппарат аурухана үшін нағыз революция болды десем артық айтқаным емес. Өйткені нейрохирургия саласында жедел әрі кезек күттірмейтін жоғары технологиялық медициналық көмекті әлемдік

деңгейде көрсетуге мүмкіндік береді.

Консорциумның қайырымдылық қызметінің басты бағыттарының бірі – өңірлердің денсаулық сақтау саласына қолдау көрсетіп, аймақтық емдеу орталықтарын жабдықтау. КҚК осы бағытта Астрахань облысында «Русь» әлеуметтік оңалту орталығымен соңғы бірнеше жыл ынтымақтастық орнатқан. Компанияның қаржылай қолдауының арқасында бұл орталық автокөлікке, сондай-ақ қимыл-тірек аппараты мен жүйке жүйесі бұзылған сырқаттардың және балалардың сауығуы мен қалпына келуіне жәрдемдесетін оңалту-физиотерапиялық, диагностикалық жабдықтарға қол жеткізді. ■



Екатерина Крапивко

Спорт пен сұлулық мерекесі

КРАСНОДАР Өңірінің Қырым ауданында «Крымский» спорт орталығының аумағында ат спорты манежінің салтанатты ашылуы болды.



© Фото Владимира Аносова

Манеждің ашылу сәті

Сәйгүліктерді таситын арнайы техника мен көмекші құрал-жабдықтары бар жалпы сомасы 17 миллион рубльден асып жығылатын спорттық кешенді бұл орталыққа КҚК сыйға тартты. Манеж алаңы жыл бойы ауа райының әртүрлі қолайсыздықтарына қарамастан 130 шабандоздың еркін жаттығуына мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, енді спортшылар жарыстарға өз сәйгүліктерін жайлы әрі сенімді жағдайда дайындап, баптап апара алады.

«ТАБЫС ӘКЕЛЕТІН» ТАҒАЛАР

Салтанатты рәсімнің құрметті қонақтары – Қырым ауданы басшысының орынбасарының міндетін атқарушы Сергей Лесь пен РФ

Үкіметімен байланыс ісі бойынша «КҚК-Р» АҚ-ның Бас директорының орынбасары Михаил Гришанковты салт-дәстүр бойынша қонақжайлықпен қарсы алып, дәмнен ауыз тигізді. Мереке басталып кетті.

«Менің сүйікті жануарым» кинофильміндегі еліктіріп әктер вальс әуеніне ат спорты жоғары мектебінің спортшылары көз тартарлық кербез падеде көрсетті. Көрермен есін жиып үлгерместен салтанатты марш шараның ресми ашылуынан хабар берді. Сергей Лесь орталық тәрбиеленушілерін құттықтап, компанияның муниципалды біліммен көпжылдық ынтымақтастығын атап өтіп, «Краснодар өңіріндегі жасөспірімдер спортына қосқан үлесі үшін КҚК басшылығына алғысын білдірді.

Михаил Гришанков өз кезегінде балалар мен жастарды қолдау Консорциумның басты маңызды бағытарының бірі екенін айтып, жас спортшылардың жаңа жеңістер мен рекордты көрсеткіштерге жетуіне тілектестігін білдірді.

– «Крымский» СДО тәрбиеленушілерінің есімдері жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері сапында аталғанын есту мен үшін мақтаныш екенін жасыра алмаймын. Бұған КҚК-нің де қосқан үлесі барын ойлағанда тіпті қуанамыз.



Біздің ынтымақтастығымыз жақсы нәтижелер беруде. Спортшылардың өз өңірлері мен Ресейдің намысын қорғап, жоғары жүлделі орындар алуларын тілеймін. Біз өз тарапымыздан Қырым ауданын қолдайтын боламыз. Алда біріккен

жобаларымыз көп болады деп ойлаймын, – деп атап өтті ол.

Құрметті қонақтармен бірге символикалық лентаны қию құрметі аталған кешеннің ат спорты бөлімінің инструкторы, Краснодар өңірі мен ОФО чемпионы, 2016 жылғы Ресей кубогының иегері Надежда Синельниковаға бұйырды.

– Біздің енді ең жоғарғы деңгейдегі жарыстарда өнер көрсетуге мүмкіндігіміз бар. Краснодар өңірі мен Қырым ауданының намысын тек Ресейдің ішінде ғана емес, халықаралық дәрежеде де қорғауға дайынбыз, – деді спортшы.

Қайтадан әуен қалықтады. «Едут, едут по Берлину наши казаки» әнінің ырғағына жас шабандоздар катильон балдық биін іліп әкетті. Құрметті меймандардың барлығына «табыс әкелер» тағалар тарту етілді.

ВАЛДАЙ, БЕСПОДОБНАЯ, ПЛОТ ПЕН КАПЕЛЛА

Көрермендер тек жас шабандоздардың шеберліктерін бағалап қана қоймай, мектеп мақтаныштары – атбегілер баптаған тұлпарларды да қызықтады. Орталық жетекшісі Анастасия Кузьмина көрермендерді бірнеше дүркін чемпион болған жылқылармен таныстырды.

Буден тұқымының жылқысы – Валдай үш сайыс бойынша жарысқа қатысады. Бұл олимпиадалық спорт түрі сәйгүліктен ғана емес, спортшыдан да асқан төзімділік пен батылдықты талап етеді. Үш күн бойы олар манеждік жүріс, ойлы-қырлы жерлердегі кездескен кедергілерді жеңу сияқты қиын да ауыр сынақтардан сүрінбей өтуі керек.

Валдай – ОФО мен Краснодар өңірі бойынша бірнеше дүркін жеңімпаз болған Мәскеуде өткен жарыста Ресей чемпионатының квалификациясын алған осы аумақтан шыққан тұңғыш жүлдегер жылқы.

Бесподобная деген бүркеншек есімді сайгүлік кедергілерден қарғып өту бойынша кедергілерді жақсы бағындырады. Оған бірбеткейлік қасиет

тән. Осы маусымның жарыстарынан медальсіз қайтып көрмеген. Чемпион болғаны үшін де оның бұл бірбеткей қырсықтығына бәрі кешіріммен қарайды. Бесподобная осы спорт түрінен жалғыз-ақ лайықты бәсекелесі – ол оның ағасы, Плот есімді жылқы. Олар көбіне 1-2 орындар үшін өзара жарысатын болғандықтан олардың атақтары да бірдей – екеуі де 2016 жылғы Ресей кубогының және ОФО, Краснодар өңірі чемпионаттарының бірнеше дүркін жеңімпаздары мен жүлдегерлері.

Орталықтағы ең атақты тұлпар – кәдімгі Корнет Оболенскийдің немересі Капелла есімді ат. Осы жылқының ұрпақтарының халықаралық жарыстардағы жеңістерінің жүлде қоры миллиондаған еуроны құрайды. Капелланың бойының аласалығына қарап алғашында оған көп үміт артпағанмен, осы маусымда «Ресей үміттері» жарысында асқан бәсекелестікпен күміс жүлдені жеңіп алды. Оның жасы небары 4-те екенін ескертсек, Капелланың жеңістері мен бағындырар биіктері әлі алда деуге болады.

ЖАҢА ЖЕҢІСТЕРГЕ ЖОЛ

Біздің орталыққа келгенге дейін бұл жылқылар спортта еш табысқа жетпеген, тәжірибесі жоқ жануарлар еді. Бірақ орталықтың қазіргідей керемет жағдайы мен жоспарлы дайындығының арқасында біз туралы тек Краснодар өлкесі ғана емес, бүкіл Ресей айтатын болды, – дейді Анастасия Кузьмина.

Сөз соңында ол Консорциумға келушілерге осындай көңілді мереке сыйлағандары үшін алғысын білдірді.

Ат спорты – бұл біздің өміріміз. Өңірлік мектептермен қатар тұрып қана қойған жоқпыз. Оларды құрмет тұғырынан жылжыттық.



© Фото Владимира Аносова

КҚК орталық спортшыларының өз манежіміз болса деген армандарын жүзеге асырды

Біз бәрін жеңуге тырысамыз! – деп ағынан жарылды Анастасия Кузьмина.

Кешен өз жұмысын салтанатты ашылу рәсімінен бірнеше ай бұрын бастап кеткен. 2016 жылғы осы маусымда спортшылар өздерінің төрт аяқты тұлпарларымен аймақтық әрі Ресейдегі жарыстардан 80-ге тарта марапат алып үлгерген. ■

Екатерина Крапивко



Көрермендер жас шабандоздардың шеберліктерін, атбегілердің ең мықты тұлпарларын көріп, көзайым болды.

Аққыстаудағы қоныстой

БҰЛ СӘТТИ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ИСАТАЙ АУДАНЫ АҚҚЫСТАУ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ КӨПТЕН КҮТКЕН ЕДІ. КҚК ОСЫ АУЫЛҒА 160 ОРЫНДЫҚ «НҰРШУАҚ» БАЛАБАҚШАСЫН СЫЙҒА ТАРТҚАНДА ТҰРҒЫНДАРЫН КЕУДЕСІН ҚУАНЫШ КЕРНЕП, БҰЛ КҮН, НАҒЫЗ МЕРЕКЕГЕ АЙНАЛДЫ.



Салтанатты шараға жиналған халық қарасы көп болды. Әрине, бұл шат-шадыман шаттық әр шаңырақты айналып өтпесі анық. Жаңа балабақшаның ғимараты мерекеге сай безендірілген. Ұлттық әуен әуелеп, балабақшаның терезесінен бақытты балақайлар бізге әлденеден құр қалардай қызықтап қарайды...

Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары Ғұмар Дүйсенбаев Компания басшылығына өңірдегі әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған осынау игі істері, қайырымдылық шарасы үшін өз алғысын жеткізді.

– Бұл күн – ауыл тұрғындары үшін ерекше күн. Осы өңірге осындай аса қажетті мекемені салып, пайдалануға беруі – Атырау облыс әкімдігі мен КҚК-Қ арасында бекітілген Келісімнің нәтижесі, – деді.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес 2020 жылға

дейін үш жастан алты жасқа дейінгі барлық бүлдіршіндер балабақшамен қамтылуы тиіс. Консорциум қызметі жүретін аймақтарда бірқатар әлеуметтік жобаларды жүзеге асыра, КҚК-ы жоғарыда аталған



Мерекенің басты кейіпкерлері

мемлекеттік маңызды тапсырманың орындалуына өз үлесін қосып келеді. Нұршуақ деп аталатын балабақшаның құрылысына КҚК-ы 400 миллион теңгеден аса қаражат жұмсаған. Балабақша атына

заты сай болды – ғимарат іші кең, жарық.

– Қайырымдылық жобасы бойынша Жылыой ауданында 200 орындық балабақша, сондай-ақ Атырауда және Аққыстауда 160 орындық балабақшалар салып, қолданысқа бердік, – деп атап өтті Каспий Құбыр Консорциумы бас директорының орынбасары Қайыргелді Қабылдин. – КҚК-Қ аймақтағы әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру бағдарламаларының басым бағыттары – денсаулық сақтау, білім беру мекемелерінің құрылысы және жөндеу жұмыстары. Атап айтқанда, Кеңейту жобасының аясында мектепте дейінгі мекемелер, мектептер, ауруханалар құрылысына, медициналық жабдықтар алуға, спорт алаңдарын, демалыс саябақтарын салуға шамамен 4 млрд теңге қаражат бөлінді.

Осы күнге дейін Исатай ауданында мектепке дейінгі мекемелерге 739 бала кезекте тұрған еді. «Нұршуақ» балабақшасы пайдалануға берілген соң бұл ұзынсонар кезектің қысқарғаны анық.

Екі қабатты әдемі балабақша ғимараты заман талаптарына лайық. Баласының қолайлы жағдайда сапалы білім мен жақсы тәрбие алуларына ниетті ата-аналардың арманы орындалғаны хақ. Бұл жерде бүлдіршіндердің жайлы ұйықтап еркін жүріп-тұруына, шығармашылық тұрғыдан дамуына барлық жағдай қарастырылған – сегіз топ, ойын бөлмелері, ән-күй сабақтарын, спорттық шараларды өткізуге арналған арнайы бөлмелер, үйірмелер, тәрбиешілер

бөлмесі, тіпті керек десеңіз өздерінің қуыршақ театры да бар. Ашық сабақ өткізуге арналған бөлмеде интерактивті тақта орнатылған. Қар жауған немесе жаңбырлы күндері балалар суықтап қалмас үшін сырт киім мен аяқ киімді кептіруге арналған арнайы шкафтар да алынған.

Ғимаратта медицина бөлмесі мен екі бірдей изоляторлы палата бар. Аудандағы логопед пен дефектолог мамандар жұмыс істейтін алғашқы логобөлімше де осы балабақша ішінде ашылды.

Балабақша қызметкерлері жаңа ғимараттың жайлылығын, барынша ыңғайлылығын ауыз толтырып айтып отыр. Бөбектерге арналған тағам жаңа заманауи жабдықтарда дайындалады, аспаздарға тамақ жеткізетін арнайы жүк тасымалдайтын жеделсаты жұмыс істейді. Балабақшаны жылумен, жарықпен қамтамасыз ететін жеке жылыту қондырғысы, трансформатор стансасы орнатылған. Бақша аумағындағы кішкентай орындықтар, құм алаңқайлары, сүйкімді сырғанақтар, әдемі өткеншектер, ойын алаңдары көркімен көз тартады...

Балабақша ашылған соң ауылдағы біраз адамдар жаңа жұмыс орнына ие болды. Балалар мекемесінің 65 қызметкерінің 25-і жоғары білікті тәрбиешілер.

Балабақша директоры Жұмагүл Бектабанова ұжым атынан сөз алып, былай деді:

– Біз Каспий Құбыр Консорциумымен алты жыл бойы жұмыс істеп келеміз. Осы уақыт аралығында компания балабақшамыздың дамуына демеушілік етіп, көмек қолын созуда. Осы қолдауларыңыз үшін Сіздерге зор алғысымды білдіремін, – деді.

Гүлбану Қабуованың сегіз немересінің үшеуі осы балабақшаға барады. Қуанышы қойнына симаған әже ата-аналар атынан, өз атынан облыс басшылығы мен демеушілерге деген алғысын жаудыртып, ақ батасын берді.

– Өсіп келе жатқан жас өрендерге қамқорлық танытып, ертеңгі болашағымыз – балалардың тәрбиесі



жолында жасаған игі істеріңіз үшін шын жүрегімнен алғыс айтамын. Бұл біздің ауылымыздың көптен күткен көз қуанышы болып отыр. Біз үшін балаларымыздың осындай керемет жерде оқып-тәрбиеленгенінен артық ештеңе жоқ! – деді.

КҚК-Қ қоғаммен байланыс бөлімінің жетекші маманы Любовь



Ең дәмдісі – балаларға!..

Евстифеева журналистерге биыл компания 30 әлеуметтік нысанды жүзеге асыруды жоспарлағаны, оның 70 пайызы пайдалануға беріліп қойғанын айтып берді. Олардың қатарында Атырау мұнай-газ университетінің үш бірдей спорт алаңының құрылысы, №6 және №16 балабақшалардың жөндеу жұмыстары бар. КҚК-Қ-ның демеушілігінің арқасында №30 мектеп-гимназияға 31 миллион теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізіліп, ғимарат жаңартылған.

Қазіргі уақытта КҚК-Қ-ның қаржысына №17-ші мектеп-гимназиясына капиталды жөндеу жұмыстары, Махамбет ауданы Сарытоғай ауылындағы орта мектептің спорт залына ағымдағы жөндеу жұмыстары, Балықшы ауылындағы «Мөлдір» балабақшасының аумағын абаттандыру жұмыстары, Махамбет ауданының орталығында монша мен дамуы ерекше балалар оқитын мектеп-интернатының кір жуатын орны салынуда.

КҚК-Қ құрылғанының алғашқы күнінен-ақ Қазақстанның Атырау облысындағы көптеген әлеуметтік жобалардың, қайырымдылық акцияларының жүзеге асуына ат салысып келеді. Жергілікті халықтың өмір сүруін жақсартуға бағытталған жұмыстарды мойындарына алған компания өз істеріне асқан жауапкершілікпен қарап, міндеттерін мұлтіксіз орындап келеді. ■

Айна Жетпісбаева



Балалардың шығармашылық көрмесі



Әнұранды балалармен бірге шырқаған ерекше әсерлі

Біздің компания – игі істер бойынша көшбасшы

ОСЫҒАН ДЕЙІН ҚЫЗМЕТІМЕ САЙ КӨПТЕГЕН КЕЛІСІМ ШАРТТАРДЫ АУДАРУМЕН АЙНАЛЫСЫП КЕЛЕМІН, СОНЫҢ ІШІНДЕ ДЕМЕУШІЛІК ЖАСАУ, ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЛІССӨЗДЕР ДЕ БАР.



Жарқын сіңілісі Еркеназбен бірге КҚК қызметкерлерін Жаңа жылмен құттықтайды

Бүгін де, міне, қоғаммен байланыс бөлімінің жетекші маманы Любовь Михайловна Евстифеевадан тағы бір осы мәтіндегі құжатты аударуға ұсыныс түсіпті. Ашсам, кезекті бір мектепке дейінгі мекемеге көмек көрсету туралы жазылған екен. Бұл жолы – №54 балабақша. Осы секілді «КҚК-Қ» АҚ көмек қолын созып, демеушілік жасаған балабақша, мектеп, емханалар Атырау облысы мен облысың аудандарында аз емес. Бұл тұрақты дамып келе жатқан

компанияның шығындарының бір бөлігі, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің бір көрінісі, сондай-ақ, үлкен ауқымдағы қайырымдылық іс. Осындай ірі игі іс егеменді Қазақстанның ертеңгі буын өкілдерін тәрбиелеуге бағытталып отырғаны көңіл қуантарлық емес пе?!

Осы жылдың, яғни 2016 жылдың соңында еліміздің тарихындағы мерейлі сәт – Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығын салтанатты түрде атап өтеміз. Осынау тәуелсіздік жылдары Қазақстанда әр түрлі салада толағай табысқа жеткен көптеген өзгерістер, ілгері басушылықтар болды. Еліміздің дамуының тағы бір көрсеткіші деп, бүгінде қалыпты жағдайға айналған – Қазақстан жастарының дамыған елдермен студент алмасу бағдарламасы бойынша әлемді еркін аралап, шетелдік беделді жоғары оқу орындарына түсіп, білім алуын атап айтар едім. Талапты, арманы мен мақсатына адал түлектер ірі халықаралық компаниялардан жақсы жұмыс табуға мүмкіндік алып қана қоймай, ата-анасының үмітін ақтап, туған еліне пайдасын тигізеді. Мұның бәрі жастардың тәрбиесі мен білім алуына қажетті деңгейде көңіл бөлінуіне байланысты болып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев

әрдайым мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде білімнің маңыздылығын атап айтады. Қазақстан халқына кезекті Жолдауларының бірінде ол «Білімін дамытпаған, жетілдіре алмаған ел ХХІ ғасырда сәтсіздікке ұшырайды» деген болатын. Жастардың сапалы білім алып, болашақта әлемнің білім кеңістігіне еркін ене алуы мектептердің жаңа заман талаптарына лайықты материалды-техникалық базасының болуына да тығыз байланысты. Бұл - ұзақ мерзімді жоспарлы жұмыс қазірдің өзінде жемісін бере бастады. Алайда еліміздің ұланғайыр аумағында толғағы тоқсан түйткілдер, кезек күттірмес көптеген әлеуметтік мәселелер жетерлік, сондықтан барлығына бірдей қаржы мен уақыт жетпей жататыны жасырын емес.

Осындай сәттерде жерлестеріме біздің Компания көмек қолын созуға дайын. Ол әр түрлі білім беру мен денсаулық сақтау нысандарын салуға, жаңартуға, қалпына келтіруге, жөндеу жұмыстарын жүргізуге қажетті қаражатты бөліп келеді. Компания басшылығы мен облыстық әкімдік арасында КҚК-Қ-ның үлкен әлеуметтік бағдарламасына сәйкес ынтымақтастық туралы келісім жасалған. Айта кететін тағы бір жайт – компания мектептерге күрделі

жөндеу жұмыстарын жүргізуден бөлек оларға заманауи жабдықтарды да қоса тарту етеді. Мысалы мектеп сыныптары мен аудиторияларының жылы әрі жарық болуын қадағалап қана қоймай, оқушылар мен студенттердің жан-жақты дамып, спортпен шұғылдануына да толық жағдай жасайды. Жергілікті елді мекендерде ауыз су мәселесін шешуге көңіл бөліп, қариялар қыдырып, серуендейтін жерлерді ұйымдастыруды назарларынан тыс қалдырмайды.

Жаңадан салынған балабақша, жөндеуден өткен мектеп немесе университеттік спорт алаңының ашылу салтанаты болсын, жедел жәрдем қызметіне жаңа көліктер мен облыстық ауруханаға жаңа жабдықтардың табысталуы немесе балалар үйінің бүлдіршіндеріне сыйлықтар үлестіру, мүмкіндігі шектеулі жандарға сертификат таратқан сәті болсын, салтанатты рәсім өте салысымен шараға қатысқан компания өкілдерінен қалай өткенін тағатсыздана сұрап жатамыз. Фотосуреттерге қуана көз салып, жерлестеріміздің жүзіне осындай шаттық сыйлайтын, өз сертінен айнымайтын, сөзден гөрі іске мығым компанияда қызмет ететінімізді мақтан тұтып, біздің де осындай мерейлі мерекеге үлес қосқанымызды ойлап марқайып қаламыз.

Бәрінен бұрын әсіресе балабақшадағы бүлдіршіндер мен мектептегі жеткіншектердің өздеріне осындай мереке сыйлаған меймандарды қарсы алуға жанын беріп дайындалғандарын көргенде ет-жүрегіңіз елжірейді. Концерттік бағдарламаларын қызу талқылап, жүргізушілерін таңдап, енді бірі әні мен өлеңін қайталап, қызу дайындалып жатады. Ересектер – мекеме басшылығы, ата-аналар қоғамы өз алғыстарын сөзбен жеткізсе, қадірлі ақсақалды ата мен ақжаулықты әжелер ақ батасын беретіні түсінікті. Ал балалардың кең де жарық бөлмелерде бір-бірін қуалап ойнап, су жаңа парталар мен тақталарды таңырқай сипап, бір-біріне жымындап, мәре-сәре, маз-мәйрам болғанынан-ақ бәрі түсінікті. Олардың тап-таза жүректері мен жүздері қуанышқа толып

«КҚК-Қ» АҚ қызметінің маңызды аспектілерінің бірі – құбыр желісін жүргізу арқылы аудандардың әлеуметтік инфрақұрылымының дамуына белсенді қатысуы. 2010-2015 жылдары «КҚК-Қ» АҚ қайырымдылық бағдарламасын жүзеге асыруға, соның ішінде ауылдарға көмек беру, білім беру және денсаулық сақтау салаларына демеушілік жасау, аз қамтылған отбасыларға жәрдем беру секілді бағыттағы жұмыстарға негізгі өндірістен **1787 миллион теңге** бөлінген.

2016 жылғы әлеуметтік бағдарламаға көптеген жаңа нысандардың құрылысы кіреді. Олар - Исатай, Құрманғазы мен Жылыой аудандарында демалыс саябақтарын салу, Атырау мұнай-газ университетіне спорттық алаң салу, Махамбет ауданына 5-ші кезеңі бойынша жазғы су жүргізу жұмыстары, Индер ауданына мектеп ғимаратын, дамуында ерекшеліктері бар балалар оқитын мектепке кір жуатын орын мен монша салу, №17 мектеп пен №8 балабақшаға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ №16 орта мектепке компьютерлік техника мен кардиологиялық орталыққа медициналық жабдықтар сатып алу, облыстық инфекциялық аурухананы жалпы хирургияға қажетті бейнеэндоскопиялық кешенмен жабдықтау, облыстық гуманитарлық колледждің асханасына жөндеу жүргізіп, жиһаз сатып алу, «Мөлдір» балабақшасы мен Атыраудағы № 6 балабақшаның аумағын абаттандыру, №31 балабақша мен Атырау қаласы Балықшы ауылындағы музыкалық мектеп құрылысының жобалық-сметалық құжаттарын дайындау, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған түрлі бағдарламалар әзірлеу жұмыстары. Осы мақсаттарға **736,82 миллион теңге** жұмсалды.

2011-2015 жылдар аралығында Кеңейту жобасы аясында әлеуметтік салаға салынған қаржы **2692,8 миллион теңгені** құрады. Атырау қаласы мен аудандарында 8 мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, Атырау қаласы Бірлік ауылында 160 орындық балабақша және Құлсары қаласы Жылыой ауданында 200 орындық балабақша салынып, пайдалануға берілді, Махамбет ауданы Ақжайық ауылында спорттық алаң салынды, Жедел жәрдем қызметіне «Toyota Hiace» маркалы 4 автокөлік тарту етілді, облыстық перзентхана перинаталды орталық қалпына келтірілді.

Биыл, яғни 2016 жылы Кеңейту жобасының қайырымдылық бағдарламасы бойынша Құрманғазы ауданы Ганюшкино ауылында 200 орындық балабақша құрылысы басталды. Таяуда ғана қатарға тағы бір су жаңа мектепке дейінгі мекеме қосылды, А-МАС-3А орналасқан Исатай ауданында осы жылдың 8-қарашасында жергілікті тұрғындар көптен күткен қуаныш - жаңа балабақшаның ашылу рәсімі болды.

тұрады. Біздің компания сыйлаған қуанышқа!

Кейін бұл қуанышты хабар туралы жергілікті газетке шыққан мақаланы оқып, телеарналардағы жаңалықтардан көреміз. Ал кешкісін үйге келіп туыс бауырымның кішкентай қызының батутта армансыз секіргенін сүйсіне баяндаған әңгімесін әсерлене тыңдаймын. Анда-санда бауырым жұмыспен ауылдан қалаға келе қалғанда арнайы жабдықталған ойын алаңына қызын ойнату үшін ала келетіні бар. Өйткені олардың ауылдарында әзірге мұндай орындар жоқ. Ал біздің балапанымыз үшін батутта секірудің өзі – үлкен бақыт. Құдайға

шүкір, жылдан жылға жағдай түзеліп келеді. Бұған КҚК-Қ-ның да сүбелі үлесі бар. Ал мен бір күні кішкентай сіңілім Еркеназдың да өз армандарына қол жеткізетініне, сапалы да лайықты білім алатынына, өйткені ол мектепті КҚК-Қ компаниясы өз қанатының астына алып, қамқорлығын аямайтынына сенемін. Тіпті нақты оған болмаса да, келешекте қазақ елінің даңқын шығарар мыңдаған ұл-қыздардың болашағына біздің компания жол ашатынына бек сенемін. Жасасын біздің көпұлтты Консорциум! Көркейе бер, КҚК! ■

Жарқын Кенжебаева,
аудармашы, Атырау кеңсесі



КҚК-ның студенттерге тарту еткен спорттық алаңы

Ерекше есімдерді ести жүрейік

ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАҒА АТ ҚОЮ РӘСІМІ - ЕРЕКШЕ ДӘСТҮР. ӘР ЕСІМНІҢ ӨЗІНЕ ТӘН МАҒЫНАСЫ БОЛАДЫ ДЕСЕК, ОНЫҢ НЕГІЗІНДЕ СӘБИГЕ ЖАҚСЫЛЫҚ ТІЛЕУ ЖАТАДЫ. АЛ БАБАЛАРЫМЫЗ ӘУ БАСТАН АДАМНЫҢ ЕСІМІНДЕ БІЗ БІЛЕ БЕРМЕЙТІН ТЫЛСЫМ КҮШ БОЛАДЫ ДЕГЕН СЕНІМДЕ БОЛҒАН.

Нәзіктік пен сұлулықты, әдемілікті бейнелейтін қыз баланың есімдері жайында біз оқырмандарымызға бұрындары айтқанбыз («КҚК айшықтары», 2014 жылдың сәуір айындағы шығарылымы). Ал ұл баланың есімдерін көбіне ер азаматқа тән - адалдық, батылдық, әділдік, қайсарлық, сымбаттылық ұғымдарымен байланыстырып қояды. Бұл халық санасында пұтқа табыну мен тотемизмнен қалған көріністер деуге болады.

БАТЫРЛЫҚ ПЕН КҮШ-ҚҰАТ

Мәселен, қазіргі таңда интернационалды есімге айналып кеткен Руслан есімі ежелгі түркілердің Арслан сөзінен шыққанын, яғни



Руслан Сұлтанов – экономист

ержүрек, батыр, зор күш иесі дегенді білдіретінін біреу білсе, біреу білмес. Бұл есім шын мәнінде әу баста бір ғана «Арслан» (арыстан-аң) ұғымынан алынған. Арслан есімі барлық түркі тілдес халықтарда, түрлі нұсқада көп кездеседі. Қазақтар арасында бұл Арыстан, Аслан, сонымен қатар Арыстанбек, Асланбек, Арыс, Бекарыс, Жанарыс деген туынды



Аслан Беріков – «Атырау» МАС-ның операторы

есімдер болып та таралған. Біздің әріптестерміз Әжіғалиев Аслан, Беріков Аслан, Бертілеу Аслан, Нұрмұханов Руслан мен Сұлтанов Русланның ата-аналары өз ұлдарына Аслан және Руслан деп ат қою арқылы перзенттеріне аң патшасы арыстанның батырлығын, айбаттылығын, күштілігін тілесе керек. Қазақ есімдер жинағында арыстан ұғымымен байланысты бұдан басқа да, мысалы, Хайдар (араб тілінде Һайдар – арыстан), Әлішер (араб тілінде әли – ұлы, парсы тілінде шер – арыстан) деген адам аттары бар.

ЕСІМДЕР МАҒЫНАСЫ – БАҚЫТ «КІЛТІ»

Қазақ халқында есімдер өте көп. Олар шығу тегіне, мағынасы мен құрылымына қарай сан алуан. Ер азаматтардың есімдері адамның әкесінің есімінде, тегінде де қолданылатындықтан оның алуандығы арта түседі. Сондықтан да мақалаға қажетті есімдерді таңдап алудың өзі қиынға соқты.

Ол үшін біздің ұжымымызда жиі кездесетін ер азаматтар есіміне (әкесінің аты мен тегіне де назар



Бақытжан Жөкебаев – аудармашы

аудардым) талдау жасадым. Нәтижесінде ең көп кездескен атау – Бақыт (парсы тілінде бахт – бақыт) болды. Қызығы сол, бұл есім ерлерге де, әйелдерге де беріледі. Одан бөлек адам есімінің түбірі ретінде (Бақытбек, Бақтыбай, Бақытжан) қолданылады. Оның тағы бір ерекшелігі – жазылу мен айтылуында. (Бақыт/Бағыт, Бақытжан / Бағытжан, Бақтығали / Бағытқали). Осы аяулы есімді негізінде ата-аналары Қаракөзов Бағытжанға, Ерғалиев Бақытбекке, Айтжанов Бақтыбайға, Айсағалиев Бағытқалиға,



Әлібек Есеналиев – «Теңіз» МАС-ның басшысы

Жолдыбаев Бағытжанға, Жөкебаев Бақытжанға, Хамитова Бақытгүлге, сондай-ақ қызметкерлеріміздің әкелері – Бойжанов Нұрқайрат Бағытұлына, Сапарова Салтанат Бағытжанқызына, Өміров Ербол Бағытқалиұлына, Мұқашев Самат Бағытұлына бақыт тілеп, ырым еткен болу керек. Туынды есімдерге дәстүрлі - бай, -бек, -ғали/қали, -жан жұрнақтары жалғанып отырған.

ЕСІМДЕРДЕГІ МӘҢГІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Ерлер есімдері тізімінде ең көп кездесетін қос бірдей адам аты – Қуаныш пен Аман. Аманның Есен деген сыңары да бар. Бұл есімдердің алғашқысы – қуану, шаттану, мәз болу мағынасында кездессе, Аман мен Есен -деннің саулығы, бас амандығы ұғымын білдіреді. Олар да туынды есімдер болып кездесе береді. Осынау қуаныш пен амандық тілейтін есімдердің иесі біздің қызметкерлеріміздің арасында да бар. Олар – Шақонов Қуаныш, Исқалиев Қуанышқали, Сағынбаев Аманғали, Салихов Аманжол, Күлшетов Есен.



Қуаныш Шақонов – «Теңіз» МАС басшысының орынбасары

Аталған бір түбірлі есімдер әріптестеріміздің әкелерінің аттары мен тектерінде де баршылық. Мысалы, Есеналиев Әлібек, Кенжебаева Жарқын Есенқызы.

Тағы бір жиі кездесетін нұсқа – Мұхаммед Пайғамбар есімімен байланысты шыққан адам аттары. Фонетикалық дыбысталуы жағынан Мұхамбет боп та келетіні



Есен Күлшетов – қауіпсіздік жөніндегі инженер

бар. Ал біздің қызметкерлеріміздің әкелерінің аттары мен тектерінде Махамбет, Мұхамедия, Мұхамбетжан, Досмұхамбет, Измұхамбет, Нармағанбет, Нұрмұхамбет, бұған қоса қысқартылған нұсқада Мұхан, Мұқан, одан шыққан Нұрмұқан, Қалмұқан деп қолданылған.

ӘР КҮНДЕ БІР ОЛЖА БАР

Астарында аптаның күндерінің атаулары жатқан есімдер қатары да қызығушылық тудырмай қой-



Андир Мұхамбетжанов, көлік қызметінің жетекшісі

майды. Қазақша апта күндерінің атаулары дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі боп өрбиді. Өз кезегінде бұл парсының дошенбе, сешенбе, чахаршенбе, пянженбе, джума, шенбе, йекшенбе сөздерімен түбірлес. Апта күндерінің қай күні туылғанына қарай, соған сай баласына есім қою дәстүрі қазақтарда да бар. Мысалы, дүйсенбі



Сәрсембай Мұрынов – Шығыс аймағының менеджері

күні дүниеге келген нәрестеге Дүйсенбай, Дүйсенбек, Дүйсенғали және т.б. деп ат қойылуы әбден мүмкін. Әсіресе аптаның сәрсенбі мен жұма күндеріне қазақ халқы ерекше мән береді. Мәселен, сәрсенбі күні басталған іс сәтті, табысты аяқталады деген сенім бар. «Сәрсенбі сәтіммен», «Сәрсенбі – сәтті күн» деген тіркестер осыдан шықса керек. Осы күні шыр етіп дүниеге келген сәбидің де жолы сәттілікке толы болсын деп Сәрсен, Сәрсенбай, Сәрсенбек, Сәрсенғали, Сәрсенқұл деп ырымдап қойып жатады. Ал жұма – қасиетті, һәм қадірлі күн. Бұл күні мешітке жұма намазға барып, үйде өмірден өткен туған-туысқа құран бағыштап, жеті шелпек пісіріп, иіс шығарады. Есімі осы күнмен байланысты Жұмабай, Жұмабек, Жұмағұл, Жұмажан, Жұматай, Байжұма секілді адам аттары да аз кездеспейді. Апта күндеріне орай қойылған көптеген есімдер »



Жұмабай Тағаниязов – логистика бөлімінің қосалқы қызметкері



Есет Жұмағалиев –
Теңіз МАС операторы

орысша жазылған нұсқаларында көп өзгеріске ұшыраған жағдайлар бар. Олар Дюсенғали, Сисенбай, Бисенғали, Джумагул деп кете береді.

КҚК-Қ қызметкерлерінің қатарында Сисенбай Кенжиев, Сәрсенбай Мұрынов, Сәрсенқұл Шерниязов, Жұмабай Исмадияров, Жұмабай Тағаниязов есімді азаматтар бар. Кей әріптестеріміздің әкелерінің есімдерінен де апта күндерінің атауларын табу аса қиын емес. Олар Бағдагүл Бисеғазықызы Джұбаева, Нұржан Байжұмаұлы Джалғасбаев, Джұмабаев Жандос, Жұмағалиев Есет, Жұмин Сұлтан, Ишанов Мұрат Бисенғалиұлы, Сәрсенбаев Ғалымжан, Сәрсенғалиев Саламат Сәрсенғалиұлы, Сәрсенова Әсел,

Мұқан Ләззат Жұмабайқызы, Сәрсенғалиева Нелли.

ЖЕТІ АТАСЫН ЖАТҚА БІЛЕР

Қазақтардағы ат қою дәстүрінің басқа халықтардан бөлектігінің тағы бір көрінісі – бізде бір есім әулет ішінде қайталанбайды, ұрпақтан ұрпаққа ауыспайды, мұра боп жалғаспайды. Есесіне қазақтар өз жеті атасы туралы шежірені жақ-



Сәрсенқұл Шерниязов –
ӨҚБЖА жетекші маманы

сы меңгереді. Жеті атасын біле тұра бұрындары қазақтар тегін сұрағанда екі сөзден тұратын, яғни өз есімі мен әкесінің атын қоса айтатын. Мысалы, Мұстафа Шорманұлы.

Революциядан кейінгі құжат алу кезеңінде орысша үлгі бойынша

үш бірдей адам аты қатар қолданылатын болды. Бұл – атасының аты, әкесінің аты және өз есімі. Бұл үрдіс біразға дейін қолданыста болды. Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін қазақтар аты-жөндерін өз қалауларына жазғыза бастады. Бүгінгі қазақтардың фамилиялары (тектері) формасы бойынша сан түрлі. Бұрын көп таралған орыстың -ов, -ев(а), -ович, -евич, -овна, -евна жалғауларының орнын қазақша -ұлы, -қызы жалғаулары басты. Ал тектерінде еш жалғаусыз не әкесінің, не атасының есімі жазылатын болды.

Қазақтар орыстар секілді балаларына ата-аналарының есімін қоймайды. Сондықтан, мәселен, Мұқаш Ахметұлы Ахметов деген адам кездестірсеңіз, оның әкесі мен атасы аттас адамдар емес екенін бірден аңғаруға болады. Бұл әкесінің аты ғана. Ал қазіргі заңдылық бойынша адам Ахмет немесе Ахметұлы дегеннің бірін таңдауы керек. Осы орайда статистика бойынша Қазақстанда Ахметов ең көп кездесетін адам тегі екен. Ал Атырау облысының аумағында Жұмағалиев тегі көп таралғандығы жағынан бірінші орынды бермей тұр. ■

Маржан Диарова,
аға аудармашы,
Атырау кеңсесі.

Көзіңмен көргенге не жетсін

КҚК-ҒА ҚЫЗМЕТКЕ АУЫСҚАНҒА ДЕЙІН БАТЫС Өңірінің АҒА ИНЖЕНЕР-ЭЛЕКТРИГІ БОЛҒАН ТАГИР АЛТУНБАЕВ 110/6 КВ ПОДСТАНЦИЯЛЫ ЖЭО-СЫ, СОНДАЙ-АҚ КӨМІРСУТЕК ӨНДІРУ, ГАЗ ЖӘНЕ СУМЕН ЖАБЫҚТАУ ЖҮЙЕСІ БАР, КОМПРЕССОРЛЫ ЖАБДЫҚТАРЫ МЕН ТАЗАРТҚЫШ ҒИМАРАТТАРЫ БАР ІРІ НЫСАН -КРОПОТКИНСКИЙ ХИМИЯЛЫҚ ЗАУЫТЫНДА БАС ЭНЕРГЕТИК БОЛЫП ЖҰМЫС ІСТЕГЕН.

– Біздің Консорциумда да мықты жабдықтар бар. Мысалы, МАС-4 пен МАС-7-ның қуаттылығы 32 МВт-дан асатын сорғылы агрегаттарын айтсақ болады. Мұндай қуаттылық Кропоткин сияқты халқы бар қаланы электр жарығымен қамтамасыз етуге жетіп жатыр, – дейді ол. – Кеңейту жобасын жүзеге асыруға байланысты КҚК нысандарындағы жабдықтар заманға лайық мықты әрі сенімдірек бола түсті. Станциялар арасына электр тасымалдау үшін кабельді желі жүргізілді. Екпін түсірмей-ақ іске қосу құрылғысы еңгізілді.

Тагир Алтунбаев КҚК-ның батыс өңіріндегі нысандарды электрмен жабдықтауға жауап береді. Оның

жұмысы іссапарларға толы. Жаңа станцияларда жабдықтарды іске қосу жұмыстарын жүргізу кезеңінде оның көбірек жол жүруіне тура келеді. Мұндай іссапарларға, ұзақ жолдарға Тагирдің еті үйреніп кеткен. Оған қоса ол саяхаттағанды ұнатады.

Бір қызығы, КҚК-на келгенге дейін Тагир Алтунбаев мүлде шетелде болып көрмеген екен. Консорциумдағы қызметі кезінде оған қызмет бабымен алғаш рет – Ұлыбританияға бару бұйырыпты. Содан бері Тагир Еуропа елдерінің біразына қыдырып барған, олардың бай мәдениетімен, тарихымен танысты. Тіпті әйелін де қызықтырып, саяхатқа ертетін болды.

– Германияда болдық. Бізге әсіресе Италия қатты ұнады. Рим, Ассиз бен Помпей және басқа да қалаларына жол түсті. Италияда қалада электр пойызымен саяхаттаған өте ыңғайлы екен. Ал Испанияда жалдамалы көлікпен қыдыру қызығырақ. Испанияның оңтүстігінен Мароккаға жол тарттық. Гибралтар аралына соғуды да ұмытпадық, – деп еске алады Тагир.

Саяхаттаумен бірге Тагирдың тағы бір сүйікті ісі бар. Ол – қуыршақтар жинау. Бірнеше жыл бұрын Алматыда өткен мұнай-газ көрмесіне ол Консорциум атынан қатысты. Осы жақтан КҚК-ның Краснодар кеңсесіндегі әріптестеріне қазақтың ұлттық киімін киген бірнеше қуыршағын сыйға ала барды. Сыйлығы



бөрінің көңілінен шыққан. Сөйтіп кейін Тагирдің өзі де осындай ұлттық киімді қуыршақтарды жинаумен әуестеніп кетті.

– Кейде әріптестерім, достарым шетелде болған сапарларында менің топтамама арнайы қуыршақтар ала келеді. Менің оларға деген алғысым шексіз. Мұндай сыйлықтар келген елге міндетті түрде саяхаттауым керек деп ойлаймын. Өйткені әр қуыршағымның қайталанбас тарихы туралы білу мен үшін қызық!, – деп әңгімесін аяқтады Тагир Алтунбаев. ■

Павел Кретов



Наталья мен Тагир Алтунбаевтар
Рим қаласындағы Наяд субұрқағының
жанында.



Үндістанның алтын үшбұрышы

БІРЕУЛЕР АЛДЫН АЛА ТУРОПЕРАТОРЛАР АРҚЫЛЫ ҰШАҚ БИЛЕТТЕРІ МЕН ҚОНАҚҮЙЛЕРГЕ ТАПСЫРЫС БЕРІП ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН САЯХАТТЫ ҰНАТСА, БІЗДІҢ ОТБАСЫМЫЗ ӨЗ БЕТІМІЗБЕН САЯХАТТАҒАНДЫ ҰНАТАМЫЗ.



Анна мен Саша

Отбасылық кеңесте біз алдымен саяхаттайтын елді таңдап, кеш бойы жолнұсқағышпен, Уикипедия және достарымызбен ақылдаса отырып, оған барар бағытымызды сызып аламыз. Өткен жылдың наурыз айында біздің таңдауымыз австралиялық жазушының «Шантарам» кітабында ерекше суреттеген Үндістан еліне түсті.

«КҚК айшықтары» оқырмандарына саяхатшылар үшін өзге елдерден ерекше саналатын мекенге сапарым туралы әңгімелеп, тәжірибеммен бөліскім келеді. Әсіресе балаларын

ерте жүретін саяхатшыларға қызық болары анық. Біз өзімізбен бірге 8 жасар ұлымызды алуға тәуекел етпедік, есесіне 12 жастағы қызымыз бізбен баруға қуана келісті.

Бір аптаға жоспарланған саяхатқа аттандық. Біз әу баста-ақ теңіз жағасында демалудан бас тартып, өзіміз үшін танымдық пайдасы көбірек саяхатты қалаған едік. Үндістанның алтын үшбұрышы саналатын - Нью Дели, Агра мен Джайпур қалаларына барамыз деп шештік.


Осы жолы да біз қонақ үй мен ұшақ билеттерін брондау үшін www.anywayanyday.com сайтының көмегіне жүгіндік. Ал виза мәселесін біз ертерек шешіп қойғанбыз.

АЛҒАШҚЫ АЯЛДАМА

Нью Делиге бар болғаны бес-ақ сағатта ұшып келдік. Мәскеуден Мадридқа дейінгі қашықтықты бағындырғандай екен. Ұшақтан түсе сала, қонақ үйге жету үшін такси іздедік. Ол аса қиынға соққан жоқ.

Қала орталығына қатынау үшін таксиге тапсырыс беру қажет. Ол

үшін қонақ үй консержінің қызметін пайдалануға болады. Ал ақшаңызды үнемдегіңіз келсе, таксиді өз бетіңізше іздесеңіз болады. Қонақ үйден шығып, айналаңызға көз жүгірсеңіз жетіп жатыр. Таяу жерде бір топ такси жүргізушілері тұрады. Бір



мекенжайға жету үшін, таксиді бір күнге немесе бірнеше күнге жалдап алу үшін, тіпті басқа қалаға барып келу үшін бағасына бірден сол жерде келісе аласыз.

Үндістанның өзі жасап шығарған Амбассадор мәшинесін таңдасаңыз, тамаша әсерге бөленеріңіз анық! Айтпақшы, жергілікті халық ағылшын тілінде еркін сөйлейді, өйткені ол мемлекеттік тіл болып саналады. Тек олардың сөйлеу ерекшеліктеріне үйренсеңіз болды.

Қаламен жақын танысу үшін бірнеше киелі орындар мен ескерткіштерден өтетін бағытты таңдадық.

ВИШНАДА ҚОНАҚТА

Саяхатымыз әуежайға жақын жерде орналасқан Кутуб Минардан басталды. Бұл саяхатшылар ғана



емес, үнділердің өздері де жиі бас сұғатын Делидің ең керемет жерлерінің бірі, діни ғимарат. Кутуб Минар мұнарасы сан ғасырлар бойы құламай тұрған үнділік діни ғимараттар орын тепкен мекенде орналасқан. Солардың қатарында Вишна құдайының ғибадатханасы да бар. Мұсылмандар олардың құрылысының негізінде сәулетті мешіттер тізбегін салған.

Кутуб Минардан бөлек мұнда салмағы алты тоннаны құрайтын биіктігі жеті метрден сәл асатын темір бағана бар. Кейбір ақпарат көздеріне сенсек, бұл темір бағана біздің эрамызға дейінгі 895 жылы металдан құйылған екен. Бірақ осы күнге дейін темір бағананың тот басып шірімей қалай

сақталғаны жұмбақ! Бұрын бағананы қолмен ұстап, құшақтауға да болатын. Қазір оны темір шарбақпен қоршап қойған, ұстауға болмайды.

ҚЫЗЫЛ ФОРТ

Біздің келесі аялдамамыз – Қызыл Форт. Бұл жерге жету үшін көптеген саудагерлердің арасынан өтуге тура келді. Сауда сөрелеріне көз жүгіртіп, сатушылармен сөйлескен де бір қызық. Көненің көзіндей болған дүниелерге қызығатындар бұл жерден не бір нәрселер табыр анық. Бір зергерлік дүкеннің қожайыны нумерологияның білгірі дерсіз. Келуші келіссе болды, оның өткені мен болашағын болжап айтып, әртүрлі жайлардан сақтанып жүруіне кеңес береді. Мұны ол тегін айтып береді, бірақ алғыс ретінде оның дүкенінен құр қол шықпауыңыз шарт. Құмнан жасалған атақты Қызыл Форт қорғанын 1648 жылы аты аңызға айналған монғол билеушісі Жахан шах салғызған екен. Алайда ол бұл жерге көшіп келіп үлгермеген. Жолда өз туған ұлы Аурангазеб бұрып алып, Агра қаласында тұтқында ұстаған. Аурангазеб осы бекіністе тұрған алғашқы және соңғы император болды. Кейін қорған еңіс тартып, мүжіле бастады. 1857 жылғы тәуелсіздік үшін соғыста британдықтар үлкен қамалды әскер бөлімшелерінің ұсқынсыз казармаларына айналдырды.



Үндістан қақпасының гвардияшылары


Қызыл Фортқа саяхатшылар азайған кезде, яғни таңертең немесе кешке келуге кеңес беремін. Күн батқан кезде мұнда түрлі түсті музыка қойылымы болады.

Фортқа таяу жерде ескі Дели қақпасы бар. Біз оған баламен баруға тәуекел етпедік. Өйткені ол ауданда саудагерлерден, қайыршылар мен кедейлерден аяқ алып жүре алмайсыз. Көшеде тамақ сататындар, түрлі бұрыш, дәмдеуіш саудалаушылар мен басқалардан өткір де жағымсыз иіс мұңкіп тұрады.

Келесі күні Үндістан қақпасы мен Президент сарайына соққан соң біз Акшардхам ғибадатханасына жол



Дели. Кутуб Минар.



Ғасырлар қойнауынан жеткен даналық

жүрдік. 2005 жылы тұрғызылған бұл кешен әлемдегі ең үлкен индуистер шіркеуі ретінде Гиннестер рекордтар кітабына енген.

АЛУАН ТҮРЛІ АГРА

Нью Делидегі екі күн серуеніміз аяқталып, біз Аграға аттандық. Алдын ала желдеткіші бар көше таксиімен келіскен едік. Ой-шұқыры көп нашар жолмен жеткенше 6 сағат өтті. Жол бойы сиырлар мен адамдар, ағаш тиелген жүк арбалар, шалшық суға қолын жуған балалар жүрген елді мекендерді басып өттік... Көліктің терезесінен үнділердің өмірін тани бастадық. Бірінің үйі - сиырдың жапасынан қаланған жаман лашықтар болса, енді бірінікі - заманауи зауыттар мен фабрикаларды, зәулім бизнес кешендерін еске түсіретін виллалар.

Аграда екі күн аялдадық. Жахан шахтың сүйікті жұбайы Мұмтаз Махалға арнап ақ мәрмәрден соқтырған әйгілі Тәж-Махал кесенесі мен туған ұлының кесірінен қамалған Жахан шахтың тұтқын үйі, сондай-ақ Ұлы моғолдар империясының үшінші билеушісі Ұлы Акбардың (Жахан шахтың атасы) мазарына бардық. Кешкісін Аграда серуендейтін жер жоқтың қасы, сондықтан қонақ үйде тынығып,

саяхатымыздың келесі күніне дайындалдық.

ҚЫЗҒЫЛТ ҚАЛА

6-7 сағатта көлікпен жүйткіп отырып, қала ғимараттарының қабырғалары қызғылт түспен боялғандықтан «қызғылт қала» атанып кеткен Джайпурға жеттік. Бірден бір-біріне керағар көріністерге тап болдық.



Тарихи ескерткіштер мен жарқ-жүркеткен заманауи ғимараттар, зергерлік дүкендер, бесжұлдызды қонақүйлер мен сіңірі шыққан кедейлер, қайыр сұраған балалар, автокөліктің сан-алуан түрлері, қаланың орталығында пілмен, түйемен жүк тасыған адамдар, еркін жайылған

сиырлар алғашында кері әсер туғызатыны анық. Бірақ кейін бұған да етің үйреніп, сен де сол ағынның бір бөлігіне айналып кете барасың. Джайпурда серуендеу Агра қаласындағыдай жүйкесі әлсіздерге оңай тимейді. Сондықтан да такси қызметін немесе жергілікті адам таситын екі дөңгелекті арбалар – рикшаларды пайдалануды ұсынар ем.

Джайпурдағы екі күн төрт бірдей қаланың көрікті жерін тамашалауға жетті.

Хава Махал мен Желдер сарайы - 1799 жылы қызғылт түсті құмнан салынған махарадж Савай Пратап Сингхтың сарай кешенінің бес қабатты гаремдік қанаттары. Ғимараттың алдыңғы беті аптап ыстықта сарайдың ішін желдетіп салқындатуға арналған 953 ұсақ терезе тәрізді тесіктермен безендірілген.

1592 жылы тұрғызылған Форт Амбер Джайпурдан 11 шақырым биіктегі дөң үстінде орналасқан. 1037 жылдан 1727 жылға дейін сол кезде билікте болған Каччава династиясының астанасы еді. Кейін астанасы Джайпур қаласына ауысқан. Форт Амбер өзінің көркем стилімен, үндістер мен монғолдардың сәулеттік қалыптарының өзара үйлесімділігімен көз тартады. Фортқа жау да, көлікпен де көтерілуге болады.



Джайпур. Желдер қақпасы.

Бірақ пілге мініп шыңға көтерілу бәрінен қызық!

1726 жылы Форт Амберді қорғау мақсатында салынған сарай кешенді Джайгарх форты жақын орналасқан. Екі форт та бір тұтас қорғаныс жүйесі боп саналған және жерасты өткелдерімен өзара қосылған.

Ман Саробар көлінің жағалауынан біз көлдің қақ ортасында орналасқан су сарайы – Джал Махалды

тамашаладық. Өкінішке қарай сарайға бару бұйырмады. Муссон маусымында көлдің суы көтеріліп, сарайдың төрт бірдей қабаты су астында қалады екен.

Джайпурда қыдырып болып, біз Нью Делиге жылжыдық. Тағы да жеті сағатты көлік ішінде өткізіп, басқа өңірлік қалалардан салыстырмалы түрде тазалығымен, қайыршыларының аздығымен, көшедегі жағымсыз иістің жоқтығымен, сауда жасау мәдениеті қалыптасқандығымен көш ілгері тұрған астанаға жеттік.

Үндістан бір қалыпты ел емес, мұнда бәрі аралас. Соған қарамастан бұл ел өзіне тартып тұрады, таңғалдырады және жібергісі келмейді... Қызым бұл саяхаттың оған қатты ұнағанын, бірақ қайтадан осы елге оралғысы келмейтінін айтты.

Егер Сіз Үндістанға жиналсаңыз, осынау таңғажайып елде ештеңе сіздің көңіліңізді түсірмесін десеңіз, кейбір сақтық шараларын есіңізден шығармаңыз:

- Тек бөтелкедегі суды ішіңіз. Газдалған болса тіпті жақсы.
- Балғын жеміс-жидектер мен көкөністерді жеменіз. Көкөністер пісіріліп дайындалған (бұқтырылған, қуырылған, қысқасы - термиялық өңдеуден өткен) болуы тиіс. Ал жемістердің өзіңіз арши алатын қабығы барын ғана пайдаланыңыз.
- Тісіңізді тазалағанда бөтелкедегі суды қолданыңыз. Ал жуынған кезде суды жұтып қоймауға тырысыңыз.
- Ешқашан мұз қосылған сусын ішпеңіз. Даяшыға мұны ескертіңіз. Коктейль, шырын немесе виски тапсырыс берген кезде, «мұз қоспаңыз!» деген тіркесті міндетті түрде айтқаныңыз жөн.
- Егер сізді еуропалықтардың талғамын білетін жергілікті тұрғын арнайы шақырмаса, сол жердегі мейрамхана, дәмханаларға бармаңыз. Қонақүйде тамақтанған абзал.
- Өзіңізбен бірге бір реттік шұлық ала жүргеніңіз жөн. Кез келген жергілікті ғибадатханаға кірерде аяқ киім шешуге міндеттісіз. Адамның көптігін, әртүрлілігін ескеріп, өз аяғыңыздың қауіпсіздігіне мән бергеніңіз дұрыс.
- Сақтық шарасы ретінде тамақ жер алдында бір жұтым виски ішіп жіберсеңіз болады.

Дегенмен біраз уақыт өте «Тағы бір мәрте Үндістанға барып қайтпадық па? Мысалы, Кашмирге?» деп бір айтып қалғаны бар. ■

Анна Волина



Үндістан жолдарында



Күнде мерекелік киіммен жүру - қалыпты



Джайпур. Су сарайы



Біз КҚК жобасы аясында кездестік

СӘЛЕМЕТСІЗДЕР МЕ? ЕСІМІМ КСЕНИЯ. КҚК ЖОБАСЫ АЯСЫНДА МАХАББАТЫМДЫ КЕЗДЕСТІРГЕНІМ ЖАЙЛЫ ЖӘНЕ ӨМІРІМНІҢ БАСҚА ДА ҚЫЗЫҚТЫ ТҰСТАРЫМЕН БӨЛІСКІМ КЕЛЕДІ.



Сібірде туып өстім. Санкт-Петербург қаласында құрылысшы-инженер мамандығы бойынша жоғары білім алып, Ресейдің орталық құрылыс алаңдарына аттандым. Усть-Луг МАС газ кешенінің құрылысына, Мәскеу-Санкт-Петербург жедел автомагистралін салуға, № 4 Череповецк энергоблогының құрылысына қатыстым. 2013 жылдың қаңтарында тағдыр мені КҚК мұнай құбыры жүйесін кеңейту жобасына жетелеп әкелді.

«Теңіз» терминалының резервуар паркінде мен «Континент» ЖШҚ ӨТБ-де инженер болып қызмет еттім. Жұмысыма ғана емес, Қара теңіз жағасында орын тепкен сұлу қалаға да ғашық болдым. Біздің ұжым жоба аясында өз міндетін аяқтағанда, осы жақта қалғым келіп, басқа нысанға ауыстым. Қазір КҚК-дан тыс жерде еңбек етудемін.

Енді жеке өмірім жайлы. 2014 жылдың жазында Новороссийск жағалауында құрбым екеуіміз қыдырып жүрдік. Кенет сымбатты жас жігіт маған жақын келіп, танысысы келетінін айтты. Мен ыңғайсызданып танысудан бас тарттым. Кейін оған өкіндім.

Арада біраз уақыт өткен соң маған ғаламтор арқылы Юрий есімді азамат хат жазды. Екеуіміздің ортақ қызығушылықтарымыз бар екен. Мысалы, музыка, кино, өнер, саяхат т.б. Ол аздай КҚК теңіз терминалы резервуар паркінің құрылысындағы жұмыс кеңселеріміз де көрші орналасқан екен. Кейін Юраның сол күні жағалауда менімен танысысы келген жігіт екенін білдім!

Тағдыр жолы таңғаларлық қой! Юрий Трибулкин Брянск қаласында техникалық үрдістерді автоматтандыру мамандығы бойынша техникалық университетті тәмамдаған соң бүкіл Ресейді шарлап шығыпты. 2014 жылы «Арнайы электромеханика» ЖАҚ фирмасының құрамында КҚК резервуар паркінің құрылысына жолдамамен келген екен.

Таныстығымыз достыққа ұласты. Юра бойжеткеннің көңілін қалай табуды біледі екен. Подъезді гүлмен көмкеріп, жағалауда отпашулар ұйымдастыратын. Қолымыз босай қалса орманда қыдырып, музыка тыңдайтынбыз. Мен Юраға блюз, блюз-рок жанрындағы әуендер, фильмдер, жалпы өнер жайлы айтсам, ол маған өзі оқыған кітаптары, тарихи оқиғалар мен саяхаттаған елдері туралы әңгімелейтін.

Бізге бірге жүрген ұнайтын. Ажырағымыз келмегені соншалық, осы жерде қаламыз деп шештік. Юра Брянсктегі кеңсеге шақыру алды. Басшы қызметі ұсынылды. Алайда екеуіміз де бұл жақтан кеткіміз келмеді. Ол кезде Юра КҚК жедел қызметінде қажетті жабдықтарды тасымалдау жұмыстарымен айналысатын. Кездейсоқ жаңа жұмыс орындарының ашылғанын естіп қалдық. Түйіндеме қабылдаудың соңғы күні екен. Бағымызға орай жолымыз болып 2015 жылы Юра КҚК-на жұмысқа қабылданды.

Бүгінде ол МӨК-8 ӨҚБЖА-да техник болып еңбек етеді. Бұған Юрадан бұрын мен қатты қуандым десе болады. Өйткені маған о бастан КҚК-ның өз қызметкерлеріне қатысты саясаты қатты ұнайтын. Юра үшін қуанғаным да сол.

Жанымызда ағайын-туысымыз болмаса да, Новороссийск – біз үшін жайлы мекен. Санкт-Петербург және басқа да үлкен қалаларда шығармашылық мүмкіндіктер мол болғанымен оларда таза ауа, тыныштық, толқынмен таласқан дельфиндері бар теңіздің тамаша табиғаты жоқ. Біз осы жерде өз ортамызды, жаңа достарымызды таптық. Олардың біразы біз сияқты әр тараптан келгендер. Олар да отбасын құрған, бүгінде үбірлі-шүбірлі.

Қыркүйекте Юра екеуіміздің тойымыз өтті. Нағыз романтикалық кеш болды! Туыстарымыз, әріптестеріміз, достарымыз келді. Мереке Натухаевскта, оңтүстікке лайық мамыражай табиғат аясында өтті. Ауылдың әдемі пейзажы, жанды дауыстағы әдемі әуен... Кешті өз қолымызбен әшекейлеп, безендірдік. Красноярскден де келген туыстарымыз тойдың қамына бел шеше кірісіп, көмектесті.

Той күні ауа райы тұнжырап тұрды. Бірақ жаңбыр жаууға асықпады. Біз де далада армансыз қыдырдық. Тек соңына қарай «отбасы шырағын» жаққан кезде ғана нөсер құйды. Бірақ достарымыз әп-сәтте жамылғыдан бізге «шатыр» жасап, соған бәріміз жасырындық. Мерекенің әдемі түйіні де осы болды. Достарымыз бен туыстарымыз Юра екеуімізге «ошақтарыңның оты сөнбей, өмір бойы бірге бақытты болыңдар» деген тілек айтты. Лайым солай болғай! ■

Ксения Потылицына

Таңдау еркі

ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА ЖАНЫҢ ЕРЕКШЕ ДҮНИЕНІ АҢСАЙДЫ. ҒАРЫШТАН БІР ҒАЖАЙЫП КЕЛЕТІНДЕЙ, ЖҰЛДЫЗДАР ЖҰМБАҚ ЖАСЫРАТЫНДАЙ... КҮЙКІ ТІРЛІКТІ ЫСЫРА ТҰРЫП, РУХАНИ ӘРІ МӘҢГІЛІК ТАҚЫРЫПТАРДЫ ҚОЗҒАЙЫҚ БІР СӘТ. БҮГІН БІЗДІҢ ОШАҒЫМЫЗДА ЕРЕКШЕ АДАМ ИРИНА ЭЙР ҚОНАҚТА.

Біздің қонағымыздың атақ-дәрежесі сан түрлі: белгілі астропсихолог, түбегейлі өмір жаттықтырушысы, «Балаларды саналы түрде дамыту мектебі» жобасының басқарушы серіктесі, прозашы, ақын, публицист, ЮНЕСКО-ның «Адам Мицкевич атындағы», РФ Мәдениет министрлігінің «М.Ю.Лермонтовтың 200 жылдығы» медальдарының иегері. Айтпақшы, Ирина Эйр – бұрын әріптесіміз болған. – Мұнай саласындағы өмірбаяныма келсек, мен мұнай-газ кәсібін басқару бойынша маманмын, – дейді ол. – Ірі халықаралық компанияда 10 жыл жұмыс істедім. Қосымша кітаптар жазып, астропсихологиямен шұғылдандым. Уақыт өте келе, қызығушылығым деп қана жүргенім өзіме қуаныш пен кәсіби рахат сыйлайтынын түсіндім. Солайша жаңа жолға түстім. Енді адамдарға жағымсыз эмоциялардан арылуға болысып, бақытты, дарынды, еркін әрі табысты адамдардың жаңа буынын қалыптастыруға көмектесемін.

– *Ирина, астрологиялық жұлдызнаманың адам жайлы ғана емес, тіпті кәсіпорын туралы да көп дүние «айта» алатыны рас па?*

– Әуелі терминологияны нақтылап алсақ. Мен жұлдыз жорамалдарға үзілді-кесілді қарсы адаммын. Өйткені болашақты болжау осы шақтағы шешім қабылдау еркіндігін бұғаттап тастайды. Ал астропсихология болса, адам бұл өмірге немен келді, қандай қабілеті бар, қандай қиындықтары күтіп тұр, маңдайына не жазылған, жеке өміріндегі негізгі міндеттер қандай деген сияқты болмыстың сыртқы факторлары туралы айтады. Коучинг болса – түйсікпен сырласу – бұл ішкі фактор. Олардың бірігуінен Өзіңді, өз жолыңды, кәсіби және жеке өмірдегі орныңды тануға мүмкіндік береді. Былайша айтқанда, адамның «қолдану нұсқаулығы» сияқты. Өз өміріңе жауапкершілікті толық қолыңа аласың да күнделікті саналы таңдау жасайсың. Бал ашумен айырмашылықты көріп тұрған боларсыз? Кәсіпорынға келер болсақ, мұнда да солай – кәсіпорынның құрылған күні планеталардың қалай орналасқанына қарап дамудың анағұрлым үйлесімді жолдарын қарауға болады. Мұнда да сол «нұсқаулықты» беруге болады. Бұл жолы да мен тағдыр туралы емес, компания дамуының әлдеқайда тиімді жолдарын айтып тұрмын. Бірақ ол үшін компанияның «туған күнін» минутына дейін білген дұрыс.

Кәсіпорын деген – ортақ мақсатқа топтасқан, түрлі функцияларды атқаратын адамдар. Бұл тұрғыда компанияның жетістігі, астрология тілімен айтсақ, адамдарына байланысты.

Мысалы, мұнай саласына келер болсақ, онда жердің ауыр энергиясы бар. Бұл жаңғыру, өмір мен өлім энергиялары. Әсіресе ауа стихиясының адамдарына бұл ортада жүру өте оңай емес.

– *КҚК ұжымы – көпұлтты. Менің естуімше, Жер шарында әр ұлтқа ерекше міндет жүктелген...*

– Әр халықтың өз тарихы, тәжірибесі, қасиеті бар. Ал бұлар солардың өкілдеріне бейсана дариды. Әр адам (немесе рухани дүние туралы айтқандықтан жан дейік!) дүниеге келетін күнін, уақытын, жерін өзі таңдайды. Солайша планеталардың әсер етуін де таңдап алады. Жан өз мақсаттарын тиімді шешу үшін жынысын, елін және халқын таңдап алады. Бір компанияда бірнеше халықтың бас қосуы – технология, қаржы, кәсіби сараптама тіліндегі серіктестік қана емес, тамыры тереңге тартқан бейсана деңгейдегі қарым-қатынас деуге болады. Бұл бір уақытта өзара байыту да, қиындық та. Дәл сол үшін ірі халықаралық компаниялар түрлі халықтардың

дәстүрлері мен түсініктерін жақындастыру бойынша ішкі ұжымдық мәдениет мәселелеріне баса мән береді.

– *Біздің тағдырларымыз планеталардағы жағдайларға байланысты. 2017 жыл қандай болады?*

– Мен болжамаймын. Бұл – менің басты ұстанымым. Кез-келген болжамнан кейін, сіз оған мән бермесеңіз де, санада белгілі бір түсініктер мен бағдарламалар қалыптасады. Бұған қоса болжамның қуаты оның пайда болған кезінде ғана болады. Адамдардың күнделікті мүмкіндіктер атты сан түрлі соқпақтардан бір ғана жолды таңдайтынын естен шығармау керек. Бір ғана маңызды шешім бүкіл тарихты өзгертіп жіберуі мүмкін.Әлем ғаламат өзгерістер алдында тұрғанын ғана айта аламын. Бұл екімыңыншы жылдардан бері туған қазіргі заманның балаларынан байқалады. Олардың көпшілігі біз сияқты емес, олар – өте дамыған, көреген әрі ақылгөй. Олар кез-келген дүниеге білімнің түрлі қырынан қарай алады. Мектепте олар тапсырмаларды төтесінен орындайды, бірақ ол әрекеттері бағдарламаға сай болмай, екі алып жатады. Бүгінгі білім беру мен ересектердің сана-сезімдері қазіргі балалардың ой-түйсік деңгейіне жете бермейді.

Дәл осыған байланысты екі нәтижеге келуіміз мүмкін: бірі сананың даму үрдісінде үлкен өзгерістер болуы мүмкін немесе керісінше – толық құрдымға кету. Егер балалар өздерін осы қоғамда еркін сезіне алмаса екінші нұсқасына келуіміз мүмкін. Өйткені қазіргі балалар орасан жасампаз күшке, ғылыми жаңалықтар ашатын әлеуетке ие. Сонымен қоса, олар орасан бүлікшіл, қиратушы күшке де ие. Дәл осындай балаларға арнап біз өз мектебімізді аштық.

– *Алдағы жылы табысқа жету үшін не істеу керек?*

– Табысқа қол жеткізудің және ең бастысы бақытты болудың бірден бір жолы - адам өзін-өзі танып, ешбір сылтаусыз қабылдай білуі қажет. Және тағдырға бой ұсынған адамның кез-келген жылы табысты болады. Алайда табыс дегеніміз – тек күткенің орындалғаны үшін қуану ғана емес. Табыс дегеніміз ол – жүріп өткен жолың, ондағы жиған тәжірибе мен білімің, кезіктірген адамдарың.

Өзімізге шын мәнінде не қажет екенін түсінбей жатып, қалауымызды анықтамай жатып, өзімізді-өзіміз қанша рет алдаймыз!

Осыған байланысты Аяз Атаға хат жазған кезде оған кез-келген жағдайда сіз үшін ең тиімді нұсқасын таңдауына мүмкіндік қалдырыңыз. Ешкім белсенді әрекеттерге тыйым салмаса да, әлемге деген сенімнің болуы аса маңызды. Кей кезде бір істі бастаудан бұрын оған сенудің өзі қиынырақ! ■

Сұхбаттасқан
Екатерина Суворова



Каспий Құбыр Консорциумы: уақыт сынынан өткен халықаралық жоба



КҚК-Р, МӘСКЕУДЕГІ КЕҢСЕ

119017, Ресей, Мәскеу қ.,
Б. Ордынка к-сі, 40 үй, 4 қ., 4-қабат
«Легион-1» бизнес-орталығы
тел.: +7 (495) 745-87-70
факс: +7 (495) 745-87-72
e-mail: Moscow.reception@cpspipe.ru

КҚК-Қ, АСТАНА,

010000, Қазақстан,
г. Астана,
Қонаев к-сі, 2 үй, 10-қабат
тел.: (7172) 79-92-71
факс: (7172) 79-92-72
e-mail: Astana.reception@cpspipe.ru

КҚК-Қ, ШЫҒЫС АЙМАҚ

060011, Қазақстан,
Атырау қ.,
Сәтпаев к-сі, 34А үй
«Севен Старс» бизнес-орталығы
тел.: (7122) 76-15-99, 76-15-35, 76-15-00
факс: (7122) 76-15-91
e-mail: Atyrau.reception@cpspipe.ru

КҚК-Р, ОРТАЛЫҚ АЙМАҚ

414000, Ресей,
Астрахань қ.,
Киров к-сі / Красного Знамени, 24А/10 үй
тел.: +7 (8512) 31-14-00, 31-14-99
факс: +7 (8512) 31-14-91
e-mail: Astrakhan.reception@cpspipe.ru

КҚК-Р, КАЛМЫКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ

358000, Ресей, Элиста қ.,
В.И. Ленин к-сі, 255А үй, 608 кеңсе
тел.: +7 (84722) 4-13-89
e-mail: Elista.reception@cpspipe.ru

КҚК-Р, БАТЫС АЙМАҚ

350000, Ресей, Краснодар қ.,
Буденный к-сі, 117/2 үй
тел.: +7 (861) 216-60-00
факс: +7 (861) 210-35-51
e-mail: Krasnodar.reception@cpspipe.ru

КҚК-Р, СТАВРОПОЛЬ АЙМАҒЫ

355000, Ресей,
Ставрополь қ.,
Рылеев к-сі, 7 үй, 208 кеңсе

КҚК-Р, ТЕҢІЗ ТЕРМИНАЛЫ

353900, Ресей, Краснодар аймағы,
Новороссийск қ., Приморский округі,
Теңіз терминалы
тел.: +7 (8617) 64-25-52
факс: +7 (8617) 64-25-51
e-mail: MarineTerminal.reception@cpspipe.ru

КҚК-Р, НОВОРОССИЙСК

353900, Ресей, Краснодар аймағы,
Новороссийск қ., Видов к-сі, 1А үй
тел.: +7 (8617) 61-15-64
факс: +7 (8617) 61-26-90
e-mail: Novorossiysk.reception@cpspipe.ru



Қыс кезінде Новороссийск түбіндегі Теңіз терминалында танкерлерге жүк тиеу. Шығаруға арналған аймақ қондырғыларының арқасында мұнай құюға теңіз толқыны еш кедергі келтіре алмайды

Каспий құбыр Консорциумның қатысуы жөнінде өз пікірін білдірді:

– Қазақстан Президентінің қатысуымен өткен шарадан алған әсерім ерекше! Ширек ғасыр бұрын Қазақстан Республикасы өз егемендігін жариялады. Қашаған кен орынының іске қосылуы Тәуелсіздік мерекесінің маңыздылығына сай, сән-салтанатымен аталып өтуде.


Ел басшылығы экономиканың дамуына оң ықпал ететін мұнай саласына ерекше көңіл бөледі. Телекөпірге қатысуға мұнай өндіруші жетекші компаниялар, соның ішінде тасымалдаушылар ретінде біз де бекер шақырылған жоқпыз. Қазақстандық мұнайды тасымалдаудың үш бағытының ең ауқымдысы – біздің Теңіз – Новороссийск мұнай құбыры екенін мақтанышпен айтуға болады. Осылайша КҚК Қазақстанның мұнай саласының дамуында ерекше рөл атқарады. Біздің құбыр жүйесінің өткізу көлемін арттыру арқылы мемлекет сыртқы нарығының аясын кеңейте түседі. Құбыр жүйелерінің қуатын арттыру арқылы біз Солтүстік Каспий кен орындарының белсенді дамуына жағдай жасаймыз.

Телекөпірде КҚК қызметін біздің қызметкерлер абыроймен таныстырып шықты. Әсіресе «Атырау» мұнай айдау станциясы алаңынан Президентке баяндама жасаған Сәрсембай Мұрыновты ерекше атап өтуге болады. Қашаған мұнайына арналған біздің жаңа есептеу торабымыздың үздік жұмысы көрсетілді, - деп мақтанышпен атап өтті Николай Горбань.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЗОР

КҚК құбыр желісі жүйесінің дамуы Теңіз – Новороссийск мұнай құбыры басып өтетін барлық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына оң әсер

беруде. 2016 жылдың 6-шы желтоқсанында «Каспий Құбыр Консорциумы – Қ» акционерлік қоғамы және Атырау облысының әкімдігі ынтымақтастық туралы келісімді 5 жылдық мерзімге бекітті. Құжатқа КҚК Бас директоры Николай Горбань мен Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев қол қойды.



КҚК мен Атырау облысының әкімшілігі арасында келісімге қол қойылды

Бекітілген келісім тараптар арасындағы ынтымақтасты одан әрі дамытуға, Атырау облысының қаржы-экономикалық әлеуетін, инвестициялық ахуалы мен аймақ тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға, әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға жағдай жасауға мүмкіндік береді. Консорциум ауқымды әлеуметтік жобаларды белсенді жүзеге асыруды, демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуді одан әрі жалғастырады.

Қол қойылған құжатқа сәйкес, білім беру, денсаулық сақтау, дене шынықтыру және спорт, экология, сонымен қатар, тұрғындардың әлеуметтік әлжуаз топтарын қолдауға арналған шаралар жүзеге асырылады.

– 2011 жылдан бастап КҚК кеңейту жобасы аясында Атырау облысында демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету көлемі 23 млн. АҚШ долларын құрады. Консорциумның негізгі қызметіне келер болсақ, аймақтың әлеуметтік жобаларын қаржыландыру жылына шамамен 2 млн. АҚШ долларын құрайды және болашақта да осы қарқынды сақтауға тырысамыз. Сонымен қатар, бекітілген жоспарларға сәйкес бір ғана мектептен басқа, барлық нысандар пайдалануға берілгенін атап өткім келеді, - деді Николай Горбань.

Осылайша Каспий Құбыр Консорциумы қарқынды дамып келе жатқан егемен ел Қазақстанның сенімді серіктесі болып қала бермек. ■

КҚК Баспасөз қызметі



КҚК Теңіз терминалында қазақстандық мұнайдың танкерге тиелуі

КАСПИЙ ҚҰБЫР КОНСОРЦИУМЫНЫҢ «ПАНОРАМА КҚК» КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚОСЫМШАСЫ



Каспий қайраңындағы «Д аралы»

Қашаған мұнайгазконденсаты кен орнының ресми іске қосылуы КҚК қатысуымен өтті

ҚАЗАҚСТАНДА ҚАШАҒАН КЕН ОРНЫНЫҢ РЕСМИ ТҮРДЕ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ 2016 ЖЫЛДЫҢ 7ШІ ЖЕЛТОҚСАНЫНДА ӨТТІ.



Республиканың мұнайлы астанасы – Атырау қаласында өткен шараға телекөпір арқылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, сондай-ақ мұнайгаз саласының ірі компанияларының басшылары қатысты. Салтанатты жиында Каспий Құбыр Консорциумы атынан Бас директор Николай Горбань мен КҚК Бас директорының орынбасары Қайыргелді Қабылдин болды.

ПРЕЗИДЕНТ МАҚТАНЫШЫ

– Мен бүгін Қазақстанның, Консорциумның, барлық мұнайшылардың атынан әлемдегі ең ірі кен орындарының бірі – Қашағанның іске қосылуын мәлімдеймін. Және барлық қазақстандықтарды осы

жетістікпен құттықтаймын. Қашаған кен орыны халқымызға қызмет етеді және біздің еліміз үшін осы іске техникаларын салып, жан-тәнімен ат салысқан компанияларға үлкен пайда әкеледі. Ал біз оларды қолдап, одан әрі жұмыс істей беретін боламыз. Біз құрлықтың қақ ортасында орналасқан елміз. Біздің теңіздерге тіке жолымыз жоқ болса да құбырлар арқылы теңіздер мен мұхиттарға жол аштық. Біздің еңбегіміздің жемісі осы, - деді мақтанышпен Нұрсұлтан Назарбаев.

ҚАШАҒАН АРИФМЕТИКАСЫ

Телекөпір барысында Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Қанат Бозымбаев Қашаған »



кен орнынан мұнай өндіру жайын баяндады. Оның айтуынша, кен орнында өндірілетін қор - 2 миллион тонна мұнай мен 1,5 трлн текше метр газды құрап отыр. Министр 2016 жылдың 1 қарашасында Қашағандағы мұнай өндіру көлемі тәулігіне 75 мың баррельден асып, коммерциялық деңгейге шыққанын жариялады. Қазіргі уақытта мұнай өндіру көлемін ұлғайту мақсатында тәулігіне 180 мың баррель деңгейін тұрақтандыру жұмыстары жүруде.

– Биылғы жылдың соңына дейін 1 миллион тонна мұнай мен 680 миллион текше метр газ, 2017 жылы - 8,5 млн. тонна мұнай мен 5,5 млрд. текше метр газ

өндіру жоспарланған. Одан кейінгі жылдары мұнай өндірісін 13 миллион тоннаға және газ өндірісін 9 млрд. текше метрге дейін көбейту жоспары бар», - деді Қанат Бозымбаев.

«D APALY»

Қазақстанның Энергетика министрінің баяндамасынан кейін телекөпірге Қашаған көмірсутектерін өндіру мен тасымалдауды

жүзеге асыратын нысандар қосылды. Салтанатқа қатысушылар Каспий қайраңында орналасқан «D аралы» аса ауқымды жоғары технологиялық құрылысымен танысты. Онда мұнайды жинақтау мен газды бастапқы бөліп алу үрдісі жолға қойылған.

Болашақ шикізат өңдеу зауытының баяндамашысы телекөпір қатысушыларына Қашаған мұнайының алғашқы партиясы 2016 жылдың 14ші қазанында алғашқы рет экспортталып, қазіргі таңда КҚК және «ҚазТрансОйл» мұнай құбырлары арқылы өнеркәсіптік көлемде тасымалданып жатқанын айтты.



Атырауда телекөпір өтті. Естелік сурет

КҚК НЫСАНДАРЫНДА

Телекөпір, Каспий Құбыр Консорциумының өнеркәсіптік нысандарынан тікелей байланысқа шығумен жалғасты. Қашаған мұнайын қабылдау үшін «Атырау» мұнай айдау станциясында №9 есептеу торабы қосылды. Бұл МЕТ өнімділігі сағатына 3000 м³ құрайды. Оның бұл көрсеткішті екі есеге арттыру мүмкіндігі бар.

Бүгінгі таңда «Атырау» мұнай айдау станциясының есептеу тораптары арқылы Қашаған және Қарашығанақ кен орындарының мұнайы қабылдануда. Оған шикізат жеткізушілер қатарында Ембімұнайгаз, Өзенмұнайгаз, Қазақ Ойл Ақтөбе, Саутс Ойл және Матен Петролеум бар.

«Атырау» мұнай айдау станциясы қызметкерлерінің саны 48. Кеңейту жобасын жүзеге

«Болашақ» зауыты

асырғаннан кейін бұл жерде қосымша 9 жұмыс орны ашылды.

Өндіріс орынында жүрген «Каспий құбыр Консорциумы» АҚ аймақтық менеджері Сәрсембай Мұрынов шара қатысушыларына телекөпір өткізу кезінде ғана КҚК мұнай құбырлары арқылы 500 мың тоннадан астам Қашаған мұнайы айдалғанын жеткізді. Содан кейін ол Нұрсұлтан Назарбаевқа құттықтау сөздерін жолдады: «Құрметті Президент мырза, Сіздің тікелей қатысуыңызбен құрылған Консорциум бүгінде әлемнің ең мықты мұнай құбыры жобаларының бірі болып саналады!»

«Каспий Құбыр Консорциумының құрылысы үшін мен Ресейдің басшылығымен 6 жыл жұмыс жасадым. Ол кезде Қашаған әлі болмаған...» - деді Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев.

Ол Қашағаннан мұнай тасымалдау үшін КҚК мұнай құбырының өткізу қабылетін 67 млн. тоннаға дейін жеткізу шарасының маңызы зор екенін айтты.

«Сіздер қазір үлкен жауапкершілік артылған маңызды нысанда тұрсыздар. Сіздерге сәттілік серік болсын!» - деп Нұрсұлтан Назарбаев Консорциум ұжымына тілегін жолдады.

Телекөпір аясында Новороссийск түбіндегі КҚК Теңіз терминалы қосылып, жақында жөндеуден өткен Консорциумның мұнай құбыры жүйесін басқаратын негізгі орталық көрсетілді. Телекөпірге қатысушылар қазақстандық мұнайды бортында «Қазақтеңізкөлікфлоты» деген жазуы бар сыйымдылығы 115 мың

тоннаны құрайтын танкерлерге тиеліп жатқанын өз көздерімен көрді. Мұнай жағадан 5,5 шақырым алшақ жерде арнайы құрылғы арқылы тиеледі. Дәл осы жерден қазақстандық мұнай әлемдік нарыққа жол тартады.

Арнайы дайындалған бейнесюжетте мұнайдың Каспийдегі Болашақ зауытынан КҚК-ға тиесілі Теңіз – Новороссийск мұнай магистраліне дейін одан әрі Консорциумның Қара теңіздегі терминалына дейінгі тасымалдау бағдары айқын көрсетілді. Қазақстандық сарапшылар КҚК ұзындығы 1,5 мың шақырым болатын магистралды құбыр салу және пайдалануға беру үшін Қазақстан мен Ресей және жетекші әлемдік мұнай өндіруші компаниялар қатысқан аса ірі халықаралық мұнай тасымалдаушы жоба деп атап өтті.

МЕРЕЙТОЙҒА СЫЛЫҚ

Қашағаннан коммерциялық мұнай өндірудің басталуына арналған телекөпірдің Қазақстанда кеңінен аталып өтіп жатқан Республика Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында өткізілуінің өзіндік мәні бар. Телекөпір алаңында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ел экономикасының мықты іргетасы саналатын, белсенді дамып келе жатқан мұнай-газ саласының барлық жұмысшыларына өз ақыл-кеңесін айтты.

КҚК Бас директоры Николай Горбань Қашағанның іске қосылуына байланысты өткен телекөпірге »



Желтоқсан айында Атырау қаласында КҚКның қатысуымен өткен шаралар БАҚ-та көпшіліктің зор қызығушылығын тудырды



Телекөпірге қатысқан «Атырау» мұнай айдау станциясының қызметкерлері



...Қазақстанның мұнайлы астанасы – Атырау қаласында